

А.С. АҚТАНОВА, А.Қ. ЖУНДИБАЕВА

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық

7

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 83.3(5 Каз)я72

А 37

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:



– сұрақтар



– есте сақтап, жатқа меңгеру



– тыңдау арқылы тапсырмаларды орындау



– Нұрасыл



– Ләйлә



– жұппен орындайтын тапсырмалар



– топпен орындайтын тапсырмалар

Ақтанова А.С., Жундибаева А.Қ.

А 37 Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық/А.С. Ақтанова, А.Қ. Жундибаева. – Алматы: Атамұра, 2017. – 176 бет.

ISBN 978-601-306-756-8

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 83.3(5 Каз)я72

ISBN 978-601-306-756-8

© Ақтанова А.С., Жундибаева А.Қ., 2017

© «Атамұра», 2017

Бөлімі	Шығарманың атауы	Авторы	Жанры	Теория
Сөз басы				
Көне күндерден жеткен жәдігерлер	«Қыз Жібек» жыры	халық	лиро-эпостық жыр	түйдек, троп түрлері, айшықтау
	«Күлтегі» жыры	халық	жыр (батырлар жыры)	ассонанс, аллитерация
	«Еңсегей бойлы ер Есім»	Жиенбет жырау	толғау	толғау, жыр, жыршы, жырау
	«Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»	Қазтуған жырау	толғау	монолог
Толғауы тоқсан қызыл тіл	«Зар заман»	Шортанбай Қанайұлы	толғау	анафора, эпитафия
	«Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы»	Сүйінбай Аронұлы	айтыс	айтыс
	«Зілді бұйрық»	Жамбыл Жабаев	жыр	өлең құрылысы
Балалар мен үлкендер	«Батыр Баян»	Мағжан Жұмабаев	поэма	поэма, автор бейнесі, драмалық тартыс
	«Көксерек»	Мұхтар Әуезов	өңгіме	баяндау, суреттеу, пейзаж
	«Жау тылындағы бала»	Қасым Қайсенов	повесть	кейіпкер бейнесі, пейзаж
	«Тәмшіш қара»	Сансызбай Сарғасқаев	повесть	диалог
Ұрпақ тәрбиесі	«Нарыңқұм зауалы»	Мұхтар Шаханов	баллада	өлең сюжеті
	«Тәуелсізбін»	Темірхан Медетбек	өлең	ұйқас, буын, бунақ, тармақ
	«Қонақтар»	Төлен Әбдік	өңгіме	кейіпкер мінезі, психологизм
	«Ескерткіш»	Александр Пушкин	өлең	лирикалық қаһарман



СӨЗ БАСЫ



: – Сәлем, Ләйлә!



: – Оқу жылының басталуымен құттықтаймын!



: – Біз екеуіміз алдыңғы сыныпта көркем әдебиеттің ерекше асыл мұраларымен таныстық.



: – Сан алуан әдеби-теориялық ұғымдарды меңгеріп, көркем шығарманы талдауды да үйрендік. Осы оқу жылында да әдебиет әлемінің жаңа белестерін игеріп, білімімізді толықтырамыз.



: – Дұрыс айтасың, Ләйлә! Биылғы әдебиет әлеміндегі сапарымызға сәттілік тілеймін!



: – Қайырлы күн, Нұрасыл!



: – Рақмет, Нұрасыл! Жаңа оқу жылында табыс тілеймін!



: – Иә, көптеген көркем шығармаларды оқыдық. Әдебиеттің асыл сөз екендігін түсіндік.



: – Халық ауыз әдебиетінен бастап қазіргі қазақ әдебиетіне дейінгі аралықтағы мол мұраны танып-білу мүмкіндігін жіберіп алмайық.



: – Әдебиет айдынында бірге жүзейік, достар!



КӨНЕ КҮНДЕРДЕН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕРЛЕР



: – «Жәдігер» сөзі ескіден қалған мұра, көне құндылық дегенді білдіреді. Құндылықтар *рухани құндылық* және *материалдық құндылық* деп екіге бөлінеді. Әдеби жәдігерлерге көне заман әдебиетінің мұралары жатады. Әдеби жәдігер – рухани құндылық. Олай болса, халық ауыз әдебиетінен бастап, әдебиет тарихының әр кезеңіндегі көне көркем шығармалардың барлығы әдеби жәдігерге жатады. Солардың ішінде лиро-эпостық жырлар да әдеби жәдігерлерге жатады.



: – Иә, Нұрасыл, лиро-эпостық жырлардың батырлар жырынан айырмашылығы – сезімге, махаббат тақырыбына құрылады. Лиро-эпостағы басты тартыс батыр жігіттің сүйген қызына қосылуы үшін болады. Лиро-эпостық жырларда халықтың тұрмысы мен салт-дәстүрі, наным-сенімі мен әдет-ғұрпы көбірек суреттеледі. Екі жастың бір-біріне деген сүйіспеншілігін жырлайтын эпостарда махаббат сезіміне өртенген қыз бен жігіттің қосыла алмай, трагедияға ұшыраған тағдыры баяндалады. Әдетте, олардың бақытына кедергі болатын нәрсе – ата-аналардың қарсылығы немесе қызға ғашық басқа жігіттің жауыздығы, иә болмаса екі рудың араздығы.



: – Қазақ халқының көне әрі өте көркем жырларының бірі – «Қыз Жібек». Жыр он жетінші ғасырда айтылған. Жыр нұсқалары арасын-

Қазақ халқының лиро-эпостық жырлары екіге бөлінеді:

Қазақ халқының төл туындылары:

«Қозы Көрпеш–Баян сұлу»,
«Қыз Жібек», «Аймап–Шолпан»
т.б.

Шығыс халқы әдебиеті үлгісіндегі жырлар:

«Мұңлық–Зарлық», «Бозжігіт»,
«Жүсіп–Зылиха», «Таһир–Зухра»
т.б.

да айырмашылық аз. Тұңғыш рет Е.А. Александров Мұсабай ақыннан жазып алып, мазмұнын орысшаға қарасөзбен аударған (1880 ж.). ХІХ ғасырдың екінші жартысында татар мұғалімі Фалиолла Тухватуллин Зайсан өңірінен «Қыз Жібек» жырын жинап, 1894 жылы Қазанда бастырған. Сондай-ақ Жүсіпбек Шайхысыламұлы Қазан қаласында 1900, 1903, 1905, 1909, 1911 жылдары қазақ тілінде жариялаған. «Қыз Жібектің» Тухватуллин жинаған нұсқасы 1925, 1933, 1939, 1957, 1967 жылдары басылып шығып, 1958 жылы «Қазақ эпосы», «Казахский эпос» жинақтарында, 1963 жылы «Қыз Жібек» деген атпен қазақ, орыс тілдерінде жарияланды. 1988 жылы орыс тілінде жеке кітап болып шықты.



: – «Қыз Жібек» жырында қазақ халқының өмірі, тұрмысы, кәсіп-тіршіліктері, салт-санасы, елдік, ерлік істері, ар-ожданы мен арман-мақсаты қызықты әрі көркем жырланады. Жыр мазмұнында Базарбай байдың Төлеген атты ұлы 16 жасқа толғанда өзіне жар іздеп, 210 сұлудың арасынан Сырлыбай ханның Жібек атты қызын ұнатқандығы айтылады. Үш ай Сырлыбай ханның елінде болған Төлеген өз еліне қайтпақ болып, сапарға шығады. Бірақ Жібекті қызғанып, жол тосқан Бекежан қапыда Төлегенді өлтіріп, қазасын Жібекке өзі келіп естіртеді. Сол үшін Бекежан өлім жазасына кесіледі. Жырдың 2-бөлімінде хабарсыз кеткен Төлегенді іздеп шыққан інісі Сансызбай қалмақ ханы Хоренді өлтіріп, Шекті елін жаудан азат еткендігі айтылады.



: – 1971 жылы Фабит Мүсіреповтің сценарийі бойынша Сұлтан Қожықов «Қыз Жібек» фильмін түсірді. Төлеген мен Жібек рөлдеріне Құман Тастанбеков және Меруерт Өтекешева таңдалды.



Ғалым пікірі

«Қыз Жібек» жыры – көп заманнан бері ел аузында сақталып келген жыр-эпос. Ол – қазақтың романтикалық, ғашықтық жырлары ішіндегі ең көркемі әрі көлемдісі.

...«Қыз Жібек» жыры шын болған оқиға негізінде туындаған, бірақ дәл қай кезде пайда болғанын кесіп айту қиын. Шамамен айтқанда, «Қыз Жібек» жыры XVII ғасырда туғанға ұқсайды.

...Жырда қоштасу, естірту, жоқтау, арыздасу сияқты салт өлеңдері көп. Осының бәрі жырдың лирикалық қуатын күшейткен. Оқиғаның қызықтылығы мен лиризм бұл жырдың мазмұн, композициясын көркейтеді.

Мұхтар Әуезов



: – Халықтық шығармаларда халық тарихы мен салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы көркем бейнеленеді. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында айтыстың бірнеше түрі кездеседі және естірту, әмеңгерлік¹ сияқты салт-дәстүрлер бар.

Ғалым пікірі

Сөйлетудің бір қысқа түрі – айтыс. Жырда айтыс төрт жерде келеді. Мұның бәрі де қара өлеңмен айтылады. Бірақ мазмұны, қызметі жағынан бұл айтыстар бір-біріне ұқсамайды. Алғашқы айтыс Қаршығаның шатырдағы жағалбайлы жігіттерімен тілдесуіне арналған. Бұл – қуанышты хабарды білдірген айтыс. Екінші жолы Төлегеннің Сырлыбайға жолыққан жерінде қолданылады. Мұнда айтыс құда түсу ниетін білдіреді. Үшінші жолы айтыс түрін Бекежан қолданып, Төлегеннің өлгенін естіртеді. Бұл – қаралы естірту. Төртінші жолы айтыс Шеге мен Жібек арасында жүреді. Бұл қуанышты хабарды білдіреді.

Мұхтар Әуезов



: – Балалар, оқулықта берілген тапсырмаларды және басқа да дереккөзді пайдалана отырып орындаңдар. Дереккөз ретінде энциклопедияларды, зерттеу еңбектерін, интернеттің деректерін ала аласыңдар.

1-тапсырма. Қазақ халқының көне жәдігерлері дегеніміз не? Әдеби жәдігерлерге жататын шығармалар туралы өз пікірлеріңді білдіріңдер.

¹ **әмеңгерлік** – күйеуі қайтыс болған әйелдің күйеуінің бір туысына тұрмысқа шығуы



: Көркем шығарманың адамзат тарихында алатын орны ерекше. Адамның жан-дүниесі көркем шығарманы оқи отырып байиды, адам әрбір шығарманы оқыған сайын рухани қорын толықтырып отырады.



: Әр сөздің өзіндік орны бар. Сөзді орынды пайдалана білу – сөздің мәні. Сөзді ауыстырмай, таза сөйлеу – адамның білімі мен сөз байлығының көрсеткіші.



Шығарманың кейіпкері – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ. Әдеби образ – шығармадағы көркем бейне.

Шығарманың қаһарманы – көркем шығармада жан-жақты толық суреттелетін, негізгі тұлға, *басты кейіпкер*.

Әдеби жанрлар (*французша genre – түр, тек, жанр*) – ауызша және жазбаша жазылған көркем шығармалардың түрі. Шығарма жанры мазмұнына, құрылысына, композициясына және түріне қарай анықталады.

Шығарманың тақырыбы – көркем шығармаға негіз, арқау болған өмір құбылыстарының түйіні.

Шығарманың идеясы (*грекше idea – түсінік, елес, бейне*) – шығарманы жазған автордың айтайын деген негізгі ойы.

Шығарманың мазмұны – шығарманың шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы.

Шығарманың пішіні – әдеби қаһармандардың өзара қарым-қатынасына, өміріне, тағдыр тартысына негізделген сюжеті, көркем шығарманың тілі.

Шығарманың түрі – шығарманың жанрына қарай анықталуы.

Шығармадағы тартыс (*латынша – қақтығыс, айқас, кейде – алауыздық, талас*) – өмірдегі қайшылықтардың шығармада берілуі.



: 2-тапсырма. Лиро-эпостық жырлар мен батырлар жырының арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар? Салыстыру кестесін дәптерлеріңе сызып, толтырып, өз ойларыңды дәлелдендер.

Лиро-эпостық жырлар	Батырлар жыры



: 3-тапсырма. «Қыз Жібек» жырының тарихы туралы жазылған деректерді пайдалана отырып, жыр туралы шағын зерттеу жасаңдар. Зерттеуде мынадай сұрақтарға жауап беріңдер:

1. «Қыз Жібек» жырының қанша нұсқасы бар?
2. Жырды зерттеуге үлес қосқан қандай ғалымдарды білесіңдер?
3. Қазақ мәдениетінде «Қыз Жібек» оқиғасының желісімен қандай өнер туындылары дүниеге келген? (Кино, опера, балет, көркемсурет т.б. бар ма?)



: 4-тапсырма. Айтыс туралы Мұхтар Әуезов қандай пікір білдірді? Ғалым пікіріне назар аударыңдар. Жырдан Мұхтар Әуезов айтқан айтыс түрлерін тауып, төменде берілген кесте бойынша дәптерлеріңе толтырыңдар.

	Айтысқа қатысқан кейіпкерлер	Не туралы айтысты?
1		
2		
1		
2		



: Шығарманың сюжеті (*французша – зат*) – шығармада баяндалатын оқиғалар тізбегі.

Шығарманың фабуласы – шығармадағы тұтас оқиғалар мазмұнын қысқаша баяндау.



: Шығарманың композициясы – шығарманың құрылысы.

Шығарма сюжетіндегі композициясының өрбу кезеңдері – шығармада баяндалатын оқиғалар тізбегінің рет-ретімен орналасу ерекшелігі.



: Шығармадағы сюжеттің өрбу кезеңдеріне назар аударайық!

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА Сюжеттің композициясы	Пролог (грекше алғы сөз)	Көркем шығармадағы кіріспенің бір түрі. Прологта кейде негізгі сюжетке дейінгі бірнеше оқиға баяндалады. Кейде бас кейіпкердің өткен өмірінен біреу көрініс беріледі.
	Шығармадағы сюжеттің композициялық құрылымы (өрбу кезеңдері)	
	Сюжеттің (оқиғаның) экспозициясы /басталуы/ (лат. экспозиция – дәйек-теме)	Шығарманың басы, кіріспесі. Мұнда әдеби қаһармандар шығармада өзара қарым-қатынасқа түскенге дейінгі хал-жағдай, тіршілік, қоғамдық орта ерекшелігі көрсетіледі. Осы шығармада баяндалатын оқиғалар орны суреттеледі.
	Сюжеттің (оқиғаның) байланысуы	Адамдар арасындағы әрекеттердің басы; тартыстың басталуы, шығарма арқауындағы негізгі оқиғаның туындау себебі.
	Сюжеттің (оқиғаның) дамуы	Адамдардың өзара қарым-қатынасынан, қимыл-әрекетінен туған түрліше жағдайларға, шиеленістерге байланысы.
	Сюжеттің (оқиғаның) шиеленісуі	Оқиғалардың дамуы өз шегіне жетіп, шешімін таппайды-ау деген жаңа оқиғалар легінің пайда болу сатысы.
	Сюжеттің (оқиғаның) шарықтау шегі (лат. шың)	Сюжеттік дамудың ең жоғарғы сатысы: адамдар арасындағы қимыл-әрекеттің мейлінше күшейіп, өрбіп жеткен жері.
	Сюжеттің (оқиғаның) шешімі	Шығарма сюжетінің шешуші кезеңдерінің бірі. Суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған үкімі, адамдар арасындағы қарама-қарсы тайталастардың, күрделі күрестің бітуі. Түрліше тағдырлар тартысынан туған нақты нәтиже. Оқиғаға қатысушылардың ең ақырғы хал-күйі; күллі құбылыс-көріністердің соңғы сәті.
	Эпилог (грекше соңғы сөз)	Көркем шығарманы қорытудың бір түрі. Тартыс аяқталып, өзекті оқиғалар біткеннен соң, сюжеттік шешімнен кейін келіп, басты қаһармандардың одан арғы хал-күйінен қысқаша мәлімет береді.



: Қорыта айтатын болсақ, шығарманың сюжеттік дамуының кезең-кезеңдерін тәртіпке салып, реттеп, қиыннан қиыстырып тұратын бұл – шығарманың композициясы.

Ал композициялық шеберлік шығармадағы баяндалатын барлық оқиғаларды (шығармадағы әрбір оқиғаларды жеке-жеке бөлшек деп алатын болсақ, сол бөлшектерді) бір ғана бүтінге тұтастыру, бәрін бір ғана ұғым – негізгі идеяға бағындыру.



: Композицияның құрамына сюжеттің кезең-кезеңдері ғана емес, сюжеттен тыс нәрселер де кіреді.

Біріншісі, пролог (грекше алғы сөз) – көркем шығармадағы кіріспенің бір түрі. Прологта кейде негізгі сюжетке дейінгі бірнеше оқиға баяндалады. Кейде бас кейіпкердің өткен өмірінен бірер көрініс беріледі, кейде автордың ой өзегінен аздаған сыр айтылады.

Екіншісі, эпилог (грекше соңғы сөз) – көркем шығарманы қорытудың бір түрі. Тартыс аяқталып, өзекті оқиғалар біткеннен соң, сюжеттік шешімнен кейін келіп, басты қаһармандардың одан арғы хал-күйінен қысқаша мәлімет береді де, сол арқылы автордың негізгі идеясын толықтырып, кейде тіпті тереңдете түседі.



: Бұдан шығатын қорытынды: сюжеттің жаны мен жүрегі – тартыс, ал тартыстан сюжет құрап, қалыптастыратын – композиция.



: «Қыз Жібек» жырының хрестоматиядағы толық нұсқасынан үзіндіні оқыңдар. Хрестоматияда жыр біршама толық түрде берілген. Жырдың сюжетіне назар аударыңдар. Жырда неше сюжет берілген? Олар бір-бірімен қалай байланысып тұр?

«Қыз Жібек» жырының үзіндісі бойынша жырдың көркемдігіне назар аударыңдар. Берілген тапсырмаларды мұқият орындаңдар.

«ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫ

Кіріспе



Өлқисса, төменгі Мекке жолында жеті тылсым дария бар еді, осы дария һәммасы¹ Қара теңізге құяды екен. Осы теңіз жағасында Жүз Жағалбайлы деген ел бар екен. Сол елде Базарбай деген бір бай бар екен. Базарбай сексенге келгенде, оның кіші қатыны қырық төртке келгенде бір ұл тауыпты, басқа қатындарынан еш бала жоқ, оның атын Төлеген қойды. Оның артынан тоғызыншы жылда бір ұл туды, оның атын Сансызбай қойды. Екеуіне де Базарбай қалың² бермеді, тірі болса, өздері бір қыз алар, патшаның қызын алса да, мал жетеді деп. Сол уақытта Төлеген 12 жасқа келді, ешкімнің қызын жақтырмады, 16 жасқа келді, сонда бұл елге бір саудагер кеп сұрады: бұл Базарбай екі ұлына неге қалыңдық айттырмаған деп, соның жайын әркімнен сұрап біліп, бір күні Төлегенге айтады:

– Қыз жақтырмай жүрген болсаң, мен саған қызы жағатын елді айттайын. Алты арыс Шекті деген ел бар. Ақжайық деген өзеннің бойында болады. Сіз соған барыңыз. Шектіден бір қыз тауып қайтасыз, – деді. Төлеген айтты:

– Қанша күнде барамын? – деп. Саудагер айтты:

– Жүз күнде барасың, – деді, – және жетпіс бес күндік бір жолы бар, оның қырық күншілік шөлі бар, онымен жүре алмайсың, – деді.

¹ һәммасы – барлығы

² қалың – қалыңдықтың әкесіне жігіттің әкесінің беретін малы

Онда Төлеген тұлпардан туған бір көк жорға атты алдырып, алтын-күміс тұрман жасатып, гауһардан тастар орнаттырып, қасына сексен жігіт жолдас алып, қырық нарға азық арттырып, тоғыз түйеге ділдө, жамбы артып, Наурыз айы туғанда жүрді дейді.

Төлегеннің жар іздеуге аттануы

Базарбайдың Төлеген –
 Ерте туған көбеген.
 Сексен жігіт қосшы алып,
 Он бес жігіт басшы алып,
 Ақжайыққа жөнеген...
 Айдың өткен нешесі,
 Ай қараңғы кешесі,
 Падишадан¹ кем емес,
 Ер Төлеген келбеті...
 Әулиеге² ат айтып,
 Қорасанға қой айтып,
 Артынан қуып келіпті,
 Өлгенде көрген шешесі.
 Шешесі келіп сөйлейді,
 Сөйлегенде не дейді:
 – «Мінгенің аттың аласы,
 Менен туған баласың.
 Қал дегенде қаласың,
 Айтқан тілді аласың!
 Қал дегенде қалмасаң,
 Айтқан тілді алмасаң,
 Құрттың анаң шарасын!
 Сансызбай болса жас еді,
 Жүреміз кімге алданып?»
 Төлеген сонда сөйлейді:
 – «Мінген атым ала-ды,
 Сенен туған баламын.
 Көңіліме түсіп бір қиял,
 Сапар шегіп барамын.

¹ падиша – патша, билеуші

² әулие – аса діндар, қасиетті тұлға

Алла нәсіп айдаса –
 Бір сұлу қызды аламын.
 Алла нәсіп етпесе,
 Ендігі сөздің қысқасы,
 Мекке таман барамын».

Өлқисса, сонда анасы бұл балам қайтпайын деп талап қылған екен, енді бұған ризалық батамды беріп жіберейін деп ойлайды:

– Анасы ғаріп¹ жылайды,
 Жылайды да толғайды,
 Қой десе де баласы,
 Оған да сірә болмайды.

Төлегеннің Шекті еліне келіп, Қаршығамен кездесуі

Өлқисса, бұл сөзді айтып, шешесі қайтып кетті. Енді Төлеген жігіттерге айтты:

– Маған шешем жылқыдан жорға ал деп айтты. Мен я кірекеш², я жортуылшы емеспін, маған байлық, ырзалықты елге көрсетіп жүру керек, – деді. Жылқыдан жорға аламын деп қайтып келіп, екі жүз елу жорға таңдап алып айдап, бірнеше күн жол жүріп, Шекті деген елге келді. Осы Шекті деген ел алты тайпа болады екен, һәммасының ханы Сырлыбай деген болады екен, ол Сырлыбайдың алты ұлы бар екен, ең кенжесі жалғыз қызы Жібек сұлу деген екен және Сырлыбайдың Қаршыға деген ақын уәзірі бар екен.

Өлқисса, сонда Төлеген шатырда жатыр екен.

Осы келген Қаршыға,
 Топтан асқан ер еді.
 Төлегенге келеді –
 Келіп сөйлей береді:
 – «Ауыл алды бел дейді,
 Белден көшкен ел деді.
 Сексен жігіт ішінде
 Базарбайдың баласы,
 Төлеген мырза сен деді.

¹ ғаріп – амалы таусылған, бақытсыз жан

² кірекеш – керуенші

Алты Шекті елінде,
 Сырлыбай датқа¹ уәзірі –
 Қаршыға жыршы мен деді.
 Мен бір сұлу табайын,
 Падишамыздың жалғызы,
 Аты Жібек сұрасаң,
 Кереметім көр деді».
 Базарбайдың Төлеген,
 Қаршығадай ақынның
 Бұл сөзін мақұл көреді.
 Қаршығамен ілесіп,
 Ақжайыққа жөнеді.

Төлегеннің Шекті елінің қыздарын көруі

Өлқисса, енді Қаршыға айтты: – Біздің ел жайлауға қарай бұзыла көшкен екен, мен енді Жібекті Төлегенге көш-жөнекей көрсетейін, – деп, қасындағы бес жолдасын сол жерге тастап, жай келерсіздер деп, екеуі қалың көшті аралап жүрді.

Базарбайдың Төлеген
 Талай көштен өтеді.
 Көш алдына қараса,
 Бір қыз кетіп барады;
 Шытырма² көйлек етінде,
 Нұр сәулесі бетінде,
 Бұралып кетіп барады,
 Перінің қызы секілді.
 Осы екен деп Қыз Жібек,
 Жетіп келді қасына –
 Базарбайдың Төлеген.
 Артынан келіп Қаршыға,
 Жібек емес деген соң,
 Онан өтіп жөнеген.
 ...Тұлпардан туған көк жорға ат,
 Көзі оттай жанады.

¹ датқа – билік жүргізуші

² шытырма – көйлек матасының түрі

Сымға тартқан күмістей,
 Сүмбідей болып жарады.
 Тағы айқасты бір көшке,
 Көш алдына қараса,
 Бір бөйбіше нұр жүзді
 Көшті тартып барады.
 Көш алдында бөйбіше
 ...Асылдай болып есіліп,
 Нұрдай болып шешіліп,
 Ақ маңдайы жарқылдап,
 Танадай көзі жалтырап,
 Алтынды кебіс сартылдап,
 Көшті тартып барады,
 Жібекті тапқан шешесі.
 Мұны көріп Қаршыға,
 Атының басын бұрады,
 Өңгіме-дүкен құрады.
 Шешесінен сол жерде,
 Сылтауратып сұрады.
 – Жібекжан ерте кеткен деп,
 Болжалды жерге жеткен деп,
 Көшпен бірге жүргенде,
 Бетіме тозаң тиер деп,
 Көк пәуеске¹ күймесін
 Азаннан тұрып жеккен деп.
 Шешесінің сол жерде
 Бұларға берген жауабы.

Қыз Жібек пен Төлегеннің алғашқы кездесуі

Өлқисса, Төлеген қасына келіп, алдына бір шықты, соңына бір шықты, Жібекті көре алмады, қараса, Қаршыға алыста қалыпты. Төлеген:

– Ай, дүние-ай, мынаның мені кемсінгені бөтен жұрттығы ғой. Өз жұртымда маған да еш кісі тең келе алмаушы еді, – деп тұрғанда Қаршыға да жетіп келді. Сонда Қыз Жібек айтты:

– Ендеше, лебізің бекерге қалмасын бір көрнейін, әбден көрініп тұрсам келіспес, бұған былай қылайын, – деп ойлады: қасында үш қызы

¹ пәуеске – күймелі арба

бар екен, пәуескенің түймелерін ағыттырды да, жарқ еткізіп бір көрінді-дағы қайта жауып, жатып қалды. Сол бір көрінгендегі Қыз Жібектің сипаты мынадай:

– Өзі он төрт жасында-ай.
Кебісінің өкшесі
Бұхардың гауһар тасындай.
Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында.
Қыз Жібектің шаштары –
Қоғалы көлдің құрағы.
Көз сипатын қарасаң,
Сегіз бейіш¹ ішінде
Хорлардың² жаққан шырағы.
Дүрі – гауһар³ сырғасын –
Көтере алмай тұр құлағы.
Қыз Жібектің ақтығы –
Наурыздың ақша қарындай.
Ақ бетінің қызылы –
Ақ тауықтың қанындай.
Екі беттің ажары –
Жазғы түскен сағымдай.
Білегінің шырайы –
Айбалтаның сабындай.
Оймақ ауыз, құмай көз,
Іздеген ерге табылды-ай.
Өткірлігін байқасаң,
Үсталар соққан кетпендей,
Нұр тұқымын еккендей.
Бір ауыз сөз сөйлескен,
Мұратына жеткендей.
Тірісі түгіл, Жібектің,
Өлігіне адам қайырылып,
Бетінен келіп өпкендей.

¹ сегіз бейіш – діни түсінік бойынша сегіз жұмақ бар, бейіш (пейіш) – жұмақ мағынасындағы сөз

² хорлар – діни наным бойынша жұмақтың сұлу қыздары

³ дүрі – гауһар – аса бағалы, қымбат асыл тас

Қыз Жібекті Төлеген,
 Ақылымен танып тұр,
 Көз мейірі қанып тұр,
 Бейіштен жанған шамшырақ,
 Көзі ойнап жанып тұр.
 Белі нәзік талып тұр,
 Тартқан сымнан жіңішке,
 Үзіліп кетпей, нағып тұр.

Өлқисса, Төлеген ойлады, жиһанда бұл сипатты пенде көргенім жоқ еді, енді мұны алайын. Оған жай бір ауыз жауап айтып кетейін, бекер кеткенім жарамас деп ойлайды. Жамандауға бой сипатынан, байлығынан еш мін таба алмай, енді кесірлі екенсің деп, Төлеген мырза бір сөз айтады:

– «Басыр, басыр, басыр-ау,
 Аққа құлпы жасыл-ау.
 Басыңды көтер, ей, Жібек,
 Төлеген келді қасыңа-ау!
 Қыз басыңмен алшаңдап,
 Бүйте берме, ей, Жібек,
 Жұртқа тиер кесірі-ау!
 Қыз Жібек мінген күймесін,
 Күймеге тағып түймесін,
 Бүйте берме, ей, Жібек,
 Кесірің жұртқа тимесін!»
 Қыз Жібек сонда сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 – «Олай болса, Төлеген,
 Мен жайымды айтайын...
 Менің қылған кесірім
 Саған кесір болса да,
 Өзіме майдай жағады.
 Жалғыз атты жолаушы,
 Жақындамай арман жүр,
 Үстімдегі кесірлер –
 Саған таман барады!
 Ат байлаған ақыр тас,
 Арқама біткен қолаң шаш.

Қайдан келіп кез болдың,
 Қаңғырып өскен бір қу бас!
 Жалғыз атты жолаушы,
 Кесірім ұрып кетпесін,
 Қасыма келмей, аулақ қаш!»

Қыз Жібектің түс көруі

...Әлқисса, Төлеген үш ай қалыңдық ойнап, бір күні еліне қайтпақ болып, аттарын байлап қойып, таңнан жүреміз деп отырған күні Жібек түс көреді. Түсінен шошып оянып, кіші жеңгесін шақырып алып, былай деді:

– «Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
 Төлегенге барып кел,
 Тілімді алса жүрмесін.
 Ата-анасы бар ма екен,
 Жал-құйрығы сай ма екен,
 Я болмаса, құдай-ай,
 Қаңғырып өскен қу ма екен?
 Атасының аты кім болар,
 Анасының аты кім болар,
 Сұрап келгін, жеңеше-ау,
 Қандай заман күн болар.
 Мен бүгін бір түс көрдім,
 Түсімде жаман іс көрдім.
 Төлеген мінген көк жорға ат
 Ер тоқымсыз бос көрдім.
 Ел жайлаған Ақжайық,
 Жағалай біткен бидайық¹.
 Алдында жанған шырағым,
 Біреу үрлеп өшіріп,
 Көзімнен болды сол ғайып.
 Қолымдағы түйғынның² –
 Зулап келіп аспаннан,
 Желкесінен қиды бидайық³.

¹ бидайық – бидай тектес жабайы өсімдік

² түйғын – сұңқар тектес жыртқыш құс

³ бидайық – жыртқыш құс

Пендем десең, құдай-ай,
 Бұл түс емес еді ғой –
 Көруге маған ылайық.
 Айналайын, жеңеше-ау,
 Төлегеннің мен білдім,
 Бір кеткен соң келмесін.
 Жарық дүние опасыз,
 Білдім көзге ілмесін».

Базарбайдың теріс батасы

Өлқисса, Төлеген неше милләт¹ жол жүріп, еліне келеді. Сау-сәлеметтікпен ата-анасымен қосылып, той жасады, тойдың үстінде Базарбай баласынан жауап сұрады:

– Қандай адамға құда болдың? – деді. Төлеген барлығын баян етеді. Сонда Базарбай айтты:

– Шырағым, қайныңа енді қашан барасың? – деді. Төлеген айтты:
 – Жазғытұрым барамын, – деді.

Атасы айтты:

– Шырағым, мен бір тілек тілейін, бересің бе, бермейсің бе? Ендігі жылы осы уақытқа шейін бармағын, онан кейін өзім қасыңа көп әскер қосып жіберейін, тілегімді бердің бе? – деді. Онда Төлеген айтты:

– Ата, ел елден артық болмайды екен, ешкімнің қызын көргенім жоқ, жақтырғаным да жоқ, немді берейін, – деп шығып кетті. Сонда Базарбай кеп жұртына айтты:

– Бұл балам тілімді алмады, тілегімді бермеді, Төлеген қайнына барамын десе, маған – көргенің ұстап, байлап алып келіп беріңдер, егер қошамет етіп, біреуің жолдас болсаң, қолымды жайып теріс бата беремін, – деді. Қарияның бұл сөзінен қорқып, жұрт ұстап бермекші болды.

Асып туған Төлеген
 Жағалбайлы халқынан
 Жабдықтап атын мінеді,
 Гауһар, лағыл, алтыннан.
 Жолдас ермей елінен
 Жалғыз өзі жөнөді,
 Бір ғашықтың зарпынан.

¹ милләт – араб тілінен аударғанда «халық» деген сөз

Қаздың дауысын есітіп,
 Сабыр етіп тұрмады,
 Дүниеге мойын бұрмады.
 Кетіп бара жатқанда –
 Сансызбай жылап жүгірді,
 Төлегеннің артынан.
 Рахымы түсті басына,
 Көзден аққан жасына,
 Қу бауыры қия алмай,
 Қайырылып келді қасына.
 Сансызбайдың Төлеген
 Пәруана¹ болды басына.
 Бала келді жүгіріп,
 Аш күзендей бүгіліп.
 Төлеген тұрды кете алмай,
 Көзінен ағып қанды жас,
 Қандай қиын бауырлас,
 Бордай болып үгіліп.
 Қабырғасы сөгіліп.
 Сөйлегенде бүй деді:
 – «Айналайын қарағым,
 Жауға барсам, жарағым,
 Қабырғамда қанатым,
 Артымдағы жалғызым,
 Жетегімде жан атым!
 Айналайын, жылама,
 Жібек сынды жеңгенді,
 Алып келуге барамын...»

Төлеген мен Бекежан

Атаңа лағынет Бекежан,
 Қыз Жібектің сыртынан,
 Көп ғашықтың бірі екен.
 Баяғы алпыс жігіт қасында
 Төлеген енді келер деп,
 Қособаның көлінде –
 Жолын тосып жүр екен...

¹ пәруана – бұл жерде: уайым болды деген мағынада

Алдынан шығып алпыс жау,
 Төлегенді қамады.
 Базарбайдың Төлеген,
 Алды-артына қарады.
 Бесінде жаумен атысып,
 Намаздыгер болғанша,
 Алдырмай кетіп барады.
 Еркімен аты жеткен соң,
 Жау ортаға алады.
 Атаңа лағынет Бекежан,
 Арғыннан шыққан қу екен,
 Өккі болған сүм екен.
 Төлегеннің артында –
 Алпыс қадам жақындап,
 Бір қурайды паналап,
 Жеткен екен жағалап.
 Төлегенді атқалы –
 Жақындап келіп тұр екен.
 Мылтыққа білте¹ басады,
 Аруағы² асады.
 Төлеген сынды мырзаның
 Қанын судай шашады...
 Бекежан атқан жалғыз оқ,
 Маңдайдан келіп ұрады.
 Алтын сүйек Төлеген,
 Алланың салған қорлығы-ай,
 Иттердің қылған зорлығы-ай,
 Толықсып аттан құлады!

Бекежан мен Қыз Жібек

Өлқисса, бұлар Төлегенді өлтіріп, атын-тонын алып, еліне келіп, еш адамға сездірмей жата берді. Сегізінші жыл болғанда, бір күні Бекежан ойлады: «Жібекті өзім алайын», – деп. «Өуелі Жібекке Төлегенді өлтіргенімді естіртейін, онан соң Жібек маған тимей кімге тиеді?», – деп ойлады.

¹ білте – мылтықты тұтатын оттығы

² аруақ – *бұл жерде*: күші тасу

Өлқисса, Бекежанның Қыз Жібекке айтқан өлеңі:

– Айтамын айт дегеннен арма, Жібек,
Ботасы өлген түйедей зарла, Жібек.
Кеткелі жаман жарың көп жыл болды.
Хабары сол жездемнің бар ма, Жібек?

Жібек: – Қазақтың несін алып, не бермеймін?
Дүниеде тірі жүрсем, не көрмеймін?
Арғында алты шекті, алпыс мырза,
Ізіне басып кеткен теңгермеймін.

Бекежан: – Айтамын айт дегеннен әуелім жар,
Қыз Жібек, әлі-ақ болар пиғылың тар,
Өліп қалған немеңді сонша мақтап,
Көкжорға ат астымдағы көзіңді сал.

Жібек: – Жоқ екен-ай, Бекежан, ақыл-айлаң,
Қанеки, құрбы болып тиген пайдаң?
Атаңа алты лағынет, ит қарақшы,
Көкжорға астыңдағы алдың қайдан?

Бекежан: – Жол тосып, Қособада жатып алдым,
Біреуді мергендікпен атып алдым.
Өзім батыр болған соң, кімді аяйын?
Өлтіріп Төлегенді, атын алдым.

Сансызбайдың Төлегенді іздеп шығуы

Өлқисса, бұлар мұнда тұрсын, сөзді Сансызбайдан естіңіз. Сол халде Сансызбай он жеті жасқа келді, Төлегенді сағынып, бір күндері қару-жарағын асынып, Төлегенді іздемекші болып ойлайды: «Атамнан бата алып кетейін», – деп, атасына келіп, арыз қылып айтқаны:

– Айналайын жан ата,
Ботаңның айтқан сөзіне
Құлағыңды сал, ата,
Арызға келді балаңыз,
Рұқсат, бата бер, ата?!

Төлегенді іздейін,
 Жеткізді құдай жасымды,
 Төлегенді іздейін,
 Жер шаршысын кезейін,
 Жоқтаусыз кеткен лайық па?
 Туған соң іні біздейін,
 Разылық берсең, жан ата,
 Ешкімге көзім сүзбейін,
 Батаңды бергін, жан ата,
 Тірі-өлісін білгенше,
 Күдерімді үзбейін, –

деп атасынан рұқсат сұрады.

Сол күнде атасының көзі көр болып, көңілі жер болып, Төлегеннің қасіретінен санамен сарғайып, қайғыменен қарайып жатады екен.

Сонда атасы басын көтеріп, Сансызбайға:

– Балам, ағанды іздейін деп пе едің? Қолыңды жай, батамды берейін, – дейді. – Өуелі Алла тағала, екінші өулие-әнбиелерге аманат, – деп тапсырып, зар-зар жылап, бата береді...

Сансызбай мен Жібектің кездесуі

...Өлқисса, бұлар бірнеше күн жол жүріп, Жайыққа келеді. Ханның ауылын сұрап келе жатып, бір белге шықса, ханның ауылында жүрген атты адамның көптігіне есеп етіп бола алмастай.

– Енді мұны көріп, мәнісін білейік, – деп бір қойшыға келіп:

– Бұл жиылған аттылар кімдер? – деп сұрады. Қойшы айтты:

– Ханымыз Сырлыбайдың Жібек деген қызы бар еді, өзі жиһаннан асқан сұлу еді, соның атағын есітіп қалмақтан Хорен деген хан шығып, іздеп келді, тоғыз мың әскерменен келіп, Жібекті маған беріңдер, бермесең, еліңді шабамын деп, соған ханымыздың халі келместей болған соң, қызын бермек болды...

– Ол Жібекті күйеуге берген бе еді? – дейді. Қойшы айтты:

– Төлеген деген жиһаннан асқан күйеуі бар еді, Қосабаның көлі деген жерде Бекежан қарақшы деген атып өлтіріпті, – дейді. Мұны есітіп, Сансызбай көз жасы атының жалына төгіліп, жылап жүріп кетті...

...Қайтадан жүгіріп, Шегеге келіп, Жібектен бір жауап алып келгін деп, айтқан сөзі:

– Айналайын Шеге аға,..
Жалғыз-ақ арыз сөзім бар,
Қыз Жібектей жеңгемнен
Бір жауап әкеп бер, аға!

Өлқисса, бұл Шегенің келген уақытында Жібектің айтып отырған сөзі екен. Шеге тыңдап тұра қалды.

– Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы,
Жылқысын көптігінен баға алмайды,
Өлгені Төлегеннің рас болса,
Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?..

Өлқисса, сонда Шеге Жібектің тұсына келіп, өлең айтқан жігіттердей болып өлең айтады. Бұрын Жібекке ешкім өлең айтпайды екен, айтайын десе де батпайды екен, өзі қайғылы болып отырған соң...

Өлқисса, бұлар сонда амандасты,
Көңілі ғаріптердің судай тасты,
Сансызбайды Шегемен құрмет етіп,
Алдырып бір табақпен қойды асты.
Ас ішкен соң аттарыңа мінгін, – дейді.
Ізіңмен кейін қайта жүргін, – дейді.
Мені алғалы кеп жатқан жау қалмақтың
Екі тұлпар аты бар білгін, – дейді.
Сол жолда мені тосып тұрғын, – дейді.
Құдай оңдап тұлпардың мінсем бірін,
Ертең түсте сол жерде көргін, – дейді...

Қыз Жібек қалмақты алдап, атын алып, Сансызбай мен Шегеге еріп, кетіп қалады. Мұны біліп қойған Хорен арттарынан қуады...

Сансызбай мен Хореннің айқасы

...Кәпір¹ қалмақ жөнөді,
Қаһарланып келеді,
Дәл он бір күн болғанда
Сансызбайдың қарасын
Хорен қалмақ көреді...
Алладан дәрмен сұрады,

¹ кәпір – дінсіз деген мағынада

Жібек пенен Шегені
 Ілгері қарай жөнелтіп,
 Келетін көпір қалмақтың
 Жолын тосып Сансызбай,
 Көлденең тартып тұрады.
 ...Сансызбайдың қасына
 Хорен жетіп келеді.
 Келіп сөйлей береді:
 – Қарсы алдыңнан қарасам,
 Жасың кіші баласың,
 Оттай қаулап жанасың,
 Менің атым – хан Хорен,
 Неден үміт қыласың?
 Мен жайымды сөйлесем...
 Сансызбай сонда сөйлейді:
 – Хорен қалмақ сен болсаң,
 Сансызбай бала мен едім,
 Мен де өзіңдей кең едім.
 Жібек сынды жеңгемді
 Елімнен іздеп кеп едім,
 Жеңгемді тауып алған соң,
 Мәжет тілеп¹ Алладан,
 Еліме алып жөнедім...
 Сонда қалмақ сөйлейді:
 – Қарсы алдыңнан қарасам,
 Жасың кіші жас ұлсың,
 Кезегімді бер, – дейді.
 Сансызбай атты жас берен
 Толғана мойнын бұрады,
 Алладан пәрмен сұрады...
 Кезегін беріп қалмақтың,
 Қасқайып қарап тұрады.
 Атаңа лағынет қу қалмақ,
 Қорамсаққа қол салды,
 Бір салғанда мол салды.
 Садақты қолға алады,

¹ мәжет тілеп – тілек тілеп деген мағынада

Толықсып тұрған баланы
Толғап тартып қалады.
Кірестен оғы кетеді,
Сансызбайға жетеді.
Тоғыз қабат сауыттың
Сегізінен өтеді.
Өтер еді мұнан да,
Жібермеді бұл оқты,
Ғауас-Ғаяс, қырық шілтен¹
Болған екен панасы...
– Қор қылма, – деп, – көпірге,
Алладан пәрмен сұрайды.
Бұлайша толғап Сансызбай
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды,
Садақты қолға алады,
Толықсып тұрған көпірді
Толғап тартып қалады.
Зырқырап оғы кетеді,
Қалмаққа таман жетеді,
Көкірек қысқан көбеден,
Қармаулы қабыл жебеден,
Зырлауменен өтеді...
Оқ тоқтаған кезінде
Хорен аттан құлады,
Туы қолдан сұлады...
Шүкір қылып Аллаға,
Көпір жаудан құтылып,
Бірнеше күн жол жүріп,
Еліне аман келеді.
Ата-анасын қуантып,
Қырық күн ұдай той қылып,
Сансызбай Жібекті алады.
Сипатын көріп Жібектің
Ел-жұрты қайран қалады.

¹ Ғауас-Ғаяс, қырық шілтен – халық түсінігі бойынша қорғап, жебеп жүретін пірлер



: Көріктеу сөздері шығарманың оқырманға әсерлігін арттыратын негізгі құралдар болып табылады. Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев тропты 6 түрге бөледі: 1) метафора; 2) кейіптеу; 3) метонимия; 4) синекдоха; 5) символ; 6) аллегория. Әдебиет теориясына қатысты тағы басқа да көптеген ұғымдар бар. Біз олардың барлығымен алдағы уақытта танысамыз.

Анықтамасы	Мысал	Түсінік
<p>МЕТАФОРА, АУЫСТЫРУ (грекше <i>metaphora</i> – ауыстырып қою) – екі нәрсені немесе екі құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз не сөз тіркесі.</p>	<p>Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей, Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей. Қиялы, жан, жүрегі – ойнаған от, Ақынды аласұртар, тыныштық бермей. <i>(М. Жұмабаев)</i></p>	<p>Ақынды желмен, отпен жай ғана салыстыру емес, соларға балап айту. Ақынды жел дегенде, ол гулейді деп, от дегенде, ол лаулап жанады деп, оның бойына басқа нәрселердің сипатын ауыстырады.</p>
<p>МЕТОНИМИЯ (грекше <i>metonymia</i> – ауыстыру, қайтадан атау) – троптың (құбылтудың) бір түрі. Өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану, құбылыс орнына оның ерекше қасиетін көрсету.</p>	<p>1) бір табақ ет жеді (тамақ); 2) шыныға құйды – стаканға құйды, шөлмекке құйды; 3) бүкіл ауыл жиналды – бүкіл ауыл тұрғындары жиналды; 4) автобус аялдамаға келді – автобус аялдайтын жерге келді т.б.</p>	<p>1) сұйықтың орнына ыдыс атауының: <i>табақ</i> (бір табақ жеді); 2) заттың жасалатын материалының атауы: <i>шыны</i>; 3) тұрғындардың орнына қоныс атауы: <i>ауыл</i> – қимылдың орнына; 4) <i>аялдама</i> – қимыл нәтижесінің атауы.</p>
<p>СИНЕКДОХА – аз бен көпті, үлкен мен кішіні ауыстырып немесе бүтіннің орнына бөлшекті айту, жекеше ұғымның орнына көпше ұғымды алу, алмастыру тәсілі.</p>	<p>«Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек», «Толғауы тоқсан қызыл тіл». <i>(Абай)</i></p>	<p>Көп деген ұғымды «қырық», «тоқсан» деп нақтылы санмен көрсету.</p>

<p>КЕЙІПТЕУ – әртүрлі жануарларды, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейіпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл.</p>	<p>Мөлдіреген Жетімкөл көкке қарап, Мөлдіреген көз жасын тыя алмай тұр. <i>(М. Мақатаев. «Аққулар ұйықтағанда»)</i></p>	<p>«Көкке қарап, көз жасын тия алмай тұр» деген сөздер көлді жандандырып тұр.</p>
<p>АЛЛЕГОРИЯ (көне грекше <i>allēgoria</i> – пернелеп айту), пернелеу – оқырманның не көрерменнің санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл.</p>	<p>Аллегория – көркемдік тәсілдердің ең көнесі, бастауын мифтен алып, фольклорда ерекше дамыған. Түлкі – қулық, арыстан – зорлық, қасқыр – қастық, қоян – сужүректік, есек – ақымақтық, аққу – адалдық, махаббат т.б. түрінде бейнеленеді.</p>	<p>Адамдарға төн мінез пернелеп айтылса да, бірден санаға, қиялға әсер етіп, көз алдыңа елестейді. Өлемдік сөз өнерінде ғасырлар бойы қалыптасқан типологиялық ортақ бейнелер.</p>
<p>СИМВОЛ – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне.</p>	<p>«Жартасқа бардым, Күнде айғай салдым, Онан да шықты жаңғырық, Естісем үнін, Білсем деп жөнін, Көп іздедім қаңғырып. Баяғы жартас – бір жартас, «Қаңқ» егер, түкті байқамас». <i>(Абай)</i></p>	<p>Жартас бейнесін жалаң табиғат көрінісі емес, адам мен табиғатқа ортақ қоғамдалған шындықтың деректі бейнесі ретінде суреттеген.</p>



1-тапсырма. «Қыз Жібек» жырының мәтінін ауызша баяндап беріңдер. Жырдағы негізгі оқиғаға назар аударыңдар. Жырдың басты кейіпкерлерін атаңдар.

Жырдаң үзінді	Көріктеу құралы	Мағынасы
Бұралып кетіп барады, Перінің қызы секілді.	«Секілді» сөзі арқылы жасалған теңеу	Қыздың сұлулығын перінің қызына теңеп тұр
Толған айдай толықсып, Ақ сазандай бұлықсып,		
Ақ маңдайы жалтылдап, Танадай көзі жарқылдап, Алтын шашбау шашында.		
Екі көздің шарасы Бейіште жанған шамшырақ, Көзінің гауһар қарасы.		
Сөйлеген сөзі сыңғырлап, Өпзәмзәмнің суындай. Аузынан шыққан сөздері Сары алтынның буындай.		



2-тапсырма. Жырда метафора, теңеу, эпитет және тағы да басқа көріктеу құралдары мол кездеседі. Берілген үзіндідегі көріктеу құралдарын талдаңдар.



: Балалар, мәтіндерді мұқият тыңдай отырып, берілген тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін

Мәтінді тыңдап, Қыз Жібектің сипатын беретін теңеулерді дәптерлеріңе жазыңдар.

Кебісінің өкшесі
Бұхардың гауһар
Ақ маңдайы жалтылдап,
..... көзі жарқылдап,

Қыз Жібектің ақтығы –
 Наурыздың ақша
 Ақ бетінің қызылы –
 Ақ тауықтың
 Екі беттің ажары –
 Жазғы түскен
 Білегінің шырайы –
 Айбалтаның

2-мәтін

Қыз Жібек пен Төлегеннің диалогін тыңдап, түсінгендеріңді дәптерлеріңе жазыңдар.

Төлеген	Қыз Жібек

3-мәтін

Төлегеннің ажалы туралы мәтінді тыңдай отырып, көп нүктенің орнына түсіп қалған сөздерді қойып оқыңдар.

Төлегеннің ажалы

Алдынан шығып жау,
 Төлегенді қамады.
 Базарбайдың Төлеген,
 Алды-артына қарады.
 жаумен атысып,
 Намаздыгер болғанша,
 Алдырмай кетіп барады.
 Еркімен аты жеткен соң,
 Жау ортаға алады.
 Сол уақыттар болғанда,
 Жамандатқыр ат,
 Шөлдеуменен зорығып,
 Басын жерге салады!

Жау қамалап жеткен соң,
 Атынан соң,
 Базарбайдың Төлеген,
 Төңірге қылды наланы.
 «Құдіреті күшті Құдай-ай,
 Батар күнмен батайын,
 өлтіріп,
 Тым болмаса Құдай-ай,
 Жастығымды ала жатайын!
 Мұсылман болса, бұл жаулар,
 Жақындап жауап қатайын».
 Бұл сөзді айтып Төлеген,
 қол салды,
 Бір салғанда мол салды.

Қарсы қарап тұра қап,
 қолға алады,
 тартып қалады.
 әрі кетеді,
 Топ арғынға жетеді.
 Селдіреген шетінен –
 Жетеуінен озып өтеді.
 Енді оғын алғанша,
 қолын салғанша,
 Атаңа лағынет,
 Арғыннан шыққан қу екен,
 Өккі болған сұм екен.
 Төлегеннің артында –
 Алпыс қадам жақындап,
 Бір паналап,
 Жеткен екен жағалап.
 Төлегенді атқалы –
 Жақындап келіп тұр екен.

..... білте басады,
 Аруағы асады.
 Төлеген сынды мырзаның
 Қанын судай шашады.
 Қой қорғасын,
 Ажал болып жабысты.
 Атаңа лағынет Бекежан,
 Жібермеді намысты.
 Базарбайдың Төлеген
 Толықсып аттан тұрғанда,
 Қолтығынан сүйейтін –
 Таба алмады танысты.
 атқан жалғыз оқ,
 келіп ұрады.
 Алтын сүйек Төлеген,
 Алланың салған қорлығы-ай,
 Иттердің қылған зорлығы-ай,
 Толықсып



3-тапсырма.

1. Жырдың бөлімдерін топтарыңда оқи отырып, келесі топтағы сыныптастарыңа түсіндіріңдер.
2. Жұптық жұмыс арқылы кейіпкерлердің ерекшелігін білдіретін сөздерді теріп алып, екінші жұптың оқушыларымен ой бөлісіңдер.
3. Өз жұбыңмен бірлесе отырып, берілген теориялық ұғымдардың (метафора, эпитет, теңеу) мәнін ашатындай мысалдар теріп алып, PowerPoint бағдарламасында 3 беттік таныстырылым жасаңдар.



4-тапсырма.

1. Сыныптағы қыз балаларға тапсырма: Қыз Жібектің мінезінің ерекшелігін және ұлттық салт-дәстүрге беріктігін ашатын жыр жолдарынан сызба жасап қорғаңдар.
2. Сыныптағы ұл балаларға тапсырма: Төлеген, Сансызбай, Хорен, Бекежанның бойындағы ерекше қабілеттер мен қасиеттерін, мінезіндегі ерекшелікті көрсететін жыр жолдарынан сызба жасап қорғаңдар.



5-тапсырма. Берілген кестені дәптерлеріңе толтырыңдар. Жырдың сюжеттік желісіне байланысты оқиғаларын ретімен қойып шығыңдар.

Бөлім атауы	Бөлімдегі кейіпкерлер
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	
8.	
9.	
10.	
11.	



6-тапсырма. Тапсырманы орындау үшін хрестоматияда берілген «Қыз Жібек» жырының нұсқасын пайдаланыңдар.

Жыр мазмұны бойынша кестені дәптерлеріңе толтырыңдар.

Кейіпкер сөзі	Кейіпкер кімге айтқан?	Не себепті айтты?
...Менің қылған кесірім Саған кесір болса да, Өзіме майдай жағады.		

Айналайын қарағым,
Жауға барсам, жарағым,
Қабырғамда қанатым,
Артымдағы жалғызым,
Жетегімде жан атым!
Айналайын, жылама,
Жібек сынды жеңгенді,
Алып келуге барамын...

– Асу да асу, бел, – дейді,
– Аса бір соққан жел, – дейді,
– Өуелгі кезек менікі,
Соңғы кезек сенікі,
Бұл сөзімді біл, – дейді.

Атасының аты кім болар,
Анасының аты кім болар,
Сұрап келгін, жеңеше-ау,
Қандай заман күн болар.
Мен бүгін бір түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім.



: Балалар, жырдың сюжетіне байланысты берілген кестені толтыру кезінде хрестоматиядан оқыған толық нұсқасын пайдаланыңдар. Пікірлеріңді нақты өрі толық етіп беріңдер.



7-тапсырма. Жырдың бөлімдеріне байланысты өз пікірлеріңді білдіре отырып, кестені дәптерлеріңе толтырыңдар.

Жыр бөлімінің атауы	Осы бөлімдегі оқиганың қысқаша мазмұны	Жыр оқиғасына байланысты менің пікірім
Төлегеннің жар іздеуге аттануы		
Базарбайдың теріс батасы		
Төлеген мен Бекежан		
Сансызбай мен Хореннің айқасы		



8-тапсырма. Берілген үзіндіні топта талқылап, кейіпкердің мақсаты мен іс-әрекетін бағалаңдар.

Жырдан үзінді	Кейіпкер мақсаты	Кейіпкердің іс-әрекетін бағалау
<p>Жол көрмеген жас бала Тәуекел, Алла, құдай деп, Өркімге тәңірі пана деп, Жайыққа кетіп барады.</p>		
<p>Жол тосып, Қособада жатып алдым, Біреуді мергендікпен атып алдым. Өзім батыр болған соң, кімді аяйын? Өлтіріп Төлегенді, атын алдым.</p>		
<p>Базарбайдың Төлеген, Жайыққа қарап жол тартып, Алладан пәрмен тілеген. Жайық пен теңіз арасы Он үш айлық жол екен.</p>		
<p>Жібек пенен Шегені Ілгері қарай жөнелтіп, Келетін көпір қалмақтың Жолын тосып Сансызбай, Көлденең тартып тұрады.</p>		



9-тапсырма. Қыз Жібектің портретін, мінезін, өзіне тән ерекше сипатын жырдан табыңдар.

- А. Сұлулығын білдіретін сөздер –
- Ә. Бет-бейнесін сипаттайтын сөздер –
- Б. Киімін және қимыл-әрекетін білдіретін сөздер –
- В. Ақылдылығы мен тапқырлығын білдіретін сөздер –
- Г. Махаббатына адалдығын білдіретін сөздер –



10-тапсырма. Жырдан үзінді келтіре отырып, кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.

Мінездеме	ТӨЛЕГЕН	САНСЫЗБАЙ	БЕКЕЖАН	ХОРЕН	ШЕГЕ
ақылды сезімтал батыр мерген аңғал қу, арамза ақын					



: Қымбатты достар, Нұрасылдың тапсырмасындағы мінездемеде берілген сөздерді пайдалана отырып, ағайынды екі жігітке байланысты сызбаны толықтырыңдар. Екі жігіттің ұқсастықтары мен мінезіндегі ерекшеліктерін табыңдар. Ағалы-інілі екі батырдың қандай ерекшеліктері бар?

11-тапсырма. Жырдан үзінді келтіре отырып, Төлеген мен Сансызбайға мінездеме беріңдер. Егер кейіпкерлердің басқа да мінезіндегі ерекшеліктерін байқасаңдар, өздерің толықтырыңдар.



: Балалар, міне, біз сендермен бірге қазақ халқының төл туындысы – «Қыз Жібек» жырымен таныстық. Жырдың көркемдігі мен сюжетіне, кейіпкерлеріне байланысты тапсырмалар орындадық. Шағын зерттеулер жасадық. Жыр туралы «Халқымның өнегелі дәстүрлері» деген тақырыпта эссе жазыңдар.



Иә, Нұрасыл, жырдың көркемдігі мені өте қызықтырды. Сондықтан әсседе балалар мынадай мәселелерге назар аударса деп ойлаймын:

1. Жырда қазақ халқының қандай салт-дәстүрлері суреттеледі?
2. Жырда суреттелетін салт-дәстүрдің қазір қандай түрлері бар?
3. Құда түсу, ұзату тойын жасау, келін түсіру, өмеңгерлік сияқты салт-дәстүрлердің жырда берілуіне назар аударып, өз ойларыңды айтыңдар.

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

«КҮЛТЕГІН» ЖЫРЫ



Бұлар – көнеден жеткен әдеби жәдігерлеріміздің ең көнесі, біздің арғы ата-бабаларымыз – көк түріктерден жеткен көне жырлар. Көне жыр десек те, шығарманың жанрлық ерекшеліктеріне байланысты көптеген зерттеулер бар.



: Дұрыс айтасың, Нұрасыл! Сақтар мен ғұндардан кейін тарих сахнасына шығып, бүкіл дүниені дүр сілкіндірген халық – **ежелгі түркілер**.



: Олар батысында Византия елімен, оңтүстігінде парсымен, тіпті Үндістанмен, ал шығысында Қытаймен шектесетін орасан үлкен мемлекет құрды.



: Римдіктер өз шежіресін Римнің негізі қаланған күннен бастайды. Арабтар болса, Мұхаммед пайғамбардың Меккеден Мәдинаға көшкен жылынан бастап есептейді. Ал француздар өз тарихын ұлы Карлдың империяны бөлген жылынан, яғни 843 жылдан бастайды.



: Ал ежелгі түркілер үшін мұндай уақыт 545 жыл болды. Иә, дәл осы жылы Ұлы Түрік қағанаты құрылған еді. Сөйтіп, түркілер өздерінің тұңғыш мемлекетін құрды. Тек құдіретті Күнге ғана, Көк аспанға ғана табынып, тағзым ететін Көк түріктер сол күннен бастап-ақ аспан түстес көк байрағын желбіретіп, алғаш рет өздерін ресми түрде бүкіл әлемге танытты.



: Ұлы Түрік қағанатының шежіресі қағазға емес, құлпытастарға қашалып жазылған. Оны жазған Түрік қағанатының бектерінің бірі, өз дәуірінің кемеңгер ойшылы, шешендік сөздің жүйрігі, ұлы ақын **Йоллығтегін** еді.



: Бүкіл түркі елін егемендік пен азаттыққа, ерлік пен бірлікке үндейтін бұл дастандардың әрбір әрпі мәңгі өшпестей етіліп, үлкен-үлкен құлпытастарға қашалып жазылған.

Ұлы Түрік қағанатын ешбір жау әскер күшімен жеңе алмағаны тарихта жазылған. Алайда жұдырықтай жұмылып отырған түрік елінің ішіне жау жағы ғасырлар бойы іріткі салып келді. Мұны істеген **табғаш елі** (Қытай) еді. Ақыры Түрік қағанаты екіге бөлініп, бірі – Шығыс түрік қағанаты, ал екіншісі Батыс түрік қағанаты деп аталып кетті.



: Енисей өзені аңғарынан құпия жазуы бар құлпытастар (ескерткіштер) табылғаны туралы алғашқы хабарды Н.К. Видзен, С.У. Ремезов, сондай-ақ Сібірде айдауда жүрген швед офицері Ф.Т. Страленберг пен немістің белгілі ғалымы Д.Г. Мессершмидт т.б. бергенін XVIII ғасырдың бас кезінде жазған мақалалары мен хаттарынан білеміз.

Скандинавия халықтарының тілінде «рунь», яғни «руна» деген сөз қазақша аударғанда «*сыры ашылмаған*», «*құпия*» деген мағына береді. Ф.Т. Страленберг өзі тапқан құлпытастардағы бұрын-соңды тарихта белгісіз болып келген, ешкім түсінбейтін құпия жазуды өз елінің тілінде **руна жазуы** деп атаған еді.

Орыс География қоғамының Шығыс Сібір бөлімі 1889 жылы Монғолияға арнайы экспедиция ұйымдастырды. Оны белгілі орыс саяхатшысы өрі ғалымы Н.М. Ядринцев басқарып барып, Орхон өзені аңғарынан «құпия» жазуы бар үлкен-үлкен екі ескерткішті тапты. Осы құлпытастардағы белгісіз жазулардың сырын ашу үшін В.В. Радлов 1891 жылы сонда барып, бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Алайда руна жазуының құпиясы көпке дейін ашылмай-ақ қойды. Ескерткіштердегі жазуды ешкім оқи алмады.



: 1893 жылғы қарашаның 25-күні Дания корольдігі Ғылым академиясының мәжілісінде **Вильгельм Томсен** ғылыми әлемді дүр сілкіндірген мәлімдеме жасады. Бұл ескерткіштер түркі халықтарының тілінде жазылған. Ғалымның ең алдымен оқыған сөздері «**тәңірі**» және «**түрік**» деген сөздер екен.



: Бұл ескерткіштер Шығыс Түрік қағанатының *он жетінші қағаны Білге қаған* (алғашқы аты Могилян) мен қағанның інісі, дақты әскери қолбасшы Күлтегін қабірлеріне қойылған орасан құлпытастарға қашалып жазылған ұзақ жыр болатын.

Руна жазуындағы ең үлкен ескерткіштер Орхон мен Енисей өзендері алқабынан табылды. Осыған орай руна жазуының өзін бертін келе «**Орхон-Енисей жазуы**» деп атап кетті. Бұл жазуды **көне түркі жазуы** деп те атайды.



: Білге қаған (хан), Күлтегін (әскербасы), Тоныкөк (ақылшы, кеңесші) сияқты атақты, беделді азаматтарына арнап тұрғызылған құлпытастағы жазу-

лар. Түркілер құлпытасты «бітіг тас», яғни «жазба тас» деп атаған. «Күлтегін жырын» шығарып, жаздырған Иоллыгтегін болып есептеледі.

Ескерткіштің мәтінін Мырзатай Жолдасбеков т.б. ғалымдар зерттеп, аудармасын жасады.



: Бүгін біз осы «Күлтегін» шығармасындағы бірінші жырмен танысатын боламыз.

Жыр жолдарында *аллитерация*, *ассонанстар* өте жиі кездеседі. Бұл жырдың көркемдік сипатын арттыра түседі.



: Олай болса, көк түріктер еліндегі көне жыр – «Күлтегінді» мұқият оқып, көне сөздермен де таныс болайық, достар!



Ассонанс (*французша assonance, латынша assona – үйлесім*) – өлең жолдарының *дауысты дыбыстардан* үндесе қайталануы. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы:

Ақжайыққа жөнеген.
Айдың өткен нешесі,
Ай қараңғы кешесі,
Падишадан кем емес,
Ер Төлеген келбеті.

Аллитерация – өлең жолдарының бірыңғай *дауыссыз дыбыстардан* басталып, үндесе қайталануы. Мысалы, «Күлтегін» жырындағы:

...Теңізге сәл жетпедім.
Түстікте – Тоғыз Ерсенге дейін жауладым,
Тибетке сәл жетпедім, Батыста – Инжу өзенін кеше
Темір қақпаға дейін жауладым.
Терістікте – Байырқы жеріне дейін жауладым...

Бірінші жыр



1. Тәңірідей, тәңіріден жаралған
Түрік Білге¹, қаған²
Бұл шақта отырдым.
Сөзімді түгел естіңдер:
Бүкіл жеткіншегім, ұланым,
Біріккен өулетім, халқым,
Оңымда шад³, апа, бектер,
Солымда – тархан, бұйрық бектер,
Отыз.

2. Тоғыз оғыз бектері,
халқы,
Бұл сөзімді мұқият тыңда,
Терең ұқ.
Ілгері – күн шығысында,
Оң жақта – күн ортасында⁴
Кейін – күн батысында, Сол жақта –
түн ортасында⁵
Осының ішіндегі халықтың бәрі
Маған қарайды, халықты.

¹ Түрік Білге – кісі аты. «Ақылды, данышпан, кемеңгер» деген ұғымды білдіреді.

² қаған – хан деген сөз

³ шад – ақсүйектерге, әскербасыларына берілетін атақ

⁴ күн ортасында – оңтүстік

⁵ түн ортасында – солтүстік. С.Е. Малов бұны орыс тіліне чернь (лес, горы) деп аударған.

3. Осынша көп еттім. Егер қазір
баяғы кексіз түрік қағаны Өтүкен¹
қойнауында отырса, (онда) елде
мұң жоқ.

4. Ілгері – Шаңтүң жазыққа дейін
жауладым,
Теңізге сәл жетпедім.
Түстікте – Тоғыз Ерсенге дейін
жауладым,
Тибетке сәл жетпедім, Батыста –
Инжу² өзенін кеше
Темір қақпаға дейін жауладым.
Терістікте – Байырқы жеріне дейін
жауладым...

5. Алтынды, күмісті, дақылды,
жібекті соншама шексіз беріп
жатқан табғаш халқының сөзі тәтті,
бұйымы асыл еді.

(Олар) тәтті сөз, асыл қазынасын
беріп, жырақтағы халықты (өзіне)
сонша жақындатар еді. ...

6. Ақылды кісілерді, батыл кісілерді
табғаштар қозғай алған жоқ.
(Егер) бір кісі алданса,
(онда) руы, халқы тұқымына дейін
қалмас еді.

Тәтті сөз, асыл дүниесіне
көп алданып
Түркі халқы, қырылдың,
Түркі халқы, жойылдың,
Түстікте Шұғай қойнауы түгіл,
Түн жазығына қоныстансақ
десуші ең.
Түркі халқы, жойылдың.

¹ Өтүкен – Алтай тауының ежелгі атауы

² Инжу – Сырдария өзені

7. Соның үшін алдандың,
 Қағаныңның тілін алмадың,
 Жер-жерге бардың,
 Өбден алқынды, арылдың.
 Сонда қалғандар жер-
 жерге қаңғып
 өлімші босқын (боп еді).
 Тәңірі жарылқағандықтан,
 Өзімнің бақытым бар
 болғандықтан
 Қаған отырдым.
 Қаған болып.

8. Жоқ, кедей халықты көп көтердім,
 Кедей халықты бай қылдым,
 Аз халықты көп қылдым.
 Осы сөзімде өтірік бар ма?
 Түркі бектері, халқы, бұны
 тыңдаңдар!
 Түркі халқын жиып,
 Ел болғандарыңды мұнда бастым.
 Жаңылып, кешкендеріңді де мұнда
 бастым.

9. ...Мен мәңгі тас...
 Табғаш қағаннан бәдізші¹
 алдырдым, жазу жазғыздым,
 Менің сөзімді бұзбады.

10. (Бұрын) бұл аялдама болса,
 Қазірде аялдама жер болса,
 Сол аялдама жерге
 Мәңгі тас қалаттым,
 жаздырдым.
 Бұған қарап, мынаны біліңдер –
 Ол тас... тым²
 Бұл жазуды жаздырғанның
 аты – Иоллығтегін.

Аударған: Мырзатай Жолдасбеков

¹ бәдізші – тасқа қашап өрнек салатын бедерші

² Тастағы өшіп қалған сөздің орнына көп нүкте қойып отырмыз. Өшкен сөздің мағынасын ажыратуға болады.



: 1-тапсырма. Жырдың мазмұнында не баяндалады?



: 2-тапсырма. Жырдың негізгі идеясы неде?



: 3-тапсырма. Берілген үзіндідегі *сөзі тәтті, бұйымы асыл* тіркестерін түсіндіріп, қандай көріктеу құралына жататынын айтыңдар.

Алтынды, күмісті, дақылды,
жібекті соншама шексіз беріп
жатқан табғаш халқының сөзі тәтті,
бұйымы асыл еді.



: 4-тапсырма. Кедей халық → бай халық, аз халық → көп халық деген тіркестердің мағынасын ашып, ойларыңды жыр жолдарымен дәлелдендер.



: 5-тапсырма. Жырдағы «Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті соншама шексіз беріп жатқан табғаш халқының сөзі тәтті, бұйымы асыл еді...» деген жолдарды оқи отырып, табғаш халқы туралы ойларыңды тұжырымдаңдар.



: 6-тапсырма. Топта жырдың композициялық жүйесін талқылап түсіндіріңдер.



: 7-тапсырма. Жоғарыда көрсетілген жыр жолдары мен хрестоматияда берілген «Күлтегін» жырынан аллитерация мен ассонанстарды тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.



: 8-тапсырма. Шығарма түйінін пайдалана отырып, өздеріңнің не туралы жоспарлайтындарыңды жазып, ойды жалғастырыңдар. «... Бұл жазуды жаздырғанның аты – Иоллыгтегін...» – «...Бұл жазуды жаздырғанның аты – Нұрасыл» (өр оқушы өз есімін жазады).



: Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 4 минут.

1. Мәтіндегі Бумын, Істемі қағандардың мемлекет құру жолындағы еңбегін ашып көрсететін жыр жолдарын көрсетіп жазыңдар.
2. «Көк төңірі» сөзіне сызба құраңдар.



: **2-мәтін. Уақыт мөлшері: 10 минут.**

1. Осы оқиғаның соңын жазыңдар. Не жайында айтылады? *«Білместігі үшін, Бізге жауыздығы үшін қағаны өлді...»*
2. *«Ақылды кісілерді, батыл кісілерді табағаштар қозғай алған жоқ»* деген жыр жолдарында не жайында айтылады?
3. Естіген шығарма үзіндісін дәптерлеріңе қарасөзбен жазып шығыңдар.

ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ

Жиёмбет жырау Бартоғашұлы 1570–1575 жылдар шамасында туып, 1643 жылы дүниеден өткен.

Қазақтың аса дарынды жырауы, биі әрі батыры. Ол Кіші жүздің Байұлы тайпасының Тана руынан¹ шыққан. Жиёмбеттің жас шағы қазіргі Батыс Қазақстан аймағының Өзен, Жем, Арал аралығындағы ауылдарда өткен. 16 жасынан хандар, билер, батырлар жанында жүріп, ел билігіне араласады.



Өсе келе ол Есім ханның беделді биі әрі батыры дәрежесіне көтеріледі. Талай ұрыс, шайқастарға қатысып, ерлік көрсетеді. Ханның жауынгер жасағын басқарып, жеңімпаз қолбасшы болады.

Ол сонымен бірге Еңсегей бойлы Ер Есімнің Кіші жүз еліндегі ең бір беделді бас биі ретінде танылады. Жиёмбет, әсіресе, 1620 жылғы Есім ханның ойрат-қалмақтармен соғысы кезінде ерекше ерлік, тапқырлық көрсетіп, шапқыншы жауды ойсырата жеңіп, бетін қайтарады. Жиёмбет жырау өте әділ, алғыр адам болған.

¹ ру – арғы атасы бір туыстардың тобы



Жыр (көне түркі тілінде – *иыр*) – бірнеше оқиға тізбектелген жыр жолдары, поэзиялық шығармалардың жалпы атауы.

Жыршы – жырды орындаушы, жырды айтушы, таратушы.

Жырау – өз жанынан жыр шығарып айтатын, сонымен қатар эпостар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі.

Толғау – дидактикалық сарынды, белгілі оқиғаны немесе оқиғаларды баяндайтын поэзиялық үлгідегі, бір мақаммен немесе белгілі бір (қобыз, домбыра т.б.) музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын жанр.

Еңсегей бойлы Ер Есім



Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есім, сені есірткен,
Есіл де менің кеңесім.
Ел білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.
Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
Айналып ақыл табарға,
Есіктегі ебесін,
Сонда, ханым, не десін?!
Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит түрткіні көресің.
Жиёмбет қайда дегенде,
Не деп жауап бересің?..
Менімен, ханым, ойнаспа!
Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайыңдай.
Зорлығымды сұрасаң,



Бекіре менен жайындай.
 Беріктігімді сұрасаң,
 Қарағай менен қайындай.
 Көруші едім, Есім хан,
 Ханымды – күнім, сізді – айымдай.
 Сырым саған түзу-ді,
 Садаққа салған бұлындай.
 Жұмыскерің мен едім,
 Сатып алған құлындай.
 Жүруші едім араңда,
 Өзіңнің інің мен ұлындай...
 Тілеуберді құлың мен емес,
 Мұның, ханым, жөн емес.
 Менің ер екенімді көргенсің,
 Өуелден бірге жүргенсің,
 Дегенімді қылғансың,
 Қайратымды білгенсің,
 Аптықпа, ханым, күңнен соң,
 Сіздің естен кеткенмен,
 Біздің естен кеткен жоқ.

Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
 Соқыр бурыл байталға
 Сонда бір жайдақ мінгенсің.
 Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
 Қаланың қасы бұлгенде,
 Қаз мойынды ханшаңыз
 Қалада тұрып жылаған.
 Тал шарбаққа мал сақтап,
 Тас қалада жан сақтап,
 Тасқан екен мына хан!
 Қайырылып қайыр қылуға,
 Қылғаның жоқ ұнаған.
 Қайратым қанша қайтса да,
 Мұныңа, ханым, шыдаман!
 Арқаға қарай көшермін.
 Алашыма ұран десермін,
 Ат құйрығын кесермін,
 Ат сауырын берермін.
 Алыста дәурен сүрермін.
 Қарамасаң, ханым, қарама,
 Сенсіз де күнімді көрермін.



: 1-тапсырма. Берілген шығармадағы аллитерация мен ассонанстарға мысал теріп жазыңдар.



: 2-тапсырма. Толғаудың негізгі идеясы неде?



: 3-тапсырма. Жиёмбет образына сипаттама беріңдер.



: 4-тапсырма. Есім ханға мінездеме беріңдер.



5-тапсырма. Шығарма үзіндісін пайдалана отырып, ойларыңды тұжырымдаңдар. Кейіпкер не себепті ханға өкпеледі? Оның реңжігені қандай сөздерден білінеді?

Арқаға қарай көшермін.
Алашыма ұран десермін,
Ат құйрығын кесермін,
Ат сауырын берермін.
Алыста дәурен сүрермін.
Қарамасаң, ханым, қарама,
Сенсіз де күнімді көрермін.



6-тапсырма. Толғау құрылысына талдау жасап (ұйқасы, бунақ, тармақтарының ерекшелігіне қарай), дәптерлеріңе жазыңдар.



7-тапсырма. Шығармадан теңеулерді теріп алып, дәптерлеріңе жазыңдар.

7–10 теңеу – 5 ұпай
5–7 теңеу – 3 ұпай

3–5 теңеу – 2 ұпай
1–3 теңеу – 1 ұпай



8-тапсырма. Жоғарыда көрсетілген жыр жолдары мен хрестоматияда берілген Жиёмбет толғауынан *троп* түрлеріне картотека жасаңдар.



9-тапсырма. Жиёмбет толғауының мазмұнын талдап, эссе жазыңдар. Жырау ханға қандай талап қойып отыр? Не себепті Жиёмбет жырау халық атынан сөйлеген?



Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 12 минут.

1. Мәтінді тыңдай отырып, бос орындарға төмендегі жыр жолдарындағы сөздерді қойып оқыңдар.

Еңсегей бойлы Ер Есім,
 Есім, сені есірткен
 Есіл де менің _____.
 Ес білгеннен, Есім хан,
 Қолыңа болдым сүйесін,
 Қолтығыңа болдым демесін.
 Ертеңгі ___ болғанда,
 Елің кеңес құрғанда,
 Айналып ақыл табарға
 Есіктегі ебесін,
 Сонда, ханым, не десін?!
 Мен жоқ болсам, Есім хан,
 _____ көресің.
 Жиёмбет _____,
 Не деп жауап бересің?..
 Меніменен, ханым, ойнаспа,
 Менің ерлігімді сұрасаң,
 _____.
 Өрлігімді сұрасаң,
 Жылқыдағы асау тайыңдай.
 Зорлығымды сұрасаң,
 Бекіре менен _____.
 Беріктігімді сұрасаң,
 Қарағай менен қайыңдай.
 Көруші едім, Есім хан,
 Ханымды – күнім, сізді – айымдай.
 Сырым саған түзу-ді,
 Садаққа салған бұлыңдай.
 _____ мен едім,
 Сатып алған құлыңдай.
 Жүруші едім араңда,
 Өзіңнің інің менен ұлыңдай...
 Тілеуберді құлың мен емес,
 Мұның, ханым, жөн емес.
 Менің ер екенімді көргенсің,
 Өуелден бірге жүргенсің,
 Дегенімді қылғансың,
 Қайратымды білгенсің.

Аптықпа, ханым, күннен соң,
Сіздің естен кеткенмен,
Біздің естен кеткен жоқ.
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр бурыл байталға
Сонда бір жайдақ мінгенсің...
Қалмақтың _____ келгенде,
Қаланың қасы бүлгенде,
_____ қалаға қылаған,
Сұлтандар суға сылаған,
_____ ханшаңыз
Қалада тұрып жылаған...

2. Мәтінді тыңдай отырып, теңеу сөздерді теріп жазыңдар.



2-мәтін. Уақыт мөлшері: 11 минут.

1. Осы оқиғаның соңын жазыңдар. Не жайында айтылады?

«...Бастап келген өзге емес,
Жиёмбет сынды биіңді.
Малын салып алдына,
Өр саладан құйылды...»

2. Естіген шығарма үзіндісін қарасөзбен жазып шығыңдар.



10-тапсырма. Сенің ойыңша, Жиёмбеттің ханға өз пікірін ашық айтуы дұрыс па? Жыраудың орнында өзің не істер едің? Жырда айтылатын тарихи кезеңнің ерекшелігін есте ұста.

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

Қазтуған Сүйінішұлы – батыр, жырау. Халық арасында «Қарға бойлы Қазтуған» атанып кеткен айтулы жорық жырауы.

Қазтуған жырау – ноғай ордасының билеушісі Сүйініш мырзаның ұлы. Қазтуған жырау – жорық жыршысы және халық эпосын жасаушы.

Қазтуған жырау туған жері мен халқы туралы көптеген шығармалар қалдырса да, оның көптеген туындылары бізге дейін сақталмаған.



Қазтуған бабамыздың «Мадақ жыры», «Туған жермен қоштасу» сынды шығармаларының дидактикалық ойы, поэзиялық, көркемдік сипаты өте терең.



Монолог – кейіпкердің көпшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы.

Қазтуғанның қонысымен қоштасуы



Еділді қоныс етпеңіз,
Жағалай қалмақ алады.
Жайықты қоныс етпеңіз,
Сыдыра біткен көкжиек,
Көпірлер қала салады.
Аштарханды¹ қоныс етпеңіз,
Шәһерін оның алады.

Еділді алса – елді алар,
Енді алмаған не қалар?

¹Аштархан – қазіргі Астрахан

Жайықты алса – жанды алар,
 Жанды алған соң, не қалар?
 Ойылды алса – ойды алар,
 Ойлашы, сонда не қалар?

Жаз кіреге жақсы деп,
 Дулығалы нарды алар,
 Қыс кіреге жақсы деп,
 Шудасы қалың айырды алар.
 Сусынына шай алар,
 Шайнауына май алар.

Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз,
 Қайран саланың жатқан аңғары-ай,
 Ақ шалмалы пірлердің
 Мешітке жаққан шамдары-ай!
 Менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім
 Ауызы түкті көпірдің
 Күшті болған салдары-ай!
 Көпірден теңдік алуға
 Қайта келер деймісің,
 Мұсылманның баяғы
 Шыңғыстан туған хандары-ай?!
 Бұл қоныстан кетпесең,
 Мұны талақ етпесең,
 Атаңа нәлет көпірдің
 Пайдасына қалмаса игі еді,
 Ноғайлы, қазақ жұртымның
 Кейінгі туған балдары-ай!

Адыра қалғыр көк Жайық,
 Аңырап қалған қонысым!
 Қонысымнан ауған соң,
 Кетпегей еді ырысым.
 Таудағы тарлан бөрі едім,
 Тарылған сынды тынысым.
 Кейінгі өскен жас бала,
 Ақ балтырын түрініп,
 Басарына ерініп,
 Көкірегі күйініп,

Тек тірлікке сүйініп,
 Ықтиярсыз жүгіріп,
 Ауызы түкті кәпірдің
 Етпегей еді жұмысын!..
 Бұл қоныстан кетпесең,
 Мұны талақ етпесең,
 Екеу-екеу сөйлесіп,
 Біздің кейінгі өскен жас бала
 Аузы түкті кәпірдің
 Соқпаса екен пайдасын!

Буыршынның¹ жалғыз қырқар азуы,
 Бөкеннің² желіп өтер төрт саны,
 Бұғының ауыр қара мүйізі,
 Бидайықтың жалғыз соғары,
 Қашаранның ұзын құрығы,
 Ақ орданың тіреу сырығы,
 Айдаса – қойдың көсемі,
 Сөйлесе – тілдің шешені,
 Арғымағын жаз жіберіп, күз мінген,
 Күз жіберіп, жаз мінген,
 Екі жылда бір мінген,
 Жолдасын жолай іздеген,
 Өзіне тиген дұшпанын
 Қарт бурадай тіздеген –
 Мен – Қарға бойлы Қазтуған,
 Қайғыланып асып барамын
 Ноғайлы-қазақ елімнен!



1-тапсырма. Жырдың негізгі идеясы мен тақырыбына сипаттама беріңдер.



2-тапсырма. Шығармадағы психологиялық параллелизмдерге мысал келтіріңдер.

¹ буыршын – төрт жасар түйе

² бөкен – аша тұяқты дала аңы



: **3-тапсырма.** Парталасыңмен Қазтуған жыраудың монологін диалогке айналдырып, сұрақ-жауап түрінде жеткізуге тырысыңдар.



: **4-тапсырма.** Жырда көрсетілген жер-су атауларын картадан тауып, сол кезеңдегі қазақ жерінің ахуалына тарихи сипаттама беріңдер.



: **5-тапсырма.** Жыр жолдарын пайдалана отырып, метафоралар қатарын құрастырыңдар.



: **6-тапсырма.** Қазтуған бейнесіне портреттік сипаттама беріңдер.



: **7-тапсырма.** Шығармадағы *троп* түрлерін дәптерлеріңе теріп жазыңдар.



: **8-тапсырма.** Алдыңғы беттердегі жыр жолдары мен хрестоматияда берілген Қазтуған толғауын суреттеп, сурет салыңдар.



: **9-тапсырма.** Шығарманың жанры мен өлең құрылысына талдау жасаңдар.



: **10-тапсырма.** «Қазтуған және заман» тақырыбына тарихи шолу жасап, мәліметтерге сүйене отырып, эссе жазыңдар.



11-тапсырма. 1. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. *Уақыт мөлшері:* 10 минут.

2. Мәтінді тыңдай отырып, эпитеттерді, ассонанс, аллитерацияларды дәптерлеріңе жазыңдар.



12-тапсырма. Мәтінді тыңдай отырып, көп нүктенің орнына төмендегі жыр жолдарындағы сөздерді қойып, дәптерлеріңе жазыңдар. Үзіндіні жаттап алыңдар.

... жалғыз қырқар азуы,
 ... желіп өтер төрт саны,
 ... ауыр қара мүйізі,
 ... жалғыз соғары,
 ... ұзын құрығы,
 Ақ орданың тіреу сырығы,
 Айдаса – ,
 Сөйлесе – ,
 Арғымағын жаз жіберіп, күз мінген,
 Күз жіберіп, жаз мінген,
 Екі жылда бір мінген,
 Жолдасын жолай іздеген,
 Өзіне тиген дұшпанын
 тіздеген –
 Мен – Қарға бойлы Қазтуған,
 Қайғыланып асып барамын
 Ноғайлы-қазақ елімнен!



ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ



: «Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең, өзің біл» деп жырлаған ғой біздің бабаларымыз. Шынында да, көркемсөзбен бәрін жеткізуге болады. Мұңынды да, сырыңды да, жырынды да, қуанышың мен қайғыңды да...



: Иә, Нұрасыл! Сан алуан шығармалармен танысқанда, қазақ әдебиетінің бай мұрасына қайран қаламын. Дегенмен «толғауы тоқсан қызыл тіл» деген оралым ойыма келсе, мұң мен қайғыны сезетіндей жаным жабырқап кетеді.



: Дұрыс айтасың, Ләйлә! «Жырлар жылға көшеді, Ұрпақ алға өседі» деген. «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деген ұғымның өзінде мұңды да, күйінішті де жеткізе алмаған жеріне тіл жеткізеді деп тұрған жоқ па? Мысалы, тіл туралы қандай мақал-мәтелдерді білесің?



: «Тіземнен сүріндірсең, сүріндір, *Тілімнен* сүріндірме», «Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой», «Өнер алды – қызыл *тіл*». Тіл туралы кейбір деректерді еске алсаң, зарлап өткен зар заман ақындары-ай дейсің еріксіз...



: «Зар заман ақындары» – қазақ әдебиетіне ғалым, жазушы Мұхтар Әуезов атамыз енгізген ұғым. Олар – зар заман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зармен жырлаған ақындар шоғыры. 5-сыныпта осы зар заман ақындарының бірі Дулат Бабатайұлы атамыздың шығармаларымен танысқан едік. Зар заман ақындары шоғырының өкілдері ретінде Дулаттан басқа Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы т.б. ақындарды атай аламыз.



: Мұхтар Омарханұлы Әуезов зар заман ақындары дәуірін Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға жалғастырады. Зар заман ақындары

дәуірінде қазақ қоғамындағы сол кезге дейін қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі орын алды. Зар заман ақындары халқының жай-күйін ойлаған ел қайраткерлері болды. Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітімнен ажырамауға шақырады.



: Олардың шығармаларында Ресей империясы отаршыларының озбырлығы мен сүркия саясаты суреттеледі. Бодандықтың бұғауына бас игісі келмегендердің қайғы-мұңға берілуінің сарыны бар. Осы зар заман өкілдерінің бірі Шортанбай Қанайұлы шығармашылығымен таныспас бұрын төмендегі тапсырмаларды орындайық.



: 1-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Зар заман ақындары кімдер?
2. Зар заман ақындарының шығармалары туралы не ойлайсыңдар?



: 2-тапсырма. Өдеттегі ақын жырлары мен зар заман ақындары жырларының арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар? Салыстыру кестесін жасау арқылы өз ойларыңды дәлелдендер.

Ақын жыры	Зар заман ақынының жыры



: 3-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Зар заман ақындарының өкілдері кімдер?
2. «Зар заман» ұғымын енгізген ғалымның өздерің білетін шығармаларына шолу жасаңдар.
3. Зар заман ақындары шығармаларының идеясы неде?

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ

(1818–1881)

Шортанбай Қанайұлы – XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алатын, өзіндік сөз өрнегі бар өнерпаз. Туған елінің тағдырын болжап, халқының басына түскен ауыртпалықты көкірегі қарс айырыла жырлаған өз дәуірінің тамаша жырау-ақыны. Сол кездегі қоғамдық қайшылықтардың бет пердесін ашып, оған қарсы саяси күрес жүргізе де білген қайраткер.



Жастайынан мұсылманша оқып, замандастары қатарлы білім алған. Бұрыннан қазақ халқының қасиетті астанасы іспетті Түркістан қаласы, оның сол тұстағы алты алашқа танымал даңқы жас ақынға әсерін тигізбей қойған жоқ.

Жастайынан өзіне білім мен өнерді серік еткен Шортанбай сол кездегі өзі өскен Түркістанмен бірге, Бұхар, Самарқан шаһарлары мәдениетімен де танысып, мұсылманшылық оқуындағы ишандық¹ дәрежеге дейін қол жеткізген. Ол өз заманының жалынды ақыны, ақылгөй шешен жырауы болды. Шортанбай ақындығының дәуірлеген тұсы қазақ елі дағдарысқа душар болған аса ауыр кезең болды. Шортанбай шығармаларының басты идеясы – ел тұрмысы, отаршылар мен жергілікті әкімдердің озбырлығы, қоныс қысымы т.б. Біз Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» атты шығармасымен танысайық.



Анафора – өлеңнің әр жолының (тармағының) немесе әрбір ой ағымының бірдей сөзден қайталанып басталуы. *Мысалы:*

*Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.*

Эпифора – өлеңнің әр жолының (тармағының) немесе ой ағымының соңындағы сөздің қайталанып аяқталуы. *Мысалы:*

*Алуан-алуан жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.*

¹ ишан – діни атақ

Зар заман



Зар заман, зар заман,
 Зарлап өткен бір заман...
 ...Жөн білмеген жамандар
 Ел билеген бек болды,
 Көтере алмай билігін,
 Ұласқан үлкен кек болды,
 Ниетіне қазақтың
 Тым-ақ төуір еп болды –
 Заманақыр болар деп,
 Сол себептен қорқамын!

Қыс көбейді – жаз аз боп,
 Бай таусылды – мал аз боп,
 Ағайыны көре алмай,
 Атаға бала араз боп.
 Өр нәрсенің болжалы
 Келе жатыр жақындап.
 Елге егін жайылды,
 Байға қоңсы жоламас.
 Алдап-арбап жүрем деп,
 Өз тілегін тілемес.

Арам сулы балаға
 Атаның сөзі ұнамас.
 Заманақыр боларда
 Алуан-алуан жан шықты,
 Қайыры жоқ бай шықты.
 Сауып ішер сүті жоқ,
 Мініп көрер күші жоқ,
 Ақша деген мал шықты...
 ...Байлар ұрлық қылады,
 Көзіне малы көрінбей,
 Билер жейді параны
 Сақтап қойған сүріндей.
 Заманың сенің құбылды
 Текеметтің түріндей...

Мына заман қай заман?
 Азулыға бар заман,
 Азусызға тар заман.
 Тарлығының белгісі:
 Жақсы – жаннан түңілген,
 Жаман – малдан түңілген,
 Мұның өзі – зар заман.
 Зарлығының белгісі:
 Бір-бірлерін күндеген,
 Жай-жайына жүрмеген,
 Мұның өзі – тар заман...

...Орыс – бүркіт, біз – түлкі,
 Аламын деп талпынды,
 Орыстан қорлық көрген соң,
 Отырып билер алқынды.
 Мың-мың жылқы айдаған,
 Сары қазы шайнаған,
 Қымызын судай сапырған,
 Арқаның жазын қашырған,
 Жылқының етін жемес-ті,
 Жағаласқан мына жау
 Кетіретер сонда сиқыңды.

Бұхарға жетер күн болса,
Тыншытар ма едің ұйқыңды?
Қанар көпір халықты
Көп жасады неліктен?

Қартайғанша мал дейді,
Өлгеніне жан дейді, –
Бү дүниенің қызығын
Көңіл шіркін қоймайды...

Зар заманның аяғы –
Заманың кетті баяғы,
Ықылас-ниет қалмады,
Үлкенге билік салмады,
Жарлының жалғыз сүйеніші
Мал болыпты таяғы.
Айырылмай дерт болды
Кедейге қылған қорлығың...
...Абақты түр қасыңда
Қазылған қара көріңдей!..



1-тапсырма. Берілген жыр жолдарын жатқа оқыңдар.

Зар заман, зар заман,
Зарлап өткен бір заман...
...Жөн білмеген жамандар
Ел билеген бек болды,
Көтере алмай билігін,
Үласқан үлкен кек болды,
Ниетіне қазақтың
Тым-ақ тәуір еп болды –
Заманақыр болар деп,
Сол себептен қорқамын!
Қыс көбейді – жаз аз боп,
Бай таусылды – мал аз боп,
Ағайыны көре алмай,
Атаға бала араз боп.
Өр нәрсенің болжалы
Келе жатыр жақындап.

Елге егін жайылды,
 Байға қоңсы жоламас.
 Алдап-арбап жүрем деп,
 Өз тілегін тілемес.
 Арам сулы балаға
 Атаның сөзі ұнамас.
 Заманақыр боларда
 Алуан-алуан жан шықты,
 Қайыры жоқ бай шықты.
 Сауып ішер сүті жоқ,
 Мініп көрер күші жоқ,
 Ақша деген мал шықты...



: 2-тапсырма. Шығарманы баяндап беріңдер.



: 3-тапсырма. «Зар заман» сөзіне сызба құрастырыңдар.



: 4-тапсырма. Жырда көрсетілген тарих кезеңін интернет, ақпарат көздерінен қарастырып, сол кезеңдегі қазақ жерінің ахуалына тарихи сипаттама беріңдер.



: 5-тапсырма. Жырдағы көріктеу құралдарын талдап көрсетіңдер (метафора, эпитет, теңеу).



: 6-тапсырма. Шортанбай бейнесіне портреттік сипаттама беріңдер.



: 7-тапсырма. Берілген шығарманың бунақ, тармақ санын ажыратып, әдеби-теориялық талдау жасаңдар.

Мына заман қай заман?
 Азулыға бар заман,
 Азусызға тар заман.
 Тарлығының белгісі:
 Жақсы – жаннан түңілген,
 Жаман – малдан түңілген,
 Мұның өзі – зар заман.
 Зарлығының белгісі:
 Бір-бірлерін күндеген,
 Жай-жайына жүрмеген,
 Мұның өзі – тар заман...



: 8-тапсырма. Жоғарыда көрсетілген жыр жолдары мен хрестоматияда берілген Шортанбай толғауындағы оқиғаларға ғылыми деректер жинап, достарыңмен бірге сынып бұрышына ғылыми деректер қорын құрастырыңдар. Деректерді энциклопедиялар мен интернет қорын пайдалану арқылы жинауға болады.



: 9-тапсырма. Шығарманың жанры, идеясы, тақырыбына талдау жасаңдар.



: 10-тапсырма. «Зар заман және Шортанбай» тақырыбына тарихи шолу жасап, мәліметтерге сүйене отырып, эссе жазыңдар. Эсседе Шортанбай толғауларының көркемдігі мен жанрлық ерекшелігіне мән беріп, тақырыбын ашу маңызды.



: 1. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 12 минут.

2. Мәтінді тыңдай отырып, эпитеттерді, ассонанс, аллитерацияларды жазыңдар.

2-мәтін. Уақыт мөлшері: 12 минут.



: Мәтінді тыңдай отырып, дәптерлеріңе баяндап жазыңдар.

3-мәтін. Уақыт мөлшері: 12 минут.



: Мәтінді тыңдай отырып, кестені дәптерлеріңе толтырыңдар.

Зар заман	Оқиғалар / өлең жолдарынан зар заман көріністеріне дәлелдеме/	Өз пікірің
1		
2		
1		
2		

СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ

(1815–1898)

Сүйінбай Аронұлы Алматы маңындағы Қарақыстақ ауылының Бұлақ деген жерінде 1815 жылы дүниеге келіп, 1898 жылы 83 жасында дүние салған. Даңқты жырау жасында жоқшылық тауқыметін көп тартқан. Жастай жетім қалып, байдың малын баққан. Ол туралы өлеңдерінде ақынның өзі де айтады.

Жастайынан жыраулығымен елге танылған. Сүйінбай поэзиясы терең философиясымен, ой сұлулығымен, ақын тіліндегі соны поэтикалық өрнек-айшықтарымен ерекшеленеді. Ол – «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр», «Жабай батыр», «Қарасай батыр» сияқты толғаулардың авторы.





Айтыс – тартыс пен қақтығысқа, суырыпсалмалыққа құрылған ауыз әдебиеті жанры.

Айтыстың түрлері



Ғалым пікірі:

«Сүйінбай – айтыс өнерінің алтын діңгегі».

Мұхтар Әуезов

Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы



1847 жылы қырғыздың шонжар манабы Орманхан ас береді. Бұл жиында қазақ пен қырғыздың игі жақсылары бас қосады. Қазақ ақыны Сүйінбай, қырғыз ақыны Қатаған да осы аста кездеседі.

Қырғыздың шоң манабы Бәйтiк қазақтан келген қалың топқа: «Тезек төре! Мына бадана көз, сұлу жігіт Сүйiнбай ақын емес пе?!» – дедi. Өзiнiң аты бiрiншi аталғанда **Сүйiнбайдың** айтқаны:

– Ассалаумағалейкүм, сәлем бердiк,
Мүбәрек жүздерiңдi жаңа көрдiк.
Атақты ас жиынды құттықтауға,
Бауырлас қырғыз елi, саған келдiк.

Жүйрiктер қосылмаған қою шаңға,
Қосылар қыран бүркiт қашқан аңға.
Хан Жантай, Қара Бәйтiк, Өтекеңе,
Келiп ек амандаса Орманханға.

Қол жайып, құран оқып өткендерге,
Әруағын атаң, қырғыз, келдiм жоқтай.
Алдына қалың қырғыз келгеннен соң,
Жарай ма қайтып кету көңiл айтпай?!

Қырағы аспандағы ақиықпын,
Құмары басылмайтын борандатпай!

Сүйiнбай осылай деп тоқтағанда, Бәйтiктiң тасасында отырған қағылез, қайыстай қара жігіт қарғып тұрып, қолына домбырасын ала айғайды салып, Сүйiнбайға тиiседi.

Қатаған ақын:

– Ау, Сүйiнбай, тоқтат сөзiңдi...
Ақынмын деп ойлайсың,
Мен тұрғанда өзiңдi!
Қисық ағаш кездестi,
Басыңнан өлең жаудырып,
Бiр құрайын тезiмдi!¹
Барың болса қарышта,
Барар жерiң сезiлдi!
Менiң атым – Қатаған,
Қоңырбөрiк асында,
Бес жүз жылқы матағам!
Сүйiнбай тәуiр ақын деп,
Мұның несiн атаған!

¹ тезiмдi – күш көрсету, тезге салу мағынасында

Құс мойынды, қоян жон,
Тұлпардан туған жатаған!
Сүйінбай сенен жеңілсем,
Қатаған болмай қатайын,
Көк шешектен жатайын!
Қырғызға өкеп мақтанып,
Беш тиынға-ау сатайын!
Ау, көптігімді де айтайын.

Батыр Жантай бегім бар,
Егізек пен Тоғызақ,
Бұғы деген қырғызым,
Маңдайға біткен жұлдызым!
Байлық десең, бізде бар,
Батырлық десең, бізде бар!
Ел шетінен айтайын,
Сарыбақ үш мың дұлым¹,
Жағамдағы құндызым!
Маңдайдағы жұлдызым,
Бұғы деген жұртым бар,
Байлық десең, мұнда бар,
Көптік десең, мұнда бар!
Беттік десең, мұнда бар,
Көкше қоян құмда бар,
Біздей ерчі² қайда бар!

Сүйінбай!
Зар жылатқанмын талайын!
Қимылдашы, кәнеки,
Қай жақсың бар, ей, Қазақ,
Сыртыңнан бағып тұрайын!
Алатаудан төтелеп,
Тауешкідей, тік басып,
Саяғыма шығайын!
Сүйінбай ақын байқадым...
Сыртыңнан бағып қарайын! –

¹ дұлым – қырғызша көппін деген мағынада

² ерчі – батыр, ер

деп демін алғанда, Қатағанның екпінінен жасқанған Тезек төре Сүйінбайға жалтақ-жалтақ қарай береді.

А дегенде Сүйінбай булығып қалады. Сол кезде Бөлтірік батыр Тезек төреге: «Ей, төрем, көтер басыңды, қаныңды қашырма. Сүйінбай өлең таппай отыр дейсің бе?! Булығып отыр. Сүйінжан, шығар дауысыңды», – дегенде, Тезек төреден бастап сөйлеп кетеді.

Сондағы Сүйінбайдың Қатағанға айтқаны:

– Қашырма төре, қаныңды,
Кіргізейін жаныңды,
Қатағаннан жеңілсем,
Талап алғын малымды!
Іздегенім осы еді,
Іздегенім табылды.
Қатаған сөзден жаңылып,
Өз-өзінен жаңылды.
Қызып тұрған темірге,
Өзі келіп қарылды!

Қабағын шытса Сүйінбай,
Айдап келіп берерсің,
Алдыңдағы малыңды,
Малың түгіл барыңды!
Жүйрік аттай көсілсем,
Көре алмассың шаңымды...
...Сүйінбай сынды ақынды,
Жеңемін деп ойлайсың...
...Шапырашты елім бар,
Асқар таудай белім бар!
Байтақ жатқан елімнен,
Шапыраштыға сенім бар.
Тұлпар мініп жаратқан,
Жауын жеңіп қаратқан!
Маған қандай теңің бар?
Сұраншы, Саурық аттанса,
Сыртқы жауға өлім бар!..
...Шапырашты қалың ел,
Жауды көрсе қаптаған,
Сабыр қылып саспаған.

Қарасай үлкен ер еді,
 Есімі елге белгілі.
 Асыл заттың бірі еді,
 Аруағы дүркіреп,
 Басылмай өлі келеді!
 Тұлпар шапса талмаған,
 Бар қазақтың ұлында,
 Онан асқан болмаған!
 Даңқты батыр болмаған!..
 Даңқты батыр ер еді,
 Бүкіл қазақ жиналса,
 Қарасай білсін дер еді!
 Мен Қарасай ұлымын,
 Нар келдемнің¹ түрімін.
 Айтулы ердің бірімін,
 Шапырашты батыр ел,
 Батыр туған мен едім!
 Менменсіген мықтының,
 Талайын жеңген ер едім.

Қырғыз, Қазақ елдесіп,
 Тыныштықта тұрғанда,
 Анау-мынау демегін!..
 Топ бастаған бұлбұлмын,
 Сөз бастаған жүйрікпін,
 Судан шыққан сүйрікпін,
 Бөйгеден озған дүлдүлмін... –

деп тоқтайды Сүйінбай.

– Ботам, Сүйінбай! Сен жеңдің, Қатаған жеңілді. Қатаған көппін деп мақтанды, аттың түгіндей қазақтан қырғыз қашан көп болып еді?! Бірақ қазақ ала ауыз ел, өттең, сен осыны айтпадың, Қатаған! – деп ашуланады батыр Жантай.

– Өзіндей қазақтың жүйрік, алғыр ақынынан қалың қырғыз ешбір сыйын аямайды. Бір еркелігіңді көтереміз. Жеңген жұлдеңе не таңдайсың? Соны өлеңмен айтшы, Сүйінжан! – дейді екі елдің айтысын басқарып отырған, төрағасы Қара Бөйтк.

¹ нар келде – нар тұлғалы алып

Сүйінбай:

– Ер-тоқымы алтыннан
 Бір ат бергін астыма,
 Өсемдетіп мінерге.
 Керегесі күмістен,
 Босағасы асыл тас,
 Бір ақ отау үй бергін,
 Еңкейіп оған кірерге!
 Алтын қынап, қылыш бер,
 Білегіме ілерге...
 Он бес атан түйе бер,
 Жүгімді артып жүрерге.
 Тоғыз жүз жылқы берерсің,
 Еліме айдап барарға!
 Тоғыз жүз жамбы берерсің,
 Сандығыма саларға!
 Іздеп келген Сүйінбай –
 Кем берсең, мұнан алар ма?!
 Келістіріп сөйлесе,
 Жақсыдан сөз қалар ма?!
 Өз ойына сенбесе,
 Суырылған жүйрік болмаса,
 Жақсылар алдына келер ме?! –

дейді ақын өзiл-шыны аралас, базыналық бiлдiрiп.

– Сүйінбай ботам! Екі елдің бас қосқан үлкен айтысында Қатағанды жеңгенің үшін: алты қанат ақ орда, алтын бесік, бір бүркіт, мойнында күміс қарғысы бар екі тазы сыйлаймыз. Риза бол, қарағым! – дейді Қара Бәйтік асқа жиналған күллі қазақ пен қырғыздың ортасында.



1-тапсырма. Айтыстың неше түрі бар? Айтыс туралы зерттеулер жазып, пікір қалдырған тұлғалар шығармашылығымен таныстырыңдар.



2-тапсырма. Сүйінбай образына мінездеме беріңдер.



: **3-тапсырма.** Берілген шығарманың өздеріңе ұнаған жерін жатқа оқыңдар.



: **4-тапсырма.** Қатаған образына талдау жасаңдар.



: **5-тапсырма.** Айтыстағы монологтік сипатты көрсететін жыр жолдарын тауып оқыңдар.



: **6-тапсырма.** Айтыстағы негізгі тартыстардың оқиғалар тізбегін құрастырыңдар.



: **7-тапсырма.** Берілген шығармадан үзінді ала отырып, бунақ, тармақ санын ажыратып, дәптерлеріңе сызба жасап түсіріңдер.



: **8-тапсырма.** Жоғарыда көрсетілген жыр жолдары мен хрестоматияда берілген Сүйінбай толғауына ғылыми деректер жинақтап, достарыңмен бірге ғылыми жоба тақырыбы мен мақсатын анықтаңдар.



: **9-тапсырма.** Ғылыми жобаның мақсатын негізге ала отырып, таңдалған тақырыпқа сай деректемелер кестесін құрастырыңдар.



: **10-тапсырма.** Қатаған, Тезек төре, Бөлтірік шешен образдарына кейіпкер сипаттамасын беріңдер.



: **11-тапсырма.** Шығарманың жанрына, идеясына, тақырыбына талдау жасаңдар.



12-тапсырма. Жинақталған деректеме кестесі негізінде жоба жұмысының жоспарын белгілеп, ғылыми жобаның кіріспе, негізгі бөлімдерін өзірлеңдер.



13-тапсырма. Жоба жұмысының негізгі бөлімін талдай отырып, сыныптастарыңмен бірге тақырыпқа байланысты өзірлеген ақпараттарыңды ортаға салыңдар.



14-тапсырма. Жоба жұмысын қорытындылап, қорғауға ұсыныңдар.



15-тапсырма. Жоба жұмысы нәтижесінде алған ақпараттардың негізінде тарихи мәліметтерге сүйене отырып, «Айтыс – халық қазынасы» тақырыбына эссе жазыңдар.




16-тапсырма. Өздеріңе ұнаған айтыс түрін таңдап алып, сыныпта айтыс ұйымдастырыңдар.



Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 9 минут.

Мәтінді тыңдай отырып, Сүйінбай мен Қатаған образын салыстырыңдар.



2-мәтін. Уақыт мөлшері: 7 минут.



: Мәтінді тыңдай отырып, Қатағанның сөзіне Сүйінбайдың атынан жауап жазыңдар.

3-мәтін. *Уақыт мөлшері:* 6 минут.



: Мәтінді тыңдай отырып, қайталау түрлерін теріп жазыңдар.

4-мәтін. *Уақыт мөлшері:* 5 минут.



: Мәтінді тыңдай отырып, ассонанс пен аллитерацияларды теріп жазыңдар.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

(1846–1945)



Жамбыл Жабаев – қазақ халық поэзиясының ақыны, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы. Туған жері – Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының етегі.

Ол бозбала кезінде өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылды. Осы кезде өрттей жалындап, жұрт аузына іліккен жас Жамбыл Жетісудың дүлдүл ақыны Сүйінбайға жолығып, батасын алады.

Сол кездегі Айкүміс, Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, Құлანаяқ Құлманбет сияқты белгілі ақындармен айтысқа түскен Жамбыл үнемі жеңіске жететін еді. Қырғыздың Балық, Тыныбек, Қалығұл, Найманбай, Қатаған, Арыстанбек, Сағымбек сияқты ақын-жырау, манасшылармен де өнер таластырған. Тек ақын ғана емес, жыр-дастандарды апталап, айлап жырлайтын жыршы да болған. Жамбыл өзінің «Шағым», «Жылқышы», «Шөбденге», «Сөт сайланарда», «Өстепкеде», «Патша өмірі тарылды», «Зілді бұйрық» сияқты өлеңдерінде елдің әлеуметтік-саяси өмірін ақындық шыншылдықпен, азаматтық жауапкершілікпен көрсеткен.

Ол 1945 жылы 22 маусымда 100 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Зілді бұйрық

«Верныйдан»¹ жандаралдар бұйрық қылды,
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді.
«Отыз бір – он тоғызды алады» деген.
Суық хабар халықты бұлқындырды.

Жылады сорлы халық малын айтып,
«Кеткен соң қолдан шығып, келмес қайтып», –
Дейді де еңірейді, егіледі,
Қайғының күні-түні күйін тартып.

«Верныйдың» қадам баспай қаласына,
Кемпір, шал жылап жатыр баласына.
Ешбір ем табылмады іздесе де,
Халықтың жүректегі жарасына.

Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап.
«Қырсаң да, баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап.

Пристав ашуланды «аламыз» деп,
Жігіттер түр: «бармаймыз, қаламыз» деп.
«Егер де бұл түріңді өзгертпесең,
Басыңа бір ойранды саламыз» деп.

Ел-ел боп, жиылды кеп, әрбір сайға,
Ал, әлеумет, қараңдар, мына жайға.
Сеңдей болып соғылып толқындады,
«Бір сая бола ма деп – шыбын жанға?»

¹ **Верный** – Алматы қаласының аты, екі мың жылдық тарихы бар Алматының ескі орнына Ресей империясы Ұлы жүздің бағынған аудандарын басқару үшін 1854 жылы Верный әскери-соғыс бекінісін орнатты, ал 1856 жылы Алатау округі құрылды. Үлкен Орда приставы Қапал бекінісінен Верныйға көшірілді. 1867 жылы Верный бекінісі қала статусын алды.

1918 жылы наурыз айында Верныйда Кеңес өкіметі орнады, соған орай 1921 жылы 5 ақпанда Верный қаласы өзінің ежелгі атымен Алматы қаласы деп аталды.



Жиылды бозбалалар бір кезеңге,
«Қарғалы» деген тасқын бір өзенге.
Пристав кетті «еріксіз аламын» деп,
Көресің бұл істі деп, кезегінде.

Бәрін де ол пристав жаттап алды,
Басшыларын қағазға хаттап алды.
Атандырып, бұл елге солдаттарын,
Басты-басты кісіні саптап алды.

Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жанында қан, малында қалмай маңыз.
Оразаның күні еді сол уақытта,
Бұл күнде оразаны не қыламыз!

Суында Қарғалының ауыз ашты,
Бір пәлекет халыққа душарласты.
Басшылары кеткен соң тағат алмай,
Жиылған жұрт дағдарып жанталасты.

Келді де, алып кетті жақсыны айдап,
Барады боздақтардың көзі жайнап.
Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз,
Жөнелді абақтыға соры қайнап.

Жақсыдан жақсы қоймай алды санап,
 Қамалды абақтыға қырғыз, қазақ.
 Білмеді не болғанын сырттағы ел,
 Қамалғандар тірідей тартты азап.

Шулайды абақтыға қамалған көп,
 Сырттағы жүр: «біз енді қайтеміз?» деп,
 Губернатор жандарал жауапқа алды:
 «Жайлауда ту көтеріп, шапқан кім?» деп.

Ешқайсысы айтпаған соң айғай сап кеп,
 Өзі айтты жандаралдың «Бекболат!» деп.
 Бекболат бола қалса ту көтерген,
 Бұйрық қылды: «Дарға асып, тарт!» деп.

Қалиқұлды бірге жазды дарасына,
 Байбосын қоса кетті арасында.
 Абақтыда қалғандар естен танды,
 Көзінің қамшы тиіп қарасына.

Әкетті байғұстарды арбаға сап:
 «Иманыңды айтатын молдаңды тап.
 Үндеріңді шығарма, өңкей надан.
 Мұнан былай сөйлеме, аузыңды жап!»

Самсыны¹ алған екен Ботпай² қамап,
 Оларды жігітімен кетті сабап.
 Тұтқындарды босатып ала алмады,
 Бір пәлеге екінші пәле жамап.

Пристав та Самсыға барған екен,
 Жәнібектің мешітін қамап алған екен.
 Жәнібек қажы жанына ара тұрды,
 Бір болыс ел жиналып барған екен.

Ала алмай күні бойы өлек болды,
 Жәнібек приставқа себеп болды.
 Ертеңінде құтылып Ұзынағашқа,
 Шаңдатып келе жатты қара жолды.

¹ Самсы – жер аты

² Ботпай – ру аты

Бөлек-бөлек топтанып, шоқтай болып,
Бай көпесті өлтірді Ботпай болып.
Қолына онан басқа түк түспеді,
Кезсе де бұл маңайды әбден шолып.

Ақыры ұлыққа түк қыла алмастан,
Не боларын бұл істің біле алмастан.
Күш жинамай, қарусыз ұрыс қылып,
Бозбаланы бітірді кек алмастан.

Шиенде¹ де әскерлермен ұрыс болды,
Сол ұрыста топ басы Саттар өлді.
«Саттар өлді, ел қашты» деген хабар,
Ел-елдерге жайылды оң мен солды.

Шұбырып, тауға қарап ел жөнелді,
Не боларын соңының кім біледі?
Тауға шығып, өрмелеп тасқа бұғып,
Елдің бәрі жанынан түңілді енді.

Ертеңінде ел-елге әскер барды,
«Шапшаң түсіп, келсін» деп хабар салды.
«Қашқандарды атады» дегеннен соң,
Таудағылар кірер жер таба алмады.

Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына,
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысында.



: 1-тапсырма. Өлең не туралы? Тарихи деректемелерді негізге ала отырып, өз ойларыңды ортаға салыңдар.



: 2-тапсырма. Шығарманың мазмұнын баяндап беріңдер.

¹ **Шиен** – Алматы облысы Жамбыл ауданы Суықтөбе тауының солтүстігіндегі елдімекеннің атауы



: 3-тапсырма. *Бұйрық* сөзіне кластер-сызба құрастырыңдар.



: 4-тапсырма. Сол кезеңдегі қазақ жерінің ахуалына тарихи сипаттама беріңдер.



5-тапсырма. Шығарманың ұйқасын талдап көрсетіңдер.



: 6-тапсырма. Жамбыл бейнесіне портреттік сипаттама беріңдер.



: 7-тапсырма. Көріктеу құралдарын тауып, кестені толтырыңдар.

Үзінді	Метафора	Теңеу	Метонимия	Синекдоха	Эпитет
«Верныйдан» жандаралдар бұйрық қылды, Құйрығы бұйрығының тіпті зілді. «Отыз бір – он тоғызды ала- ды» деген. Суық хабар халықты бұлқындырды.					
«Верныйдың» қадам баспай қаласына, Кемпір, шал жылап жатыр баласына. Ешбір ем табылмады іздесе де, Халықтың жүректегі жара- сына.					

<p>Келді де, алып кетті жақсыны айдап, Барады боздақтардың көзі жайнап. Күн ыстық, қайнап тұрған сарша тамыз, Жөнелді абақтыға соры қайнап.</p>					
<p>Шулайды абақтыға қамалған көп, Сырттағы жүр: «біз енді қайтеміз?» деп, Губернатор жандарал жауапқа алды: «Жайлауда ту көтеріп, шапқан кім?» деп.</p>					
<p>Аттандық ұлығының қонысына, Елді сорған борсықтай болы- сына, Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып, Көксеген азаттықтың соғысында.</p>					



8-тапсырма. Оқулықта және хрестоматияда берілген Ж. Жабаев жыр шумақтарын алып, достарыңмен бірге жоба құрастырыңдар.



9-тапсырма. Сабақта алған мәлімет дереккөздеріне сүйене отырып, «Даланың дарқан көңіл ақыны» тақырыбына эссе жазыңдар.



Мәгінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. *Уақыт мөлшері: 7 минут.*

Мәтінді тыңдай отырып, берілген оқиғаны кескінмен немесе қарасөзбен суреттеп беріңдер.

2-мәтін. *Уақыт мөлшері: 11 минут.*



: Мәтінді тыңдай отырып, оқиға кейіпкерлеріне сипаттама беріңдер.

3-мәтін. *Уақыт мөлшері: 12 минут.*



: Мәтінді тыңдай отырып, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді дәптерлеріңе көшіріп жазыңдар.

Бөлек-бөлек топтанып, ... болып,
Бай көпесті өлтірді Ботпай болып.
Қолына түк түспеді,
Кезсе де бұл маңайды

... ұлыққа түк қыла алмастан,
Не боларын біле алмастан.
... жинамай, қарусыз ұрыс қылып,
Бозбаланы бітірді

Шиенде де әскерлермен ұрыс болды,
Сол ұрыста топ басы Саттар өлді.
«Саттар өлді,» деген хабар,
Ел-елдерге жайылды оң мен солды.

4-мәтін. *Уақыт мөлшері: 12 минут.*



: Мәтінді тыңдай отырып, оқиға ізімен бұйрық туралы шығарма жазыңдар.



: **10-тапсырма.** Өлең не себепті «Зілді бұйрық» деп аталған? Өлең тақырыбы ішкі мазмұнын ашып тұр ма? Егер өздерің өлеңге тақырып қойсаңдар, қалай атар едіңдер?



БАЛАЛАР МЕН ҮЛКЕНДЕР

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893–1938)



Мағжан Жұмабаев – қазақ халқының ақыны. Ол 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Мәскеуде оқып жүргенде «Алқа» ұйымын ұйымдастырғаны үшін тұтқындалып, он жылға сотталды. 1937 жылдың аяғында ұсталып, 1938 жылы «халық жауы» деген жаламен ату жазасына кесілді.

Мағжан Жұмабаев – қазақ романтикалық лирикасының дамуына зор үлес қосқан ақын. Өз өлеңдерінде қазақ арасындағы әртүрлі келеңсіз мінез-құлықты, әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынайды. Елін білім алуға, өнер үйренуге шақырады. «Жазғы таң», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қазағым» т.б. өлеңдерінде ақын осы тақырыпты көтереді.

Ақын лирикалық өлеңдермен қатар бірнеше көркем поэмалар жазған. «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Қорқыт» т.б. поэмалары ақын талантының ерекше қырын танытады.

1923 жылы Ташкентте «Педагогика» атты кітап шығарды. Сонымен бірге 1928 жылы Мәскеуде төменгі сынып шәкірттеріне арналған «Сауатты бол» атты оқулығы жарық көреді.



1-тапсырма. Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына байланысты қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, жұптық жұмыс орындау үшін 6 сұрақ дайындаңдар. Өз жұптарыңмен сұрақтарды талқылап, жауаптарын кестеге толтырыңдар.

1-оқушының сұрақтары	Жауаптар	2-оқушының сұрақтары	Жауаптар	Сөйкес сұрақтар мен жауаптар саны
1.		1.		
2.		2.		
3.		3.		
4.		4.		
5.		5.		
6.		6.		



2-тапсырма. Қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына байланысты хронологиялық кесте дайындаңдар.

Үлгі:

Жылдар	Оқиғалар
1893 жылы	Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келді



3-тапсырма. Мағжан Жұмабаев шығармашылығы туралы дереккөздерден Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» жазылған мақаласын оқып, шағын эссе жазыңдар. Эсседе Жүсіпбек Аймауытов Мағжанның ақындығына қандай баға бергенін ашып жазыңдар.



Нұрасыл, біз қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы білдік. Енді ақынның «Батыр Баян» поэмасымен танысамыз. Поэма тарихи тақырыпқа жазылған. Себебі, Баян деген қазақ батыры өмірде болған. Баян батырдың қазақ-қалмақ соғысы кезінде ерлік көрсеткені де тарихтан белгілі. Мағжан Жұмабаев батырдың өмірінің соңғы кезеңіндегі оқиғаны суреттейді.



Дұрыс айтасың, Ләйлә, олай болса, алдымен, поэма жанрының ерекшелігіне назар аударып өтейік. Поэма – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, жыр-толғау түріндегі шығарма. Грек тілінде «роіема» – туынды, шығарма деген мағынаны білдіреді. Сюжетті оқиға желісін ширақ өрістетіп, кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелеуге негізделеді, ал сюжетсіз поэмада лирикалық сарын басым болады, көлемі жағынан шағындау келеді. Олардың баяндау тәсілі, кейіпкерлер бейнесін суреттеу өзгешелігі де ауыз әдебиеті дәстүрлерімен тығыз байланысты.



4-тапсырма. Балалар, поэманың толық нұсқасын хрестоматиядан оқып, ақын жазған негізгі оқиғаның идеясына мән беріп, көркемдігіне назар аударындар.

Батыр Баян



Бірінші тарау

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
 Сүм өмір абақты ғой саналыға.
 Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
 Сондықтан жаным күйіп, жанады да.
 Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
 Толғанып қарауым сол баяғыға.
 Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар
 Әдемі ертегідей баяғыда.
 Әдемі өткенді ойлап айнымасам,
 Сүм өмір күшті уын аяды ма?..

Ол күнде аз қазақ пен қалың қалмақ,
 Қыран мен қара құстай алысқан шақ.
 Баласы алты алаштың Абылайдың
 Астында ақ туының табысқан шақ.
 Қазақтың батырлары бөрі қыран,
 Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап.
 Жауының бір жорықта бір сұлуын
 Ер Баян алып қайтқан артына сап.
 Баянның алып қайтқан сол сұлуы –
 Балдырған бөбек дерлік, он төрт жаста-ақ.

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,
 Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
 Торғын ет, шапақтай бет, тісі – меруерт,
 Сөздері – су сылдырлап құйылғандай.
 Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,
 Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.
 Лебізі – жібек лебі, жұмақ желі,
 Кәусардай татқан адам қалар қанбай.
 Шын ер ғой батыр Баян алып қайтқан
 Еліне сол сұлуды естен танбай...

Осылай іштен күйген батыр Баян,
 Баянның батырлығы алашқа аян.
 Баянның інісі бар он бес жаста –
 Бөрінің бөлтірігі – бала Ноян.
 Ноянның бар ақылы білегінде,
 Билеген асау жүрек, қайнаған қан.
 Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан
 Ноянның жүрегінде ұшқын туған.
 Сол ұшқын өртке айналып жап-жас Ноян
 Алысып жүрегімен аласұрған...

Ноян да сол сұлуға – төтті балдай,
 Мөлдіреп қараушы еді көзі талмай.
 Жұтқандай сол сөулені демін алмай.
 Алайда бұзық ойдан аулақ еді,
 Сұлуға төңірі көріп табынғандай.
 Жанса да жап-жас Ноян, сұм сұлу қыз
 Көп заман жүрді бірақ көз де салмай.

Сонда кейбір кезде ақ бетіне
Бір нәрсе жүгіруші еді ыстық қандай...

Қыз сонда: «Ноян бауырым – кебем!¹» – деді,
«Мен сенің сүйгеніңе сенем», – деді.
«Сүйемін мен де сені, төңірі куә,
Тән түгіл жаным саған берем?» – деді.
«Нояным, бірақ сенен қалауым бар», –
Деді де сұлу ойға тереңдеді.
Сұлудың сырға толы торғын беті-ай,
Бетінде ешбір толқын көрінбеді.
Біраздан көздеріне жас мөлдіреп,
Жас сұлу жылап тұрып күлімдеді...

«Ер Баян біздің елге барған еді,
Көп қойға көкжал ойран салған еді.
Бөбегін шырылдатып ап кеткенде,
Ата-анам жылап-зарлап қалған еді.
Сорлы анам көкірегін көкке сауып,
Қан жылап менен бір ант алған еді.
Ол анты: «Елдің шетін, анаң бетін
Бір көрмей, қозым, ерге барма!» – деді.
Анама сөзім – анау, өзім – мынау,
Жас Ноян, жүгінемін ер деп сені.
Көр болсақ, көрді көрмей, төңірі ондай ма,
Ер Баян неге батқан терең ойға?
Мен сорды көргеннен-ақ сүйген Баян,
Қосылсақ, Баянға ауыр дерт болмай ма?
Биікке кетпей киік ойда ойнаса,
Ашулы арыстанға мерт болмай ма?
Екеуіміз Сарыарқадан сапар қылсақ,
Қатерсіз қосылуымыз берік болмай ма?
Қаны бір ел еді ғой қазақ, қалмақ,
О да бір саған туған жұрт болмай ма?!» – ...

...Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,
Төзім қып албырт Ноян күтпей таңды,

¹ кебе – ерте туған қозы

Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,
 Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды.
 Азырақ азық алып, қару-жарақ,
 Жүйрікке әсем әбзел-тұрман салды.
 Сөйтті де Сарыарқамен есендесіп,
 Екеуі ескен желдей кетіп қалды.
 Кетті олар. Сөске болды, ауыл тұрды,
 Алдымен Ер Баянға хабар барды...

Ер Баян сол кеткеннен кете барды,
 Мініп ап белдеудегі көк тұлпарды.
 Дулыға, қалқан, көбе¹ қалған ұмыт,
 Белінде жалғыз-ақ бір садақ бар-ды.
 Бауырынан Обағанның сырғып өтіп,
 Арыстан айдалада дүбір салды.
 Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,
 Түс ауа Жолдыөзектің даласында
 Алыстан екі қараны көзі шалды...

Жас Ноян жүйрігінің мойнын бұрды,
 Жас Ноян Ер Баянға қарсы жүрді.
 Жақындап келіп қалып ағасына
 Түсінен шошыды да, тоқтап тұрды.
 Жапанда аға-іні: Баян, Ноян,
 – Алып кел көз алдыға Ай мен Күнді.
 Дұрысы – күміс күлген күндізбенен
 Түнерген қара бұлттай қара түнді.
 Алайда, ерке бұлан Ноян-ұлан
 Ашулы ағасына қарап күлді...

Дегенше, қалды тартып батыр Баян,
 Баянның батырлығы алашқа аян.
 Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті,
 Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.
 Жын шуы басқандай боп естімеді
 «Жан көке, аға!» – деген сөзді Баян.
 Садағын сол секундте тартты тағы
 Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.

¹ көбе – тор сауыт

Үстіне інісінің денесінің
 Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.
 Екі жас аттарынан ұшып түсті,
 Түскенде бірін-бірі құшып түсті.
 Жүректен атып ыршып шыққан қанмен
 Жалғыз-ақ «Аһ» десті де, «Жаным» десті.
 Қомағай қара топырақ бүлкіл қағып.
 Асығып екі жастың қанын ішті.
 Күлдей қу, тұнжыраған түндей болып,
 Жия алмай, құр теңселіп, ақыл есті,
 Тұрды да біраздан соң батыр Баян,
 Атынан есі ауғандай құлап түсті...

«Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге?
 Тобына көк бөрідей кірдім неге?
 Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды
 Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге?
 Садақпен жүрегінен тартып кетпей,
 Жыландай бауырыма сап келдім неге?
 Әйелдей баса алмайтын жүрек жынын
 Есалаң жүрекке ерік бердім неге?
 Буынып сол боз үйден шықпай өлмей?
 Атылып оқ жыландай тұрдым неге?!
 Ойламай, белді бекем будым неге?..

Сүм садақ кетсе де үзіп жас жүрегін,
 Жойған жоқ құлыншағым ерке түсін.
 Сорлы араң атып жығып өз інісін,
 Иіскейді енді зарлап аппақ төсін.
 Тартқанда сынбадың-ау, сүм садағым!
 Қайтейін, арымадың, арда күшім!
 Жоқ, әлде, жоқ... жоқ... Әлде... Өлтірдім бе,
 Інімді алты алаштың намысы үшін?!

Арқамдай жер жүзінде жер бола ма?
 Айбынды алашымдай ел бола ма?
 Алашта ертеде өткен екі арыстан:
 Ер Көкше, Ер Қосайдай ер бола ма?
 Солардың нәсілінен Сары, Баян,
 Барыстай ойын салған сар далада.

Інісі Ер Баянның жасық Ноян
 Атадан азып туған дер бола ма?
 Құл болса бір қыз үшін балдырғаны
 Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?!

Дариға, жұбанамын, жел ойменен,
 Тартпадым сұм садақты бұл ойменен.
 Тандырған мені есімнен ғашықтық қой,
 Бір тынбай сұр жыландай жаным жеген.
 Өз бауыры, өз сүйгенін өзі өлтірген
 Болар ма, сірә, сорлы адам менен?!
 Алдымда «Көкежан!» – деп күліп тұрған
 Садаға кетпедім ғой, қозым, сенен.
 Ел беті енді маған болсын арам,
 Алашым, аттанамын, жауыңда өлем!..»

Екінші тарау

...Түн өтті. Жер шетінде алтын таңды
 Жорғалап, жүз бұралып, жел қарсы алды.
 Сарғайып сары белден таң атқан соң,
 Абылай қолға: «Аттан!» – деп хабар салды.
 Бәрі де болат тұяқ бедеу мініп,
 Батырлар қатар түзеп келіп қалды.
 Жөңкіліп күзді күні көшкен бұлттай
 Қап-қара, ортасы ой боп, қол қозғалды.
 Асырып ертегіше айтқан жанға
 Қара нар қайыспайтын жер шайқалды...

Қазақтан қулықпенен құтылмаққа
 Кеңесті қос қонтайшы: Ұса, Серен.
 Жіберді, кеңесті де, жеті қалмақ,
 Сөздері: «Абылайдан бар да тілен!
 Ағаттық бізден болды, кешсін Абылай.
 Ақ отау, айдаған мал – бәрін берем.
 Тағы да ер басына бір ару мен
 Қара нар – айыбымыз, қалы кілем».

Жеті елші осы сөзбен келген ханға,
 Қаратып өз жауабын ертең таңға,

Салады мынау сөзді хан Абылай
 Би-батыр, қасындағы көп қыранға.
 Салса да, алдыменен өзі айтады:
 «Түспеспіз, тірі болсақ, алдағанға!
 Күні ертең не бергенін жолдан алып,
 Қалғанын алсақ қолдан арғы таңда.
 Ерлерім, ойым осы! – деді Абылай,
 – Бұл ойды теріс дейтін адам бар ма?»

Абылай айта қалса істің жайын,
 Би-батыр теріс дей ме Абылайын.
 Қалың топ тым-тырыс боп тұрған шақта
 Дегендей: «Ерік иеде, біздер дайын!»
 – Ерлігі алашқа аян батыр Баян
 Тұрды да деді: «Алдияр, Абылайым,
 Мергеннің мылтығына қарсы жүрмес,
 Қырдағы адам түгіл құландайын.
 Сөзімді не кектерсің, не құп дерсің,
 Ойынды теріс дейді Баян-айың!

Талқыға салмай шындық табылмайды,
 Құл ғана қожаны ылғи қабылдайды.
 Қу қалмақ күні кеше алдамап па ед,
 Шоңқитып Ой қытай мен Өр қытайды?
 Қытаймен күні бүгін жалғаспаса,
 Қытайға қалмақ неге қанат жайды?
 Абылай артық туған неге ұмытсын,
 Қазаққа қалмақ сыры аяндай-ды.
 Қалмақтың қарты түгіл, қалшасы¹ да,
 Алдатпас, алдап кетер Абылайды!» – ...

...Ерлерін жиып Абылай, ел ағасы
 Сұрайды: «Мынау істің не шарасы?»
 Қырандар әрі-бері толқысқан соң,
 Қанайы Қарауылдың, топтың басы,
 Саңқылдап суырылып сөйлей берді:
 «Қытайдың қол ұсыным шегарасы.
 Қалмақты Қытай кірген зерттер болсақ,
 Қазақтың бірі қалмай мерт боласың!..»

¹ қалша – жас бала

Түнжырай қалса-дағы хан Абылай:
«Қайту!» – деп, сөздің болды бітуанасы.

Таң ата қол қозғалмақ кейін қарай,
Ұрылған көңілі қаяу хан Абылай.
Қол жатқан, жым-жырт басқан, таң да таяу,
Жалғыз-ақ жатқан ояу Баян бала-ай:
«Апырым-ай, алаш арын жоқтамастан
Жеңкіліп бұл қайтудың мәні қалай?» –
Деді де атып тұрып топ ішінен,
Ерлерден от екпінді, жолбарыстай
Жүз жасты жолдас қылып тарта берді,
Таң ата: «Қайдасың, – деп, – қалың Қытай?»
Қол қалды. Жүз жолбарыс майданды ойлап,
Тартады шабуылмен Іле бойлап.

Алдында ақ сұңқардай батыр Баян,
Екпіні қауға тиген өрттей ойнап.
Бедеулер болат тұяқ желден ұшқыр
Алысып, ауыздықты қарш-қарш шайнап.
Сәскеде сағымменен көрді Баян
Көп қалмақ Іле бойын жатқан жайлап.
Жүз бөрі аз дамылдап алысты да,
Ат қойды қалың жауға «Абылайлап»...
Аз қазақ көп қалмаққа салды тойды,
Көк аспан қара түтін шаңға тойды.
Алдаспан ажалменен бәсеке боп,
Қанішер, қайқы қара қанға тойды.
Жып-жылы адам қаны бүлкіл қағып,
Қуалап жылжи берді ойдан-ойды.
Көк көбе шүберектей шұрқ-шұрқ болып,
Жыртқызды ерлер дал-дұл тұла бойды.
Анадай дөң басында Ұса, Серен
Қуыршақ құдайына қасқа сойды...

Жер мен көк шыр айналып араласты,
Көз алдын қара түтін тұман басты.
Тәтті бір жазғы таңда қалғығандай.
Ер көзін оқтын-оқтын жұмып ашты.
...Көргендей болды ашулы Абылайды,
Қалың қол: «Әне, Абылай!» – деп шуласты.
Тағы ашты жұмған көзін, тағы көрді

Алдында жас ұлан мен толқын шашты,
Екеуі құшақтасып жап-жақын тұр,
Басымен ишара етіп амандасты.

Алдында Ноянменен Ақшамаңдай,
Жұлдыздай жымыңдаған сөнбей-жанбай.
Сұлудың сексен сырлы жұмбақ жаны-ай,
Ерніне әлде болса күлкі алғандай.
Жоқ... Күлкі жоқ... бетінде тамшы қан жоқ,
«Ағалап», жанұшырып жалбарғандай.
Жоқ... өзі Жолдыөзекте жортады-мыс,
Үмтылды оқ жыландай садақ пен қан,
Кезерген ердің ерні қозғалғандай...

Екі жас қайғысы мол құп-қу жүзді,
Екеуі құр қарап тұр алмай көзді.
Көкесі жан бергенде, бөбек Ноян
Тұрғаны мәні қалай құшып қызды?
Дарига, беті қара сорлы Баян
Шығарған өз қолымен екі көзді:
Іс өтті. Ажал жетті. Енді не бар?
Қоштасып айтысалық соңғы сөзді!
«Келіңдер, қарақтарым, кешіңдер!» – деп,
Ер Баян әлсіз ғана қолын созды...

Көңілінен Ұса, Серен кеткен қауіп,
Қуанып, сырнай-керней қылды сауық.
Алайда, Абылайдан сескенген соң,
Жөнелді ертеңіне Қытайға ауып.
Алаштың ардагері батыр Баян
Бір қырда қала берді топырақ қауып.
Жаудан да мейірімді боп жылады жел,
Күңіреніп, ер денесін құммен жауып.
Іленің толқындары әлі күнге
Айтады ерге жоқтау ауық-ауық.

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан,
Ерлерді ұмытса де ел, бел ұмытпас.

Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,
 Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
 Арқаның селі, желі, шөлі, белі,
 Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!



5-тапсырма. Жырдың сюжетіне байланысты кестені дәптерлеріңе толтырыңдар. Кестені толтыру үшін хрестоматиядағы жырдың толық мәтінімен танысып шығыңдар.

Сюжеттің құрамдас бөліктері	Сюжет бөліміндегі негізгі оқиға мен кейіпкерлер
Оқиганың басталуы	
Байланысуы	
Шиеленісуі	
Шарықтау шегі	
Оқиганың аяқталуы	



6-тапсырма. «Батыр Баян» поэмасындағы жер-су атауларына, қазақ батырлары туралы айтылған жолдарға назар аударыңдар. Жырдың оқиғасы қандай тарихи кезеңде, қай жерде болғанын айтып беріңдер.



7-тапсырма. Баян батырға мінездеме беріңдер. Оның бойынан қандай жақсы қасиеттерді байқадыңдар? Баянның тұлғалық болмысына талдау жасаңдар.

Батыр Баян	Жырдан мінез ерекшелігін білдіретін жолдарды теріп жазыңдар	Батырдың портретін беретін жолдарды жазыңдар



8-тапсырма. Баянның іс-әрекетіне баға бере отырып, кестені толықтырыңдар.

Жырдан үзінді	Троп түрлері	Мағынасын өз сөзіңмен түсіндір
Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге? Тобына көк бөрідей кірдім неге? Төтті бал, балауса тал жас сұлуды Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге? ...		
Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай, Бір соған бар сұлулық жиылғандай. Торғын ет, шапақтай бет, тісі – меруерт, Сөздері – су сылдырлап құйылғандай.		
Сөскеде сағымменен көрді Баян Көп қалмақ Іле бойын жатқан жайлап. Жүз бөрі аз дамылдап алысты да, Ат қойды қалың жауға «Абылайлап».		



9-тапсырма. Мағжан Жұмабаевтың Батыр Баян мен оның бауыры Ноянға деген көзқарасы қандай? Авторлық баяндаулар арқылы ақын ұстанымын анықтаңдар.



10-тапсырма. Берілген мінездемелерге жырдан үзінді келтіре отырып, өз ойларыңды дәлелдендер.

Батыр Баян

ашуға бой алдырды, артынан өкінді, өз елінің намысы үшін бауырын өлтірді, ел намысы үшін басын қатерге тікті

Ноян

жас сұлуға шынайы ғашық болды, махаббат үшін өз елінің намысын да, өз басын да бөйгеге тікті

Қалмақ қызы

анасына берген уәдесін орындау үшін Ноян-ды өз дегеніне көндірді, өте сұлу, сымбатты



: 11-тапсырма. Берілген үзіндіден теңеу, метафора, риторикалық сұрақ т.б. көріктеу-айшықтау құралдарын табыңдар.

Жырдан үзінді	Менің ойымша....
Дегенше, қалды тартып батыр Баян, Баянның батырлығы алашқа аян. Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті, Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.	
Тартқанда сынбадың-ау, сұм садағым! Қайтейін, арымадың, арда күшім! Жоқ, әлде, жоқ... жоқ... Әлде... Өлтірдім бе, Інімді алты алаштың намысы үшін?!	
Інісі Ер Баянның жасық Ноян Атадан азып туған дер бола ма? Құл болса бір қыз үшін балдырғаны Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?!	



: 12-тапсырма. Мәтінді тыңдап, поэмада аталатын жер-су атауларын жазып алыңдар.



: 13-тапсырма. Мәтінді тыңдап, үзіндідегі оқиғаны өз сөздеріңмен айтып беріңдер. Мынадай мәселелерге назар аударыңдар: 1. Батыр Баян көмектескен Жанатай деген адам кім? 2. Қалмақтар батыр Баянға не істеді? 3. Баянның көз алдына кімдердің бейнелері елестеді?



14-тапсырма. Мәтінді тыңдап, көріктеу құралдарын есте сақтап, дәптерлеріңе жазыңдар. Мәтін оқиғасын баяндап беріңдер.

Мәтін бойынша есте қалған бейнелі сөздер	Көріктеу құралдары



: 15-тапсырма. Поэмадағы батыр Баян бейнесіне автор Мағжан Жұмабаевтың көзқарасы қандай? Батыр Баянның ерлік істерін ақын қандай сөздермен береді? Баянның ішкі ойы мен оның жан күйзелісін беретін жерін поэмадан тауып, өз пікірлеріңді білдіріңдер. Поэма оқиғасын өз көзқарастарың тұрғысынан дамытып жазыңдар.



: 16-тапсырма. Берілген үзіндідегі асты сызылған сөздердің мағынасын түсіндіріп, көріктеу құралдарының қолданысына талдау жасаңдар.

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сүм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
 Сондықтан жаным күйіп, жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
 Толғанып қарауым сол баяғыға.
 Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар
Әдемі ертегідей баяғыда.
 Әдемі өткенді ойлап айнымасам,
 Сүм өмір күшті уын аяды ма?

Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге?
 Тобына көк бөрідей кірдім неге?
 Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды
 Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге?
 Садақпен жүрегінен тартып кетпей,
Жыландай бауырыма сап келдім неге?
 Әйелдей баса алмайтын жүрек жынын
Есалаң жүрекке ерік бердім неге?
 Буынып сол боз үйден шықпай өлмей?
 Атылып оқ жыландай тұрдым неге?!
 Ойламай, белді бекем будым неге?



: 17-тапсырма. Сыныптағы ұлдар, Батыр Баянның ерлік істері мен батырлық өрекеттері туралы сызба жасап қорғаңдар.



: 18-тапсырма. Сыныптағы қыздар, жыр жолдарынан сұлулықты, әдемілікті, сымбаттылықты білдіретін сөздерді табыңдар. Сөздердің мағынасын түсіндіріңдер.



19-тапсырма. Поэмаңыз көркемдігі мен сюжетін талдай отырып, автор ойын анықтаңдар. Поэмаңыз жанрлық ерекшелігіне байланысты пікірлеріңді айтыңдар.



20-тапсырма. Поэмадан батыр Баянның ерлігі сипатталатын жолдарды жаттап алыңдар.



21-тапсырма. «Батыр Баян» поэмасының тақырыбы мен идеясын аша отырып, 150 сөзден тұратын эссе жазыңдар. Эсседе поэмаңыз ұлттық әдебиеттегі орны мен эстетикалық құндылығына назар аударыңдар.



Нұрасыл, табиғат пен адам арасындағы нәзік те, тылсым байланысты бейнелеуге арналған қандай шығармаларды білесің?



Ләйлә, менің ойымша, табиғат пен адам арасындағы рухани байланыс туралы шығармалар адамзат пайда болған заманнан бар. Біз білетін мифтік шығармалар мен ертегілердегі, аңыз әңгімелердегі көптеген көркем образдар адам мен табиғат қарым-қатынасын білдіреді.



Иә, дұрыс айтасың, жанрлық түр жағынан миф, аңыз, ертегілердің жалғасы болып келетін әңгімелерде де жазушылар табиғат пен адам арасындағы байланысты көркем суреттейді.



Қазақ әдебиетіндегі сондай көркем шығармалардың бірі – Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі. «Көксерек» әңгімесінің сюжетіне байланысты түсірілген көркем фильм де бар.

МҰХТАР ӨУЕЗОВ

(1897–1961)



Мұхтар Өуезов қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында 1897 жылы 28 қыркүйекте туған. М. Өуезов – жазушы, ғалым, абайтану ғылымының негізін қалаушы, қоғам қайраткері.

М. Өуезов мұрасының аса қомақты бөлігі – оның ғылыми зерттеулері. Ол қазақ ауыз әдебиетін жинақтап, жүйелеп, қазақ әдебиеті тарихы, Абайдың өмірі мен шығармашылығы, әдебиеттану мен фольклор жөнінде еңбектер жазды. Қоғам және мемлекет қайраткері ретінде М. Өуезов жиырмадан астам шет елдерде болды. Өлем халықтары оның «Абай жолы» роман-эпопеясын айрықша құбылыс ретінде таныды. 1961 жылдың 27 маусымында Мәскеу қаласындағы ауруханада қайтыс болды. Алматы қаласында жерленген. Мұхтар Өуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» повесі, «Жетім», «Барымта», «Ескілік көлеңкесінде», «Көксерек» әңгімелері, «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Қарагөз», «Абай» трагедиялары және тағы да басқа көптеген прозалық, драмалық шығармалары бар.



1-тапсырма. Мұхтар Өуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы шағын зерттеу жүргізіңдер. Зерттеуде мынадай мәселелерге назар аударыңдар:

1. Мұхтар Өуезовтің қандай шығармалары бар?
2. Жазушының Абай өміріне байланысты жазған еңбектерін атап көрсетіңдер.
3. Мұхтар Өуезов шығармаларының желісімен қандай спектакльдер қойылып, көркем фильмдер түсірілді?



2-тапсырма. Мұхтар Өуезов туралы жазылған пікірлерді жинап, кестені толтырыңдар.

№	Алынған пікір мен жазушы туралы айтылған сөзден үзінді	Пікір білдіруші



Әңгіме – оқиганы баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгімеде әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Онда алдымен адам, оның өмірі мен тағдыры көрінуі тиіс. Аса маңызды деген оқиға суреттелуі керек. Сөйтіп әңгіме – көлемі шағын шығарма болғанымен, қаламгер үшін нағыз шеберлік мектебі. Кейіпкерлер көп болмайды. Сюжет желісі бір арналы ширақ келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Әңгіме аз сурет арқылы көп жайды баяндайды.



Нұрасыл, сен әңгіме эпос жанрының шағын көлемді түрі болғандықтан, онда айтылатын оқиға да, кейіпкер де жан-жақты сипатталатынын білесің бе? Жазушы кейіпкер бейнесін ашуда, шығарманың идеясын беруде пейзаж, тура және жанама мінездеме беру сияқты әдістерді қолданады.



Дұрыс айтасың, Ләйлә. **Пейзаж** дегеніміз табиғат суреті. Жазушы табиғат суреті арқылы алда болатын оқиғадан хабар беріп, оқырманын әңгімеге тарта алады. «Көксерек» әңгімесіндегі табиғат суретіне назар аударсақ, жазушы осы әдісті ұтымды қолданғанын байқаймыз.



Мінездеу – әдеби кейіпкерді таным-түсінігі мен мінез-құлқын таныта даралай суреттеу. Тура мінездеу кейіпкердің мінез-құлқын айнытпай, сол қалпында баяндаса, жанама мінездеу оған қатысты құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы кейіпкер бейнесін ашып көрсетеді.



Осыған байланысты портреттік, психологиялық және сөйлесудегі мінездеу деген топтарға жіктеледі. Көксеректің тағылық мінезін жазушы тура мінездеу арқылы өте жақсы көрсеткен.



3-тапсырма. Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінің толық мәтінін хрестоматиядан оқыңдар. Әңгіме не себепті «Көксерек» деп аталғанына назар аударыңдар.

Көксерек

(Өңгімеден үзінді)

Көксеректің ауылға келуі

...Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында да терең құз жар бар. Соның бас жағында, итмұрынды қалың жыныстың арасында қасқыр іні бар. Жақын елге мәлім ескі ін. Жазға салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті...

Маңайы – қасқырдың ойнағы. Жас шөптер басылып, тапталып қалған. Маңындағы қарағандарда қасқырдың ақ жүндері көрінеді. Қыстан қалған түбіті қазір де әр жерде сөйтіп жұлынып қалып жүр. Індердің орта жерінде екі қалың сасыр шайқалып өсіпті. Қазір де соның түбінде қысқы жүні әбден түлеп болмаған ақ қасқыр жатыр. Бауырында кішкене көк күшіктері қыбырлайды...

Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әлдеқандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты. Күшіктерді жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, ақ қасқыр қараған ішіне кірді. Жерге ат үстінен тастаған ағаштар сарт-сарт түсіп жатты. Ін аузында екі аяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды...

Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да, екінші біреуін – ең кенжесін алып жүріп кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды...



...Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертелі-кеш асқұйғыш итаяқ өзір болды. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды...

Көксеректің мінезі

...Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды.

Бір уақыт үлкен үйдің қара ала төбеті оңашада бұны алып соғып, көп езгіледі. Бұны талап жатқанын көріп, өзге иттер де келіп шабынан алып, борбайынан созғылап өлтіруге айналып еді.

Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта «қыңқ» етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпиіп тұрып алады. Тісі батып, қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене береді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауыз-омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар...

Көксеректің ауылдан кетуі

...Бірақ осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды. Құрмаш қашып кетті деуге қимай, айналадағы ши-қарағанды, жар-жыраларды тегіс арылтты. Таба алмады. Осымен жұрттың бәрі кеттіге есептеп қойып еді, үш күн өткенде бір күні таңертең ойда жоқтан Көксерек өз-өзінен сап ете түсті. Құрмаш пен әжесі қасқырдың бұл мінезіне сүйсініп, қуана қарсы алды. Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі суалып ашыққан. Өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан собалақ жүдеу пішінмен келді. Қайта тұрып қалды. Тағы да бұрынғысынша күйленіп, нық семіріп, енді орасан боп өсе бастады.

Бұл соңғы күйленуі шынымен үлкен қасқыр болып ұлғаюының белгісі еді. Сонысын сезген болу керек, күздің бір қара дауылды қара түнінде Көксерек тағы жоқ боп шықты. Бұл жолғысы шын болды...

Көксеректің жаралануы

...Тағы бір ретте қалың шилі қорықта отырған бес-алты ауылдың үстіне келді. Күндіз болатын. Күн шаңытқан аяз еді.

Шеткі ауыл бұларды көріп қалды. Ши шетінде қарда аунап жатқанда, бір түйе шықты. Үстінде кісі бар. Басына ақ оранған. Тура қасқырларға қарай жүрді.

Ат емес, қашпаса да болады. Түйе бұрылып кетер деп бақылайды. Бұрылмайды. Көксерек ашығып қалып еді. Дәмелене бастады. Аяғында ауылдан әбден ұзап шықты. Бірақ өлі онша жақындаған жоқ. Түйе енді ақырын жүре бастады. Кейде тоқтап, алды-артына қарайды. Ақбас әрлі-берлі бұрылып қозғалақтайды.

Сол кезде түйе үстінен бір ұзын нәрсе шошайып созылды да, күрс етті. Өлгенше қатты ащы дауыс даланы сілкіндіріп шошытып жіберді. Бар қасқыр қар бората ытқып, қашып жөнелді.

Күрс етіп жөнелген көк түтінмен қатар Көксеректің артқы бір саны шыж ете түсті. Әрі ыстық, әрі суық бір нәрсе қадалып шаншып қалды. Санын «арс» етіп қауып қалып, түйенің үсті тағы да сыртылдап қамданып жатқанда, бұл да ытқып қашып жөнелді.

Тоқталған жоқ, көп қашты. Бірнеше қырқадан, бір-екі жазықтан құлаш ұрып шауып өтті. Өзге қасқырлар бір бөлек, бұл жалғыз бір бөлек...

Көксерек пен Құрмаштың соңғы кездесуі

...Қойшы үлкен емес, бала дауысы шошытпайды. Қой дүркіреп үркіп, қойшыға қарай қашты. Қасқыр жақындап бір қызыл қойға ауызды салғалы ентелеп келіп қалып еді, бағанадан айғайлап келе жатқан қойшы қасына кеп қалыпты. Еріксіз жалтарып, бұрыла беріп еді, қойшы бастырып қуып жөнелді.

Бой салып қорқып қашқан жоқ. Содан ба, болмаса тегі жүйрік пе, әйтеуір боз ат бастырмалатып жетіп келіп, Көксеректің жотасына жеңіл ағаш сарт етіп тиіп қалды.

Сол-ақ екен, қарсы бұрылып алып аттыға қарай «арс!» етіп шапшып қалды. Арандай ашылған ауыз бірдемені жұлып түспек еді. Ыңғайына бала тонының өңірі ілінді. Соны бөксеріп жұлып түскенде, боз ат оқырып атқып кетті.

Бұл бала Құрмаш еді. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген еді. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнені болатын. Үстіне гүрілдеген қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылды. Басы-



на таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені – сол...

Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тиместен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдап тұрып: тісінің ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылғып салды...

Түнде баланың өлігін тауып алысты. Жанында тайдың ізіндей болып, үлкен қасқырдың ізі жатыр екен.

Аққасқа мен Көксеректің шайқасы

...Аққасқаның бойы қасқырдан кіші емес. Аяқтарының жуандық сомдығы да содан кем емес. Өзінің барлық тұлғасында қасқырға ұқсайтын бітімі бар. Түсі тазылар түсіндей емес, қасқыр түстес. Дене жүні ақ сарылау келгенде, маңдайы шаңқиған ақ маңғал қасқа болатын. Екі көзі шатынап шарасынан шығып тұрғандай үлкен. Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз. Ашу да, ерлік те бір өзінде.

Отқа қарсы қараған көздері ашумен қанталап шатынап кетеді. Қараңғы ала көлеңкеде жатқанда, екі көзі қып-қызыл шамша жанады. Аққасқа ырылдағанда алдында отырған Бейсембай жотасы мұздап, еті тітіреп кетеді, ентелеп ілгері жылжып, отқа қарай мінбелей береді...

Таң қылаңдап келе жатқанда барлық аңшы мен көп жылқышы атқа мінді. Жарап жүрген бедеу биелер мен жүйрік айғырлар түн ортасында



ұсталып, тоғын қашырып алып еді. Жұрттың бөрінің қолында сойыл, шоқпар. Сатыр-сұтыр етісіп, қостан желпіне шығысты.

Қасен бұны баулыған иесіне ішінен бас иіп, алғыс айтады. Құрметпен еске алады. Өйткені Аққасқа тау басында қазіргі отырыстың мәні барын әбден түсініп, ұғынып отырған сияқты. Тыныштыққа бой ұрып жатуды ойлап тұрған жоқ, күтіп отыр. Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп, бағып отыр. Жан-жақтағы қағушылардың бөрінің де алдынан қарап өтеді. Кейде түрегеліп те жан-жаққа көз жібереді.

Кешегі жабағыны жеген Көксерек екені рас еді. Оянып, жүресінен жатып қар қапты. Сөйткенше сатыр-сұтыр еткен ағаш дауысы мен тастақ жерді тасырлатып басқан ат дүрсілі естілді.

Көксерек жалт беріп, жотаның тасасына түсе сала сайды өрлеп, жоғары қарай салды. Қолында шошайған сойылы бар, астында қатып қалған ақ бедеуі бар Бейсембай ағызып жотаға шығып, тағы айғай салып, өрге қарай тасырлатып шапты. Бұл уақытта Көксерек сонша саспаса да, кейде көсіле шауып, кейде құлағы жалбырап сөлектей түсіп, Ақсораңның жонына қарай асып еді.

Айғай жақын жерден шығып қалғанда, Аққасқа атып тұрды. Қасен бұны кендірінен сүйрете барып, атына шапшаң міне сала айғай шыққан бетке қарай ағызып, сол жақтағы жотаға шықты.

Қарсы алдында, оқ бойындай жерде, сары жотаның дәл үстінде артына бұрылып қарап, тоқ тайыншадай бір көк шолақ түр екен.

Жотасы күдірейген, құйрығы шоп-шолақ, бойы тау басында тайдай көрінді. Ертегінің көкжалы. Жотаға шыға бере Аққасқа да көріп, атылып, секіріп кеп кетті.

Қашып келе жатып артына қарай алмады. Сол-ақ екен, жаралы санынан бір мықты ауыз қауып түсіп, ойға қарай қатты жұлқып көтеріп тастады. Сол сәтте бұның жауы қасынан ағып өтіп кеп, алдыңғы омбыға екпіндеп барып соқтығып, өзі де құлап түсті.

Аққасқа өзінен бұрын тұрып, күрілдеп ырғып келе жатқан көкжалды көрді. Бұл да қарсы тап берді. Сол уақытта құлақ шекесінен тиіп қалған қышқаштай қатты темір ауыз жұлқып кеп жібергенде, ой жаққа қарай ытқып барып түсті. Бірақ Аққасқа жығылған жоқ: тік етіп барып төрт тағандап тұра қалды.

Ағындап келіп, әр жаққа шығып алып, көлденеңдеп шапшып-секіріп келіп, Көксеректі құлақ шекеден ала түсті.

Көксерек те бағанадан қалыспаған итке енді шын ойынды бастаған. Екеуі шапшысып тұрған бетте бірінен-бірі құлақ шекеден де, алқымнан да алғызбайтын болды.

Өр жақта Аққасқа: шайнасып тұрған ауыздардан сілекей мен қан аралас ағып, сырылдап тұр.

Аққасқа Қасен дауысын ести сала, ойға қарай жұлқи бұрап қалғанда, көк шолоқтың белі бұраң етіп барып, дүрс етіп құлап түсті. Ауыздары бір-бірінен айырылған жоқ. Екеуінде де үн жоқ. Шайнасу үстінде желімдей қайнасып қатып қалған сияқты. Ең аяғы, болымсыз болса да, тыныс алған дыбыс та білінбейді.

– А, құдай!.. А, құдай!.. Я, сәт! Я, аруақ! Я, ақсарбас!.. – дей бере екі атты үстеріне жығыла-жығыла үйіле түсті. Аттар босанып шықты.

– Ойпыр-ай! Ойпыр-ай!.. Аузын! – деп келіп, Қасен жуан қамшының сабын Көксеректің көмекейіне тығып жіберіп, мықтап басып тұрып, жауының тұмсығын жоғары қарай қайырып жіберді. Аққасқаның қан басқан тұмсығынан көк шолоқтың тістері бір-бірлеп шығып кетті. Аққасқа сонда ғана бүйірін тартып тыныс алды.

Бірақ әлі де жанын шығарғанша қасқырдың төменгі жағын күрт-күрт шайнап жатыр. Бұл кезде Бейсембай да қара пышақты Көксеректің өкпесіне салып-салып жіберіп еді.

– Осы... осы... осы ит! – десті. Көксеректің жаны әбден шыққан соң, Аққасқаны Қасен, Бейсембай – екеулеп отырып, зорға дегенде айырып алды. Құйрықтан қысып алып, алысқа сүйреп апарған соң, Аққасқа есін жиды. Бірақ әбден әлсірегендіктен, сол апарған жерде сілейіп жата кетті. Барынша шаршап талған екен.

Ес жиған соң, жұрт Көксеректің құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды. Құрмашты ойлап, кейбіреулердің көздерінен жас та шықты. Ауылға әкелгенде, Құрмаштың әжесі боздап келіп:

– Қураған-ай, неңді алып ем?! Не жазып ем?.. Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным? – деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті.



4-тапсырма. Балалар, қасқыр туралы не білесіңдер? Қасқыр туралы басқа қандай өңгімелерді білесіңдер? Қандай кинофильмдер, мультфильмдер көрдіңдер? Онда қасқыр қалай суреттеледі? Сыныпта өз ой-пікірлеріңді айтып беріңдер.



5-тапсырма. Қасқыр туралы дәптерлеріңе 5 мақал-мәтел жазып, мағынасын түсіндіріңдер.



6-тапсырма. Топта «Көксерек» өңгімесінің мазмұнын талдаңдар.

Көксерек – Құрмаш
Көксерек – Қара ала төбет
Көксерек – аңшы



7-тапсырма. Сыныпта сыныптасыңмен бірге Көксеректің бейнесіне сипаттама жазыңдар.



8-тапсырма. Өңгіменің композициялық желісін сақтай отырып, кестені толтырыңдар.

Әңгіме бөлімдері	Осы бөлімде баяндалатын оқиға	Әңгімеден үзінді (Көксерек сипатына)	Мінездеме



9-тапсырма. Берілген үзінділерді әңгіме композициясына сәйкес оқиға ретімен дәптерлеріңе теріп жазыңдар.

Әңгімеден үзінді	Оқиға реті
Бұл соңғы күйленуі, шынымен, үлкен қасқыр болып ұлғаюының белгісі еді. Сонысын сезген болу керек, күздің бір қара дауылды қара түнінде Көксерек тағы жоқ боп шықты. Бұл жолғысы шын болды.	
Ес жиган соң, жұрт Көксеректің құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды. Құрмашты ойлап, кейбіреулердің көздерінен жас та шықты.	
Қасен бұны баулыған иесіне ішінен бас иіп, алғыс айтады. Құрметпен еске алады. Өйткені Аққасқа тау басында қазіргі отырыстың мәні барын әбден түсініп, ұғынып отырған сияқты. Тыныштыққа бой ұрып жатуды ойлап тұрған жоқ, күтіп отыр.	
Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта «қыңқ» етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпип тұрып алады. Тісі батып, қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.	
Сондықтан бұның бойы биіктене береді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара көк, жотасы күдірейіп, ауызомыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар.	



10-тапсырма. Әңгімеде Көксерекке автордың көзқарасы қалай берілген? Көксеректің ашқарақ, тойымсыз екені қандай сөздерден көрінеді? Не себепті автор Көксеректің осы мінезіне назар аудартады? «Көксеректі» қасқыр туралы әдеби туындылармен байланыстыра талдаңдар.



: 11-тапсырма. Аққасқа мен Көксеректің арасында қандай ұқсастықтар, айырмашылықтар бар? Ит пен қасқырдың мінезін салыстырып, дәптерлеріңе кестені толтырыңдар.

Көксерек	Аққасқа
Ұқсастығы	
Айырмашылығы	



: 12-тапсырма. 1-мәтінді тыңдап, мәтіннен түсіп қалған сөздерді тауып, дәптерлеріңе теріп жазыңдар.

Қараадырдың сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз , тобылғы басқан.

Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп, бүрленіп қалған жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып теңселіп, ырғалып қояды. Маңайдан жуалардың, жас шөптердің иісі келеді.

Ұзын кең өлкені қаптай басқан ортасында да терең құз жар бар. Соның бас жағында, қалың жыныстың арасында қасқыр іні бар. Жақын елге мәлім ескі ін. Жазға салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті. Бұрын жанындағы кішкентай алаңда кеңдігі кісі сыйғандай үш үлкен ін болатын. Биыл жас топырағы жағасында , тағы бір жаңа ін шыққан. Бөрінің ауданы бір, жер астынан қатынасы бір.



: 13-тапсырма. 2-мәтінді тыңдап, ауыл адамдарының Көксерекке қандай мінездеме бергенін есте сақтаңдар. Көксерекке берілген тура және жанама мінездеуді өз сөздеріңмен айтып беріңдер.



: 14-тапсырма. 3-мәтінді тыңдап, оқиғасын өз сөздеріңмен көркемдеп баяндаңдар. Өз сөздеріңде мынадай сұрақтарға жауап беріңдер: Ит пен қасқырдың айқасы қалай аяқталды? Құрмаштың әжесі не істеді? Неліктен олай істеді?



: 15-тапсырма. Берілген үзіндіні оқып, не себепті Көксерек адамдардың өрекетін ұға алмағанын түсіндіріңдер. Үзіндіде мінездеудің қандай түрі қолданылған?



: 16-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Көксеректі адамдар ауылға қайдан алып келді? Екі қасқырдың ініндегі күшіктерді адамдар қалай алды? Неге ауыл иттері оған өш болды?

2. Ауыл адамдары Көксерек туралы қандай сөздер айтты? Ол сөздерді не себепті айтты?

3. Көксерек ауылдан неше рет кетіп қалды? Соңғы кеткен кезіндегі табиғатты автор қалай суреттейді? Не себепті Көксерек ауылға тыныштық бермей малдарын жеп кете береді?

4. Құрмашты Көксерек таныды ма? Көксеректің Құрмашты өлтіруіне қандай оқиғалар себеп болды?



: 17-тапсырма. «Көксерек» әңгімесіндегі оқиға желісін дамытып жазыңдар. Адам мен қасқыр арасындағы қарым-қатынасты өз ойларыңмен толықтырып, оқиғаның шиеленісуінің себебін анықтаңдар.

Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе өздері беріп тұрып: «Же», – дейді. Біресе сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті кей кездер алдына дайындап қойған тамақты да жемей, көзінің астымен жалт-жалт қарап жатушы еді. Қалай да болса үзіп-жұла жүріп, Көксерек аш болмайтын. Күніне екі мезгіл тамақ ішу мұның шарты болып алды. Екі рет қолдан ас құйылмаса, ол күні Көксерек өз бетімен барып, бірдемені жеп жататын.



: 18-тапсырма. «Көксерек» әңгімесінің қазақ әдебиетіндегі орны мен ерекшелігіне мән бере отырып, шағын эссе жазыңдар. Эсседе автордың табиғат суретін беруі мен негізгі оқиғаның байланысын ашыңдар. Жазушы әңгіме оқиғасы арқылы қандай ой айтқысы келді?



: Қазақ әдебиетінде Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған шығармалар көп. Қазақ халқы бұл соғыста көптеген асыл азаматтарынан айырылды. Бүгінгі бейбіт өміріміз үшін қыршынынан қиылып, мерт болған алдыңғы буын ата-апаларымызға мың тағзым.



: Иә, Нұрасыл, қазақ халқынан шыққан батыр бабаларымыз бүгінгі ұрпақ жадында мәңгі қалады. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова сияқты қыздарымыз да ерлермен қатар қолдарына қару алып, елімізді қорғады. Солардың ішінде соғыс қиыншылығын көзімен көріп келіп, кейіннен жазушы ретінде сұрапыл жылдар шындығын ақ қағазға түсіріп қалдырған Бауыржан Момышұлы, Қасым Аманжолов, Жұмағали Саин, Қасым Қайсенов және тағы басқа аталарымыз да бар.

ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ

(1918–2006)



Қасым Қайсенов 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Асубұлақ ауылында дүниеге келген. 1941 жылы қараша айында әскери-барлау мектебін бітіре салысымен, Оңтүстік-Батыс майданының штабына жөнелтіледі. Молдавия, Украинаның Закарпатье бөлігі, Чехословакия және Румыния жеріндегі ұрыстарға қатысады. 1945 жылдың басында Отанына оралып, ел игілігіне қызмет етеді.

Ардагер-партизан көп уақыт бойы «Жазушы» және «Қайнар» баспаларының редакторы, бас редактордың орынбасары болған. 1954 жылы Қ. Қайсенов «Жас партизандар» атты алғашқы кітабын басып шығарды. Оның «Илько Витряк», «Переяслав партизандары», «Ажал аузында», «Жау тылындағы бала», «Днепрде», «Жау тылында» атты кітаптары оқырмандарға кеңінен танымал. Олар орыс және украин тілдеріне аударылған.



: **1-тапсырма.** Қасым Қайсенов туралы нақтылы деректерге құрылған шағын баяндама жасаңдар. Баяндамада ардагер жазушының өмірі мен шығармашылығына және партизан ретінде жасаған ерліктеріне тоқталып өтіңдер.



: Қасым Қайсеновтің ерлік істеріне арналған көптеген көркем шығармалар мен деректі кітаптар бар. «Қазақфильм» киностудиясында майдангер жазушының соғыс кезіндегі ерлігіне арналған «Қасым» деген көркем фильм жарық көрді.



: 2-тапсырма. Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесінің толық нұсқасын хрестоматиядан оқыңдар.

Жау тылындағы бала

(Үзінді)

Кешегі сұрапыл Ұлы Отан соғысы кезінде он жасар қазақ баласы Украина жерінде, жау тылында, партизандар қатарында болды дегенге, бөлкім, сене де қоймассыздар. Сөйткенмен, осы бір сәбидің басынан кешкен қилы-қилы өмір соқпақтарын оқушыларға айтып беру көптен бергі борышым сияқты болып келген еді. Қайда барсам да, сол баланың бейнесі көңілімнен бір шықпай, әлдебір балалық мұңын шаққандай, көз алдымда мөлтендейді де тұрады. Сәби жүзі, бұғанасы қатпай ауыр күндерге душар болған балғын шағы жан-жүйемді тебіреніп беретін болды.

Сол баланың өмірі туралы жолдастарыммен әңгімелесіп, оқиғаның ұзын-ырғасын баяндап бергенімде: «Жазсаңшы осыны, балаларға мұндай жағдайды білудің өзі бір сабақ емес пе? Жаз, оқысын замандастарың», – дейтін еді. Содан бері көп уақыт өтсе де, бірақ оқиға барған сайын ойыма ұялап, әңгіменің айтылар толғағы жиілеп, жанымды мазалай берді. Сөйтіп, енді сол бір қиын-қыстау күндерден бері есімде жүрген оқиғаның ізіне түскелі отырмын...



* * *

Шырт ұйқыда жатқан Серік төрдегі үстел үстінде тұрған телефонның безектей шылдырлаған дыбысынан кенет оянып кетті. Бір аунақшып түсіп, басын көтеріп алып еді, папасы телефон трубкасын құлағына тосып тұр екен.

– Тыңдап тұрған майор Мергенбаев, – деп келте сөйлеген папасы лезде: – Солай ма?.. Қазір жетем! – деді де, өңі бұзылып, трубканы тарс еткізіп іле салды. Сосын үнсіз-түнсіз тез киіне бастаған еді. Төсектен ұшып тұрған Жамал:

– Жомартжан, не боп қалды? – деп абыржи сұрады.

– Тұрып киініңдер де, дайын болыңдар! Шегарадан фашист армиясы өтіп кетіпті. Біздің полкте соғыс дабылы соғылғалы бес минут болған екен, – деп қысқа жауап қатты да, майор Жамалы мен Серігінің беттерінен сүйіп, киімдерін апыл-ғұпыл түзей салды да, үйден жүгіріп шыға жөнелді...

Жамал мен Серік тез киінді де, үйдің ішін буып-түйе бастады. Жамалдың ойына әртүрлі қорқынышты күдіктер ұялай берді. Бұл қала шегарадан небары қырық-ақ километр жерде болатын. Шегарадан өтіп кеткен жау бірнеше сағаттан соң, осы қалаға, өздері тұрған зәулім биік үйлерге оқ атуы мүмкін. Сонда қайтпек? Жамал әрі ойлап, бері ойлап, Серікті атасы мен әжесінің қолынан алып келгеніне қатты өкінді. Жап-жас баласының ендігі күндері немен шектелмек? Көңілінде ешбір күдігі, ойында ешбір алаңы жоқ сәби енді жау оғынан бұқпантайлап, бас сауғалап жүрмек пе? Бұл қалай болғаны сонда? Жамал әлсін-әлі балконға шығып, полк тұрған казармаларға, зеңбірек алаңдарына, ат қоралар жаққа көз жіберді. Қайда болмасын абыр-сабыр, асығып-үсігіп қайшалысып жүгіріп жүрген солдаттар мен офицерлер. Терезелерден, балкондардан бастары қылтиып, жан-жағына күдіктене көз жіберіп тұрған офицер отбасылары, жай адамдар. Содан соң тұрып тың тыңдады. Қаланың әр жерінен соғыс дабылы, анда-санда саңқ-саңқ еткен офицерлердің бұйыра айқайлаған дауысы естіледі.

Тыныштық құшағында мүлгіген осы көркем қаланы мұнша әбігерлендіріп, шырқын бұзған кім? Неге өшікті екен осынша? Керегі не оған?

Жамал әлі қарап тұр сыртқа. Ендігі бір сәтте сапқа тізілген солдаттар, көсемдеп бірнеше ат жеккен зеңбіректер, ұшы-қиыры жоқ жүк тиеген мәшинелер, атты әскерлер көше-көшелермен қаланың батыс жағына қарай ағылып өте бастады. Серік те мамасының жанында осы жойқын көріністен көз алмай қарап тұрған-ды. Бала жүрегі де қауіпті сезгендей еді. Сонысын байқатып:

– Папам үйге енді келе ме? – деп сұрады ол мамасына күдіктене қарап.

– Келеді, жаным, келеді! – деп, жұбаныш айтып жауап қайырды, Жамал ұзақ-сонар ой соңында тұрып. Осыдан кейін екеуі біріне-бірі тіл қатқан жоқ, мамасы баласына, баласы анасына үнсіз қарай берді. Екеуі баяу басып, бірінің соңынан бірі еріп, үйге қайта кірді.

Серіктің құлағына соғыс дабылы алыстан үзіліп-үзіліп келіп тұрды.

Жомарт үйге келгенде, Жамал мен Серік бұған теңнің үстінде үрпиісіп-үрпиісіп отырған-ды. Серік папасын көре сала орнынан ұшып тұрып, жүгіріп барып, оның мойнына асыла кетті. Майор оны екі бетінен алма-кезек сүйді де:

– Жамал, біз аттанып барамыз. Қоштасайын деп бірер минутқа ғана келдім. Өте асығыспын. Командованиенің бұйрығы бойынша бүгін барлық офицерлердің отбасы кейін, тылға қарай көшіріледі. Көшіретін адамдар осында қалды. Бірақ қай жерге көшірілетіні белгісіз. Кейін хабарласамыз ғой. Әйтсе де, – деп сәл кідіріп, Жамалға қадала қарай бергенде, Жамал көзіне жас алып:

– Жомарт, жолың болсын! Әлдеқандай уақыт болады, кім білсін. Мүмкін, соғыс ұзаққа созылар, біз елге қайтайық. Аман болсаң, келерсің. Хат жазып тұр, – деп Жомарттың құшағына кіре түсті.

– Мен де соны айтайын деп тұр едім. Асылы, елге қайтқандарың жөн болар. Барлық туған-туысқандарға сәлем айт! – деді Жомарт та жарының сөзін мақұлдап. Серік папасы мен мамасына жауаңдап қарай берді.

Сөйтіп, отбасының да шырқы бұзылып, бірімен-бірі қоштасып, әке – майданға, шеше мен бала елге қарай жол тартты...

Эшелон жол-жөнекей жиі тоқтап, әуе шабуылынан қорғанып келеді. Осы үш күндік сапарда шыққан жерінен онша ұзап та кете қойған жоқ. Күн сайын, сағат сайын әуе шабуылы жиілеп, бомбадан қираған вагондардағы адамдарды сау вагондарға ауыстырып, ал істен шыққан вагондарды кез келген разъезд, станцияларға тастап отырды.

Бұл эшелондағы адамдардың көбі жаралы болатын.

Серігін құшақтап, нардың астында отырған Жамал қарсысындағы полк комиссары Савченконың әйелі Анна Ивановнаға ойлы пішінмен көз тастап, әлденені айтқысы келгендей қарай береді. Анна Ивановна да Борясының басын көкірегіне қысып, әлденеден қауіптенгендей, сыртқа құлағын сала тыңдап, вагонның есігінен көз алмай қарап отыр. Ересек балалар, әйелдер вагон есігінің тесіктерінен сығалап тұр.

Көп кешіккен жоқ, жау самолеттерінің гуілі тағы өрши бастады. Эшелон жай жылжып келді де, бір жерге тоқтады.

Жоғарыдан естілген самолет моторларының мазасыз гуілі қара жерді қақ жаратындай боп қаһарлы үнге басты. Бір кезде әр жерден жарылған бомбаның гүрсілі естіліп, оған қоса самолеттерден пулемет оғы жауды. Ышқынып түскен бомбаның, ысқырып өткен оқтың зәрелі дауысы ғана



естіледі. Эшелон жауған оқ, түскен бомбаның астында қалды. Серік көзін шарт жұмып, мамасының бауырына тығыла түсті.

Далада жер төңкеріліп жатқандай, ұлардай шулаған үрейлі дауыс. Самолет моторларының гуілі басылу орнына, барған сайын үдей гулейді. Вагондағы жұрт түп-түгел үрейлі.

Бір кезде бірнеше бомба жақын бір жерден жарылды да, вагондарды дірілдете-солқылдатып, шайқап толқытып жіберді. Сол-ақ екен, сырттан:

– Вагоннан тез шығыңдар, эшелон өртенді. Тез шығыңдар! – деген бір еркек адамның ащы дауысы саңқылдай естілді.

Соны күткендей боп әзір тұрған адамдар вагонның есігін жабылып ашып жіберіп, есіктен бірлеп-екілеп қарғи бастады. Жамал да Серіктің қолынан жетектеп вагоннан жерге түссе, алдыңғы бірнеше вагон жанып жатыр екен. Жұрттың бәрі өкпе тұстағы шағын орманға қарай тым-тырақай боп жүгіріп кетіп барады. Жамал Серікті сүйрелей-мүйрелей отырып, вагоннан жүз метрдей ұзағанша, жау самолеттері эшелонды тағы да бомбалай бастады. Бірнеше бомба бірінен соң, бірі эшелонның ұзын бойына қуалай түсті де, вагондардың астын үстіне шығарды. Жұрт азан-қазан. Маңай лаулаған өрт. Будақтаған қою қара түтін мен қыпқызыл жалынға оранып эшелон жанып жатты.

Тылға тартып бара жатқан эшелонды әбден басынып алған жау самолеттері сол төңірекке қайта оралып, қарусыз ана, дәрменсіз балаларға енді тіпті жақыннан шүйіліп келіп, пулеметтен оқты бұрқырата жаудыр-

ды. Жан ұшыра жүгірген жұрт әр жерге бір бассауғалап, зытып барады. Жау тіпті көзіне көрінген әрбір адамды оқтың астына алған болатынды...

Жамалда ес жоқ. Екі өкпесін қолына алып, сүріне-қабына жүгіріп келе жатыр еді, бір самолет төмендей түсіп, оған оқты боратып жіберді. Ол баласын құшақтаған күйі бір шұңқырға етпетінен құлап түсті де:

– Серігім! – деп дауыстап жіберді. Ышқына шықты үні. Шешесінің бауырында жатқан Серіктің оған жауап қатуға мұршасы келмеді. Ана үрейі баланы тіптен булықтырып жіберді.

Не заматта Жамал есін жиғандай болып:

– Серікжан, оқ тиген жоқ па, қарашығым?! – деді.

– Жоқ, тиген жоқ! Мама, бұл жерден тез кетелік. Самолет тағы келіп қалады. Жүр, жүр, мама, – деп Серік мамасының бауырынан жұлқынып ұшып тұра келді де, оның қолынан тарта бастады. Бірақ мамасы жатқан орнынан тез тұра алмады. Өзер-өзер көтерілді. Ол екі-үш ұмтылып барып, қайтадан құлап түсті. Оқ тиген екен.

Мамасына оқ тигенін Серік сонда ғана барып білді. Енді не істерін білмей сасқан бала жан-жағына жалтақтап, аңырып тұрып қалды. Бар қауқары: «Мама, тұр, тұр!» – деп қолынан тартқылай берді.

Бір кезде Жамал ышқынып барып, екінші жақ жамбасына аунап түсті.

Сол жерде Серік шешесінің қанға боялып жатқанын көріп шошып кетті.

– Мама, ана ағаш ішіне жетелік, жұрттың бәрі соған барып тығылды. Мама, жүрші! – деді Серік тағы да, оң қолымен көзінің жасын сүртіп. Жамал тіл қатпады. Аузынан әлсіз үн, болымсыз дем шығады. Серік көгендеген қозыдай ешқайда кете алмай, шешесінің жанында жылап тұра берді.

Жау самолеттері қайтып оралмады. Өлгінде ғана астан-кестен болған дүние бір сәт тынышталып, жым-жырт бола қалды.

Маңайда жан жоқ. Екі-үш сағат өткеннен кейін Серіктің жылай-жылай дәрмені құрып, шешесінің бас жағына жүресінен отыра кетті.

Жамал тағы бір сағаттай қиналып жатты да, жан тапсырды. Өкесі алдыңғы шепке аттанып, анасы далада қаза тауып, жас Серік бұрын аяғы баспаған алыс жерде тірі жетім боп, жалғыз қала берді. Қайда барады, не істейді, не күтіп тұр алдында? Бәрі оған беймәлім.

Серік анасының қасынан кете алмай тұрған шақта, бір ағаштың түбінде толық денелі, орта бойлы, қою сары шашты, отыздың екеу-үшеуіне келген бір әйел отыр еді. Бұл полк комиссары Савченконың жұбайы, партия мүшесі Анна Ивановна Савченко болатын. Оның жанында ағашқа сүйеніп, он бір-он екілер шамасындағы ақ сары шашты,

көк көзді жалаң бас бір ер бала тұр. Бұл сол Анна Ивановнаның Борис деген жалғыз ұлы болатын. Ол станция жаққа ағаш арасынан көз алмай ұзақ қарап тұрды.

– Мама, ана жерде біреу отыр. Ол мұнда келіп неге тығылмайды? – деді. Анна Ивановна орнынан тұрып, баласының нұсқаған жағына қарап еді, шынында да ашық алаңда біреу отыр екен.

– Мама, анау Серік қой! Танып тұрмын, Серік! – деді тағы да манадан бері одан көз алмай қарап тұрған Борис.

Анна Ивановнаның басына енді: «Мұның шешесіне оқ тиген екен, сөйтіп, Серік оның жанынан кете алмай тұр екен», – деген күдікті ой сап ете түсті. Бористің қолынан жетектеп алды да, Анна Ивановна солай қарай беттеді. Орманның шетіне келіп, анықтап қарап еді, әлгі отырған Серіктің дәл өзі екен. Анна Ивановна «жау самоләті көрінбей ме екен» дегендей, айнала аспанға бағдарлай қарап алды да:

– Боря, сен осы жерде тұра тұр. Мен барып, не болғанын біліп келейін, – деді. Боря басын изеді. Анна Ивановна жедел басып Серіктің жанына келгенде, ол орнынан ұшып тұрып, Анна мен шешесіне алма-кезек қарап, егіліп жылап қоя берді.

– Серік, неге жылайсың? Мамаң жаралы ма? – деп, Анна Ивановна Жамалдың бетіне үңіле қарап, тамырын ұстап көрсе, ол жан төсілім еткен екен. Енді Анна Ивановна да не істерін білмей, Серіктің басынан сипап, аңырып тұрып қалды. Оның көз алдынан қара торы, толық денелі, қою, ұзын қара шашты, өзінің көршісі Жамалдың жарқын бейнесі кетпеді. Ол сол сүйкімді бейнені көз алдынан кетіргісі келмегендей, бір нүктеден көзін алмай қарап тұра берді. Сәлден соң бір шешімге келгендей Серікті бауырына қыса түсіп:

– Серік, мамаң өлді. Мамаңды фашистер өлтірді! – деуі-ақ мұң екен, Серік тағы да тізерлеп отыра қалып, мамасының өлі денесін құшақтап, еңіреп жылап қоя берді. Анна Ивановна да егіліп тұр еді. Жамалдың бетін жасырып кеткісі келді, бірақ қалай жасырмақ?! Не қолында күрегі жоқ, не төңіректен еш нәрсе табар емес.

Сөйткенше болған жоқ, алыстан самолет моторлары жер жара гуілдеп, тағы да жақындай түсті. Анна Ивановна дереу Жамалдың үстіндегі қанға боялған жаздық жұқа киімін шешіп алды да, денесіне айқара жапты. Қысылтаянда қолынан бар келгені сол-ақ еді. Сосын:

– Серік, жүр кетейік! Өне, фашист самолеттері тағы да ұшып келеді. Жүр, өне жерде Боря тұр, соған барайық, – деді ол Серіктің қолынан ұстап. Көзіне жас толған Серік мамасының денесінен көз алмай: «Бармаймын, осы арада боламын», – дегендей басын шайқап, орнынан қозғалмады.

– Серік, мұның не? Жүр, мамаң өлді. Енді папаңды тауып алайық, –

деді Анна Ивановна, оны мамасынан күдер үздіріп, ертіп әкетейін деген оймен. Сол арада жау самолеттері де қаптап кетті. Серік артына жалтақ-жалтақ қарап, Анна Ивановнаның соңынан еріп, бүлкетеп кете барды...

* * *

Командир Спижевой дүрбімен бет алыстағы биіктікті болжап отыр. Ағаш арасынан село үйлері ағарып-ағарып көрініп тұр. Бұл өзі туып, жастық шағын сайрандап өткізген Григорьевка селосы. Бір кезде өзі асыр салып ойнаған селосы, міне, енді жау қолында. Онда жетпіске келген кәрі анасы Софья Павловна мен өзінен үлкен апасы Надежда Ивановна тұрады... Күндіз жасырынып, түнде ғана барып ағайын-туғандарының үйлерінен тамақ ішеді. Фашистер селоға келісімен, оның әкесі Иванды асып өлтірген. Үйін өртеп жіберген. Софья Павловна мен Надежда Ивановна үйде жоқ болып, аман қалған. Сол күндерден бастап Емельян Демьянович Ломако, Сильвестер, Василий Горовенколармен бірге селода астыртын ұйым жұмысына басшылық етіп, ашық жүруді қойған. Кейіннен Переяслав, Канев аудандарындағы астыртын ұйымдарды ұйымдастырған, партизан отрядының бір бөлімшесін басқарып, міне, қазір екі отрядтан құралған ірі отрядтың бір батальонын басқарып, тосқауылда отыр. Ол дүрбісін жайлап селодан солға қарай бұрды да, бір шоқ қарағайға әкеліп тоқтатты. Бірлі-жарым көк киімділер көрінеді. Дүрбісін онан төмен сайға қарай жылжытып еді, топтанған қалың жау көрінді. Ол «мыналарды көріп тұрсың ба, жоқ па?» дегендей, дүрбісін сол жақтағы «Вовко мына шоқ қарағай ішінде» деп Иван Кузьмич айтқан шоқ қарағайға тіреді. Бірақ онан ешкімді көре алмаған соң, «өлде қателесіп басқа бір жерге қарап тұрмын ба» дегендей, дүрбісін көзінен алып, жай көзімен де қарап көрді. Жоқ, қателескен жоқ екен, сол шоқ қарағай, бірақ мықтап жасырынған болулары керек, ешкім көрінбейді. Спижевой енді дүрбісін қайта жау тобына бағыттады. Иә, көп-ақ. Дені көк киімділер, демек, көбі немістер – басқыншылар. Азы қара киімділер – сатылған ұлтшылдар, Отанын сатып басқыншыларға қолшоқпар болған – полицайлар. Олар жаудан да қауіпті. Өйткені олар жердің жағдайын жақсы біледі, тұрғын халықты әбден таниды. Олар ел үшін зор апат. Олардың айтуы бойынша, басқыншылар совет адамдарын атып-асып жатыр. Жау сайға көп аялдамады. Олар бері қарай ағылып келе жатыр. Жауды Спижевойдың қасында жапырақ арасында демдерін іштеріне тартып жасырынып тұрған Серік пен Борис те көріп тұр. Екеуі «командир келе жатқан жауды көрмей тұрма» дегендей, Спижевойға қарап қояды.

Міне, он шақты қара киімділер жақындап қалды. Тіпті орманның жиегіне де ілінді. Бірақ олар жұбын жазбай келе жатқан жоқ. Винтовкаларын кезеніп, бытырап, әрқайсысы әр жерден келіп, орман шетіне кірді. «Қарашы азғындарды, басқыншылар айдап салғанға аңша андыздап келе

жатқанын! Батыр болса, сендерге дос болса, басқыншылардың өздері неге алға жүрмейді? Өздері бірінші болып орманға неге кірмейді?» – деп тісін қайрап отыр Константин Иванович.

«Жау орманға кіріп кетті, неге атпадық» дегендей, Серік командирге таңдана қарады. Константин Иванович «кіре берсін, оларды жігіттер ұстайды» дегендей, қолын сермей салды Серікке. Серік командир ойын түсінгендей болып, қайтадан алғы жаққа көз жіберді. Жақындап қалды. Серік пен Бористің неге оқ атпайды деп тағаты кете бастады. Константин Иванович Спижевой жиырманың төртеу-бесеуіндегі қара торы, бұйра шаш, денелі, сымбатты жігіт еді. Оның көркемдігіне ақылы сай, ұстамды, сабырлы командир. Партизан соғысы әдісін өбден меңгерген адам. Ол бұл айқастың жөн-жосығына қанық. Сондықтан ол уақыты жетпей қозғалмас...

Жау көздеулі жерге келген кезде Константин Иванович ракетничасын ілгері қарай созды да, жауға қарай қызыл ракета тастады. Сол-ақ екен, пулеметтер үн қосты. Бірнеше жерден станкалық пулеметтері оқ боратып жатыр. Атылған пулемет, автомат, винтовка дауысына қол гранатасы көмекке келді. Осы бір төрт-бес минут ішінде орман жаңғырығып, аспан астын күңіrentіп жіберді. Оқ астында қалған жау кейін қарай ойысты. Сол сәтте сол жақтан Вовко аттылары шыға келіп шегінген жауға тап берді. Жаудың ойдан бері шығып үлгіре алмағандары сайды құлдилап Днепрге қарай бассауғалап барады. Осы жаналыс-жанберіс айқас үстінде командир Серікті пакетпен Вовкоға, ал Бористі оң қанаттағы Янцелевичке жіберді. Командирдің өзі пулеметшілерді оң қанатқа жылжытып, қашып бара жатқан жауды өкшелей атуға бұйрық беріп, Спижевой команда пунктінде қалды. Жан-жақтан еселей соққан партизандардың тегеурінді шабуылына төтеп бере алмаған жау, кез келген жаққа бассауғалап, көбі оққа ұшты да, жартысы қолға түсті. Днепрге қарай ойысқан жау тобын оң қанаттағы Янцелевич партизандары жойып жіберді. Аттылар айқасы ұзаққа созылып, олардан бір взводтай жау құтылып, сол жақтағы қалың орманға өтіп кетті. Вовко аттыларынан он шақты адам оққа ұшып, біразы жараланды. Осы соғыста Серік қолынан жараланып, қара төбел ат оққа ұшты.

Күн бата бұл соғысқа қатысқан партизан бөлімшелерінің бас-аяғы жиналып, көптеген қару-жарақ, оқ-дәрі, азық-түлікті қолға түсіріп, елу сегіз тұтқынды лагерьге айдап әкелді.

Келесі күні командирлердің ұсынуы бойынша байланыс жұмысында ерлік көрсетіп, ерекше көзге түскені үшін отряд командирі Серік Мергенбаев пен Борис Савченкоға партизандар сап алдында алғыс жариялап, екеуіне сыйлыққа автомат тапсырды...



Серік пен Борис Переяслав бағытынан барлаудан келе жатты. Барлауды ойдағыдай орындағандарына екеуі де өте көңілді еді. Зарубинцы селосы тұсында Днепр жағасымен жүруді қолайлы көріп, қалың жас шыбықты тоғайға келіп кірді.

Днепрдің оң жағы биік, орманды келеді де, сол жағы аласа жазық, құмды болады. Майда құмға шыққан тал ит тұмсығы өткісіз қалың. Осы қалың тал тұтасқан бойы төмен қарай кете береді, кете береді. Жорыққа шыққан партизандар тобы бұл талды талай-талай тасалап келіп, жауға ойран салған. Соны жақсы білетін екі барлаушы тал арасынан жайбарақат жүріп келеді. Аспан айналып жерге түскендей. Күн тым ыссы-ақ. Луковец селосының тұсына келгенде Днепр жағасына шықпай, Днепрден тарамданып жатқан қара судан шөл басқылары келді де, екеуі жағаға қарай жақындады. Көлденең кездесе кеткен қара судан кезек барып, су ішіп, беті-қолдарын жуып салқындады да, тағы ілгері жүрді. Сол сәтте өзен жақтан дауыс естіліп, біреулер күлгендей болды. Екеуі тұра қалып, тың тыңдады да, талдың арасымен дауыс шыққан жерге келсе, екі адам суға түсіп жүр екен. Екеуі де еркек адам сияқты. Суда құлаштап малтып жүр.

– Ұлтшылдар ғой, жайбарақат рақаттанып жүргендерін қарашы, жұрттың бәрі қолдарына қару ұстап күреске шыққанда! – деді Борис оларға кектене қарап.

– Олар бізге қарсы соғысып жүрген жоқ па, қайта. Менің мына қолымды жаралаған осылар ғой. Боря, осылар жай ұлтшылдар емес, полицайлар болмасын? – деп күдіктенді Серік. Борис «болса болар» дегендей, жан-жағына сақтана қарай қалды. Сөйтіп тұрғанда сол жақтарында

жуан талдың бұтағына іліп қойған көк мундир, ақ ішкі көйлектерді көрді. Талдың түбінде бір винтовка сүйеулі тұрғанын көріп, екеуі сасып қалды.

– Полицай десек, мыналар нағыз жендеттердің өзі ғой, – деді Борис Серікке жалт бұрылып, Серік судағы малтып жүрген немістерге қарады. Екеуі су ортасына барып қалыпты. Арғы жақта біреу бір қол қайықпен әуреленіп жүр. Бұлар қайық шақырып, арғы жақтағы Луковец селосына өту үшін қайық күтіп, суға түсіп жүрген неміс солдаттары екенін бірден түсінді барлаушылар. Серік пен Борис: «Маңайда тағы біреулер бар ма?» – деп төңіректі шолып шықты. Ешкім жоқ екен. Киім-кешектерін алып кету керек пе, жоқ әлде, күтіп жатып, өздерін атып кету керек пе? Екеуі осы жағын ойласты.

– Сережа, винтовкалары мен киім-кешектерін алып кетейік, олар қайта малтып келгенше талай жерге барып қаламыз, – деген ұсыныс жасады Борис. Серік су жаққа бір қарап қойды. Жау киімдері жатқан жаққа тағы көз тастады. Содан соң сөл ойланып тұрып:

– Қаруларын алайық та, өздерін бері судан шыққан соң, атып кетейік, – деді жігерлене сөйлеп.

– Командир «оқ атпаңдар» дегені қайда? – деп қалды Боря.

– «Оқ атпа» дегенде тапсырманы орындап болғанша оқ атпау керек. Енді лагерьге жақындап келіп қалғанда несіне қауіптенеміз. Өздерін атпай киімдері мен қаруларын алып кетсек, анадағыдай партизандар бізге күледі ғой. Мас полицайды қолын артына байлап алып барғанымызда «Борис пен Сережа мас боп ұйықтап жатқан жауға батыр» деп күлгені қайда. Онан да екеуін де судан шығармай атып кетейік. Екеуіміз екеуін екі-ақ тартамыз, – деді Серік автоматына қарап қойып. Борис келіскендей болып: «Давай!» деді. Борис әрқашанда бір нәрсе істер алдында сөзінің дағдысы осы «давай» болатын. Екеуі дереу еңбектеп барып, жаудың винтовкасы мен киім-кешектерін құшақтап алып, тал ішіне алып келді де, кешікпей қайта шықты. Бұл кезде немістер қайта малтып келе жатыр еді. Екеуі бір жуан талдың түбіне жасырынып тұра қалды. Серік Бористің беліндегі пистолетті көріп, қуанып кетті. Борис Серіктің құлағына аузын тақап:

– Біреуінің белбеуінде екен. Демек, бұлардың бірі – офицер, – деп сыбырлады. Екі бала автоматтарын тексеріп, алдарына төніп тұр. Екі жендет судан шықпай жатып, автомат оғының астында қалды. Днепрдің ашулы толқыны «тағы атыңдар мына жендеттерді» дегендей, екі арам денені жиекке итеріп тастап қайтып кетті. Өлде оқ тимей әдейі жатыр ма деп қалған Серік жақындап барып, автоматтан тағы оқ атты. Арғы жақта қол қайық маңында амалсыздан күйбеңдеп жүрген адам селоға қашып бара жатты. Серік пен Борис тоғайға кіріп, жоқ болды...

Бір жолы барлаудан барлаушылармен бірге келе жатып, Серік «Белое озеро» деген орман шаруашылығындағы құс бағып жүрген балаларға кездесіп, олармен мұңдасқан болатын. Бұлар бұрынғы Переяслав балалар үйінің балалары еді. Оларды басқыншылар келіп қалған кезде кейін шығысқа қарай алып кетуге үлгіре алмаған. Переяслав пристанында кемеге тиіп өкеткелі жатқанда, неміс сойқандары келіп қалып, балалар тәрбиешілерімен бірге басқыншылардың қолына түсті. Оларды жаю Переяслав қаласына айдап келді. Сарайға қамап қойды. Тәрбиешілерді балалардан, балаларды тәрбиешілерінен айырды. Балалар сарайда қалды. Он күн ішінде балалар аштықтан жүдеп кетті. Оның үстіне «большевиктердің» әдейі құрметтеп тәрбиелеп жатқан «кішкене большевиктері» деп оларды ұрды, соқты. Кейіннен сарайға азамат киімді екі жуан қарын неміс келді. Балалардың жартысын іріктеп солар алып кетті. Қайда алып кеткенін ешкім білмеді. Қалғандарының ересектерін Киев қаласына жөнелтті, кішкентайларын осы «Белое озероға» бұрынғы бір деревняның құсын алып келіп, соны бақтырып қойды. Бұл – Переяслав комендантының азығы. Балаларды алғашқыда жаралы бір неміс офицері басқаратын еді, соңынан ол кетіп, екі полицай басқаратын болды. Қайсысының болмасын балаларға таяғы жұмсақ тиген жоқ. Күніне екі рет қара нан мен қара су ішіп, жиырма екі бала құс бақты. Әрбір өлген, жоғалған балапан үшін олардың барлығына бірдей дүре соқты. Отырса басқа, тұрса аяққа сабады. Осы жайды балалардың өз аузынан естіген Серік оларды аяйтын. Оларға жаны ашитын. Өттең, шамасы келсе, босатып алғысы да келетін. Бірақ Серік тым құрығанда топ командирі де емес қой. Ол – жай барлаушы. Балалардың өңгімесін ол жалғыз ғана естіген. Онан басқа барлаушылар ағаш шаруашылығының төңірегіне арнаулы тапсырмамен келіп кеткен. Олар балалар жайында, құс фермасы жайында да хабарсыз. Ол туралы білуге уақыттары да жоқ болатын. Серікке барлық жайды айтып берген он бір-он екілерге келген ашаң, ақ сары бала. Ол барлығын жыламсырап, кішкентай кеудесін кере күрсініп отырып айтқан еді.

«Партизансыңдар ғой, партизандарда сен сияқты балалар көп пе? Қашып шықсам, сендерді таба аламын ба? Партизандардың бастығы мені қабылдап ала ма?» – деген шашы жалбыраған таңқы танау ақ сары баланың сөздері, оның қырылдаған қоңыр дауысы Серіктің құлағынан ешқашан кетер емес... Серік бір күні бос уақытын пайдаланып, отряд штабына келді. Штабта Иван Кузьмич жалғыз отыр екен. Серікті көрді де: «Амангелді, бері кел. Жараң жазылды ма? Дөрігерге көрсетіп жүрсің бе?» – деп сұрақты үсті-үстіне қойып, оны өз жанына шақырып алды. Серік командирдің жанына жақын келіп:

– Жарам жазылып кеткен, – деп жеңін шынтағына дейін түріп, жарасының қара қотырланып тұрған орнын көрсетті.

– Е, шынында жазылып кеткен екен, – деп, командир қуанып қалды. – Неге келдің? Лагерьде ұзақ жатып қалып жалықтың ба? – деп, Иван Кузьмич Серікті жанына отырғызып, арқасынан қағып қойды. Серік біраз ойланып отырды да, әкесіндей жақсы көретін командиріне «Белое озеро» оқиғасын түгел айтып берді. «Не дер екен» дегендей, Иван Кузьмичке қарақаттай қара көзін сұраулы пішінмен қадай қойды. Серіктің көкейтесті ойын түсіне қойған командир:

– Оларды босатып, отрядқа алып келеміз. Оған сен де барасың. Гриша Спижевойдың тобын лагерьге келісімен жіберемін, – деді. Серік қуанғанынан орнынан атып тұрды да, белбеуін түзеп, кетуге ыңғайланып, кәдімгі солдаттарша:

– Кетуге рұқсат етіңіз! – деп саңқ ете түсті. Иван Кузьмич жымып күлді де:

– Бара беруіңе болады, – деп, сол жағына әскери адамша оқыс бұрылып кетіп бара жатқан Серіктің соңынан қарап қала берді. Серіктің ерлігі, Серіктің тапқырлығы, қырағылығы оны бұрыннан да қатты сүйсіндіріп жүретін. Өлгіндегі сөзі, қимылы тағы да ұнай түсті, сондықтан бала тілегін қалай да орындауға бел байлады.

Сол күні Григорий Спижевойдың тобы жорықтан келді де, ертеңінде түс ауа «Белое озероға» шығып кетті. Топ алдында қарт партизан Семен Григорьевич Власенконың жанында Серік те кетіп бара жатты...



: 3-тапсырма. Повесть мазмұнын баяндап беріңдер. Шығарма сюжетіне назар аударыңдар.



: 4-тапсырма. Оқулықтағы повестен алынған үзіндінің композициялық кестесін дәптерлеріңе жазыңдар.

Құрылымы	Оқиғасы	Кейіпкерлері



5-тапсырма. Соғыс басталмай тұрғандағы бейбіт өмір салтанаты туралы өз ойларыңды білдіріңдер. Кішкентай Серік анасы екеуі қайдан келді? Ойын баласы Серіктің ерте есеюіне не себеп болды?



6-тапсырма. Берілген үзіндідегі табиғат суретіне назар аударыңдар. Жазушы не себепті осындай пейзаж жасады?

Днепрдің оң жағы биік, орманды келеді де, сол жағы аласа жазық, құмды болады. Майда құмға шыққан тал ит тұмсығы өткісіз қалың. Осы қалың тал тұтасқан бойы төмен қарай кете береді, кете береді. Жорыққа шыққан партизандар тобы бұл талды талай-талай тасалап келіп, жауға ойран салған. Соны жақсы білетін екі барлаушы тал арасынан жайбарақат жүріп келеді. Аспан айналып жерге түскендей. Күн тым ыссы-ақ. Луковец селосының тұсына келгенде Днепр жағасына шықпай, Днепрден тарамданып жатқан қара судан шөл басқылары келді де, екеуі жағаға қарай жақындады. Көлденең кездесе кеткен қара судан кезек барып, су ішіп, беті-қолдарын жуып салқындады да, тағы ілгері жүрді.



7-тапсырма. Берілген үзіндідегі асты сызылған сөздердің мағынасын түсіндіріңдер. Бұл сөздердің шығарма оқиғасын дамытуға қалай әсер етіп тұрғанын айтып беріңдер.

Шырт ұйқыда жатқан Серік төрдегі үстел үстінде тұрған телефонның безектей шылдырлаған дыбысынан кенет оянып кетті. Бір аунақшып түсіп, басын көтеріп алып еді, папасы телефон трубкасын құлағына тосып тұр екен.

– Тыңдап тұрған майор Мергенбаев, – деп келте сөйлеген папасы лезде: – Солай ма?.. Қазір жетем! – деді де, өңі бұзылып, трубканы тарс еткізіп іле салды.



8-тапсырма. Серікке мінездеме жазыңдар. Ол қандай бала? Оның бойындағы қандай ерекше қасиетін командирлері бағалайды?



9-тапсырма. Берілген үзінділерге талдау жасай отырып, ауызша Серіктің бойындағы ерекше мінезі мен қасиетін ашыңдар. Үзіндіде хрестоматиядағы толық мәтін пайдаланылды.

СЕРІК	<p>Борис: «Таба аламыз ба?» – дегендей Серікке қарады. Манадан бері Аннаның сөзін ұйып қана тыңдап отырған Серік: – Таба аламыз. Мен табамын. Ол мына жақтағы хуторда, – деп түстік-батыс жақты кішкене қоп-қоңыр сұқ саусағымен нұсқады.</p>	
	<p>– Боря жалғыз таба алмайды ғой деймін. Ол табатынына онша сенімді емес көрінеді. Ал мына Серік өте жершіл, бұның қатесіз табатыны анық. Сол үшін бұл екеуін де жіберсек. Өйткені хуторға жеткен соң, ол үйді Серік көрсетіп жіберсе, Борис барып, оларға хабарлайды.</p>	
	<p>Шие ағашына сүйеніп тұрған Серік елең ете түсті де, Клоповтың қолынан ұстай алып, өзіне қарай тартып қалды, Клопов «не болды» дегендей, Серіктің аузына құлағын төсей қойды. – Үйдің бұрышында біреу тұр. Өне, көрдіңіз бе? Өне, өне, бері қарай келе жатыр, – деді Серік оң қолымен үй жақты нұсқап.</p>	
	<p>Серік жастайынан үлкен әкесі Мерген шалдың қолында, ауылда өскен. Ауылда жастайынан атқа мініп үйренген, аттың құлағында ойнайтын. Талай рет тойларда ат жарысына қатысқан. Міне, Серіктің осы сырын білетін командир Вовко оны тастағысы келмеді.</p>	
	<p>Ағаш сиреп, алыстан бір село мұнарланып көзге түсті. Серік тізгінін тежеп тоқтай қалды. «Бұл қалай, адасып келе жатыр екенмін ғой. Анау Григорьевка селосы, анау көрінген су – Днепр», – деп күбірледі де, қаратөбелдің басын солға шұғыл бұрды. Енді адаспас үшін орманның шетінен алыстамай терістік-батысқа қарай жүрді.</p>	



: 10-тапсырма. Шығармадағы Гитлер басқыншылары мен сатқын полицейлардың бейнесін автордың қалай бергеніне назар аударыңдар. Олардың қарапайым халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтары туралы (хрестоматиядағы мәтінді пайдалана отырып) баяндап беріңдер.



: 11-тапсырма. Берілген үзіндіні оқып, Серік пен Боряға қандай ерліктері үшін алғыс жарияланғанын айтып беріңдер.

Келесі күн командирлердің ұсынуы бойынша байланыс жұмысында ерлік көрсетіп, ерекше көзге түскені үшін отряд командирі Серік Мергенбаев пен Борис Савченкоға партизандар сап алдында алғыс жариялап, екеуіне сыйлыққа автомат тапсырды.



: 12-тапсырма. 1-мәтінді тыңдап, Жамалдың күдігі мен қорқынышын білдіретін сөздерді теріп жазыңдар. Жамал не себепті осындай ойда тұрғанына назар аударыңдар.



: 13-тапсырма. 2-мәтіндегі ана мен баланың қарым-қатынасына назар аударыңдар. Бала Серіктің есею сәтіндегі оқиғаны баяндап беріңдер.



: 14-тапсырма. 3-мәтіндегі Серіктің мінезіне баға беріңдер. Серік не үшін қуанды? Оның бойынан қандай адамгершілік қасиетті байқадыңдар?



: 15-тапсырма. Партизандар қандай маңызды тапсырмаларды орындап жүр? Серік пен Борис сияқты жасы кіші балалар партизандарға қалай көмектесті? Шығарманың сюжетін өз көзқарастарың тұрғысынан дамытып жазыңдар.



16-тапсырма. Берілген кестені толтыра отырып, қиын кездегі адамдардың әрекетіне баға беріңдер.

Кейіпкерлер	Іс-әрекеттері	Менің ойымша...
<p>Партизандар</p>	<p>Сол күндерден бастап Емельян Демьянович Ломако, Сильвестер, Василий Горovenколармен бірге селода астыртын ұйым жұмысына басшылық етіп, ашық жүруді қойған. Кейіннен Переяслав, Канев аудандарындағы астыртын ұйымдарды ұйымдастырған, партизан отрядының бір бөлімшесін басқарып, міне, қазіргі кезде ол ірі отрядтың бір батальонын басқарып, тосқауылда отыр.</p>	
<p>Полицайлар</p>	<p>Иә, көп-ақ. Дені көк киімділер, демек, көбі немістер – басқыншылар. Азы қара киімділер – сатылған ұлтшылдар, Отанын сатып басқыншыларға қолшоқпар болған – полицайлар. Олар жаудан да қауіпті. Өйткені олар жердің жағдайын жақсы біледі, тұрғын халықты әбден таниды. Олар ел үшін зор апат. Олардың айтуы бойынша басқыншылар совет адамдарын атып-асып жатыр. Жау сайға көп аялдамады. Олар бері қарай ағылып келе жатыр.</p>	
<p>Фашист басқыншылары</p>	<p>Бірақ жау бейбіт елге ол берекені берер емес. Ойрандап, талқандап барады. – Неге тұрсыңдар? Қашыңдар! Неміс солдаттары селоны өртеп, адамдарды асып атып жатыр! – деп, баласын көтеріп, тоғай жиегіне ентігіп-демігіп бұрын жеткен жас әйел Анна Ивановнаға есі шыға қарады. Анна Ивановна жас әйелге тіл қатқанша, шұбырындылар соңынан оқ атылып, селодан онша ұзап шыға алмаған дәрменсіз қарттар бораған оқтың астында қалды.</p>	



: 17-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңдар. Авторлық баяндау арқылы берілген оқиғаларды әңгімелеп беріңдер.

1. Жамал қайтыс болғаннан кейін Серікке кімдер көмектесті?
2. Серіктің бойындағы жер бедерін жақсы білетін қасиетін партизандар қалай пайдаланды?
3. Фашист басқыншылары мен сатқын полицайлардың халыққа жасаған зорлығын автор қандай сюжеттерде көрсетеді?

Серік пен Бористің ерлік істері туралы өз ойларыңды білдіріңдер. Олардың жаумен айқасқан сәттерін баяндап беріңдер.



: 18-тапсырма. Топқа бөлініп, «Соғыс зардаптары», «Бейбіт өмір салтанаты» деген тақырыптарда пікірлесіңдер. Пікірлескенде қазіргі кездегі әлем жаңалықтарын пайдалануға болады.



: 19-тапсырма. «Жау тылындағы бала» повесінің көркемдік құндылығы туралы эссе жазыңдар. Эсседе адамдар арасындағы адамгершілік пен Отан алдындағы борыш мәселесін талдаңдар. Отан үшін, жер үшін жасалған ерлік істердің ұмытылмайтыны туралы өз ойларыңды білдіріңдер.



: Әдебиет тарихпен байланысты. Тарихта болған кез келген оқиға әдебиет арқылы бүгінгі күнге жетеді. Ғалым Тұрсын Жұртбай: «Тарихи шындыққа қарағанда, көркемдік шындықтың өмірі ұзақ», – деген. Сол себепті тарихи оқиғалардың халық жадында сақталуы, болашақ ұрпаққа берілуі әдебиет арқылы жүзеге асады деп ойлаймын.



: Иә, Ләйлә, ғалым ағамыз дұрыс айтқан. Біз өзіміз танысқан көркем шығармалар арқылы халқымыздың басынан өткен сан алуан оқиғалардың куәсі болып отырмыз. Қазақ-қалмақ соғысын «Қыз Жібек», «Батыр Баян» шығармалары арқылы білсек, Ұлы Отан соғысындағы балалардың өмірі туралы Қасым Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесінен оқып білдік.



: Қазақ халқының басынан өткен оқиғалардың бірі жазушы Сансызбай Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара» повесінде баяндалады. Бұл шығармадан да ел тарихында үлкен ізін қалдырған оқиғаларды көреміз.

САНСЫЗБАЙ САРҒАСҚАЕВ

(1925–1995)



Сансызбай Сарғасқаев 1925 жылы 29 сәуірде Жамбыл облысында дүниеге келген. Жазушының көркем туындылары 1949 жылдан жариялана бастады. Шығармалары негізінен жас жеткіншектерге арналған. «Достар» (1952), «Бір отрядта» (1953), «Сәуленің жаңа достары» (1954), «Бір көшенің бойында» (1961), «Сынған тіс» (1963), «Шындық» (1964), «Көңілді балалар» (1966), «Тәмпіш қара» (1974) атты повестер мен әңгімелер жинақтарында жас жеткіншектердің ой-арманы, қоғамдық пайдалы істері, өнер-білімге деген құштарлығы, бір-біріне адалдығы, достық қарым-қатынасы суреттелген. Жаңашыл да жасампаз адамдар туралы «Ұстаз» (1979), «Сұлутөр» (1983) романдары жарық көрді. Оның кітаптарының бәрі мектеп оқушыларының тыныс-тіршілігінен сыр шертеді.



: 1-тапсырма. «Тәмпіш қара» повесінің толық нұсқасын хрестоматиядан оқып шығындар.

Тәмпіш қара

(Повестен үзінді)

Енді ойлап тұрсам, арамызға сол Шаншатай келгелі бері біздің күнделікті күйкі тіршілігімізге жан кіріп, күні кеше өзімізге алыстан сағымдай мұнарланған жаңа бір дүние құшағына кіргендей әсерге енсек керек. Күні кеше қиялдың не екенін білсек, енді сол тәтті, сұлу қиялдың қанатына мініп, жан дүниеміз рақатқа шомылғандай болса керек. Бірақ біз күн сайын бойымызға там-тұмдап сіңіп, нәр болған сол бір әсерді ол кезде сезбеген едік. Сол әсер, енді ойлап тұрсам, біздің күнде ойнайтын



ойынымызда, біздің күнделікті әңгімемізде, қимыл-әрекетімізде тамырды қуалаған қан секілді бойға байқалмай тарай берсе керек.

Танысқан күннің ертесіне біздің үйге Шаншатайдың өзі келді. Келетінін маған күні бұрын айтқан жоқ-ты.

Бұл күні малдағы атам үйде болатын. Атам келді дегенше алты жасар інім Ержан екеуіміздің қуанышымызда шек болмайды. Таласып атамның арқасына мінеміз. Алдына отырамыз. «Суғарып келейік», – деп атына таласамыз.

Өлгінде әжем шай әкелгенде екеуіміз атамның екі тізесіне отырып алған едік. Әжемнің:

– Қойсаңдаршы. Атаңа тіпті шай ішкізбейтін болдыңдар ғой, – дегеніне қараймыз ба, тәйірі. Атам болса мәз, кеңкілдеп күле береді.

Жаз күндері шайды есік алдындағы дәлізде ішетінбіз.

– Ассалаумағалейкүм! – деген баланың дауысы шықты.

– Әликсалам, – деді атам да, сәлем берген балаға риза болғандай.

Ержан жылап, мені атамның алдынан итеріп отырған. Оны мен де итеріп жібергенім сол еді, келген балаға жалт қарасам – Шаншатай!

Анадай жерде ақсия күліп қарап тұр. Мен шиедей қызарып кетсем керек, сасқанымнан бетімді атамның кеудесіне баса беріппін. Дәл осыны күткендей, басқа баланың келуі оған мият болғандай, жылап отырған Ержан мені дәл құлағымның түбінен періп жібермесі бар ма!

– Үй, мыналар қайтеді, – деп атам осы кезде қозғалақтап қалды. – Шырағым, жоғары шық, шайға кел!

Атам ендігі сөзін Шаншатайға арнады. Інімнің мені ұрғанын көргенде Шаншатайдың күлген дауысы қаттырақ шыққандай болып еді, енді атамның сөзінен кейін:

– Рақмет, ата, – деді ол, – шаруам боп Ертайға келіп едім.

Атам «Саған келіпті ғой, сөйлессейші» дегендей, бетімді басқан иығымен кеудемді серіпті. Амал жоқ, бұрылып қарасам, Шаншатай сол орнында тұр екен. Жүзінде мысқыл табы жоқ. Сабырлы.

– Ертай, қазір қолың бос па? Ешқайда бармайсың ба бүгін? – деді ол.

– Боспын.

– Онда сенде шаруам бар. Асықпай тамағыңды іш, мен мектеп қасында күтем сені.

– Жарайды.

Өншейінде қыңырланып қиқандар ма едім, кім білсін. Дәл қазір оның тезірек кетуін қаладым. Ержан тағы да бір сойқан шығарар!

– Шай ішпедің ғой, шырағым, – деді әжем.

Шаншатай рақметін жаудырды тағы да. Сосын:

– Ертеңгі ас қой, дәм ауыз тиейін, – деп, ақырын басып, дастарқанның жанына келді де, өте бір инабатпен иіліп үстел үстінде жамырап жатқан әжемнің қызыл бүйір жүгерісінен бір-екеуін алып аузына салды.

– Уыстап ал, балам, – деді атам.

– Көп рақмет. Мазаларыңызды алғанымға кешіріңіздер!

– Өте бір әдепті бала екен, – деді атам Шаншатай кеткен соң.

– Өте бір ұқыпты бала екен, – деді әжем оның тап-таза киімін сөз етіп.

Шынында да, оның киген киімі тазалығымен бұл жолы мені қызықтырған еді. Пәлендей су жаңа емес. Бұтында шолақ балақ шалбар. Үстінде кеше суға киіп келген торкөз көйлек. Аяғында сандал. Басына кигені көнетоз тақия. Бір қызығы галстук тағып алған.

«Осындай күн ысыда галстук таққаны сәндігі болар».

Бұрын мұндай қызғаншақтығым жоқ еді. Бірақ дәл осы арада әлгі баланы мұқатқым келгендей:

– Өзі тым сәнқой. Мақтаншақ! – деп қалдым.

– Қой, өйтпе, балам. Сыпайылығы көрініп тұр ғой, ондай бола қоймас.

– Кішіпейіл, ақжарқын бала екен, – деді атам тағы да. – Бұрын көрмеген бала ғой.

– Келгеніне екі күн бопты, – дедім мен атам мен әжемнің сөзіне іштей торсып. – Келдібай директордың інісі екен.

– Е-е, болса болар, – деді атам басын изеп. – Тәлім көргені көрініп тұр. – Мына сөзге тіптен жарылып кете жаздадым.

– Сонда мына мен кімін, ата?

– Сен біздің ерке тайлағымызсың ғой, – деді атам күліп.

– Иә, саған, – деді осы кезде Ержан. – Сен мақтаншақсың!

– Мен бе? – Тұра ұмтыла беріп ем, ол да аңдып отыр екен, сып етіп әжемнің қойнына кіріп кетті.

– Күтіп қалды ғой. Сөзіңді бердің, бара ғой, балам, – деді әжем, мен шай ішіп болып тұра бергенімде. – Сондай баламен дос болсаң, өкінбессің.

Бұл сөз әжемнің берген батасындай сезілді. Үйге кіріп, өзім оқуға киіп жүрген көк сәтен жейдемді, ақ жолақ жолы бар шалбарымды, жуырда базардан әкем әкелген сары брезент бөтеңкемді кидім. Менің де Шаншатайдан қалысқым келмеді.

Сөйтіп үйден шыққанда, Ержан:

– Оһо, қарашы, ата, мынаны қарашы. Айттым ғой, мақтаншақ! – демесі бар ма.

Көңілім су сепкендей басылды. Үнжырғам түсіп, сөлбірейдім де қалдым. «Қап, мына иттің!..»

Әжем:

– Атасы-ау, ерке тайлағың қандай әп-әдемі. Киімі де мұнтаздай тап-таза, өзіне жарасып тұр, – демесе, менің сол күні Шаншатаймен кездесуім де неғайбыл еді.

Оны атам да қостап:

– Бәрекелді-і-і! Міне, нағыз жігіт. Келші, өзіңді бір иіскейін! – деп кеудеме көгершін қондырды... Мына сөздерден кейін, Ержанның айтқаны жайына қалды. Орайын тауып, тақыр маңдайынан бір шертіп, баж еткіздім де, ытқып көшеге шықтым.

Айтқандай-ақ, Шаншатай мектеп қасындағы қос теректің түбінде күтіп тұр екен. Ол менің сәндене киінуімді байқамағандай пішін көрсетті. Сірә, ұялтпайын дегені болар.

Мен келген бетте оның сұрағы:

– Сендер күнде не істейсіңдер? – болды.

– Ойнаймыз, суға түсеміз.

– Сосын.

– Тағы ойнаймыз.

– Не ойнайсыңдар?

– Не болсын? Асық ойнаймыз. Шілік ойнаймыз. Бірақ қазір күн ыссы, – дедім мен қабағымды кіржитіп, қиналған әлпетпен. – Көктемде бірауық қашпадоп ойнаймыз.

– Кешке жақын ойнайсыңдар ма?

– Ойнамағанда ше! – дедім мен шап етіп. – Орамал тастамақ, түйе-түйелер, жасырынбақ, ақсүйек... ой, несін сұрайсың, тіптен көп.

– Келгелі көрмедім ғой.

– Қазір ойнамаймыз.

– Неге?

Қипақтап қалдым. Түнде қорқатынымызды айтқым келмеді.

Ана бірде кешкісін жасырынбақ ойнап жүргенімізде, алыстан айдалада жарқырап жанған отты көріп: «Шайтан жаққан от», – деп көптеген

балалар бытырай қашқан. Содан кейін балалар кешкісін жиналуды мүлде қойған-ды. Сондықтан:

– Кешкісін үй шаруасы көп, – дедім мен үйде бірдеңені тындыратын-дай жалтарып.

– Ө-ә! – Шаншатай түсіндім дегендей иегін шұлғып қойды.

– Сонда кешке дейін ойыннан басқа ешбір шаруаң жоқ қой?

– Иә.

– Мен сенен бірдеңе өтінейін, орындайсың ба?

– Өуелі айт, – деп тұрып алдым.

Ол маржандай тістерін көрсетіп, басын шайқап күлді де:

– Егіс қосына, қырманға барсақ қайтеді? – деп сұрады.

– Қырманға?! – Дауысым қаттырақ шығып кетсе керек, Шаншатай маған таңырқана қарап қалыпты.

– Бармаймын, – дедім мен.

– Неге?

– Сол.

– Онда өзің біл, – деді Шаншатай қиналған үнмен, – мен саған комбайн көрсетейін деп ем.

– Ко... ком... комбайн, – дедім мен елең етіп. Енді өлгі бір мінезіме қысылғандаймын. «Сабырсыздығым-ай осы!.. Тым тыз етпемін», – деймін іштей өзіме-өзім қыжылдап.

– Иә, – деді Шаншатай. – Сен білмейсің бе? Колхозға комбайн келгелі үш күн болды.

Ауылдың үстімен басқа ауылдың шыбыны өтсе біле қоюшы ек. Оған құлағымыз түрік. Ал атын естігенмен, кейде көрсек деп ынтығатын дәу мәшиненің біздің ауылға келгенін білмей қалуымыз нағыз өлім ғой. Мынандай тапа тал түсте емес, жеті қараңғы түнде екі өкпемді қолыма алып жүгірмеймін бе? Ана Нұрқат бастықтың Нығмет деген баласы «шайтанарба» алып келгенде, осы ауылда оны ең бірінші білген де, жалынып-жалбарынып алғаш оны қолыммен сипап көрген де мен емес пе ем?! Шаршы топтың көзінше Нығметтің алдына отырып, «шайтанарбамен» ауылды бір айналып шыққан сабазың мына мен емес пе ем! Сонда төбем көкке екі-ақ елі ғана тимей қалып еді ғой. Ал бүкіл ауылды дүрілдеткен мына жаңалықты қалайша білмей қалғаныма таңым бар.

– Біздің ауылға ма? – дедім мен өлі де Шаншатайдың сөзіне сенер-сенбесімді білмей қайталап қадала сұрап.

– Осы ауылға келді.

– Сен өзі көрдің бе оны?

– Жоқ. Келдібай ағам айтты. Өуелі Жарбастау деген жердегі егінге салған екен. Бүгін Қызылқұрға әкеледі, – деді.

– Ө-ө, – дедім мен. Енді түсінікті болды гөптің қайда жатқаны. Жарбастау біздің ауылдан алыста. Атамның айтуынша, ол Сұлутөрдің арғы жақ бөктерінде, яғни қалаға барар жолда. Ол жерде колхоздың бір бригадасы бар дейтін. Оны өз басым көрген емеспін. Ол жақтан келген бала да жоқ бұл жерде. Сондықтан Жарбастауға комбайн келмек тұрмақ, ол ара бір түнде аударылып түссе де, біздің білмеуіміз заңды емес пе?! Ал ауылымызға комбайн келгенін бұл жерде дәл қазір менен басқа кім білді?! Өттең, жақын маңда балалардың қарасы көрінбейді, жария етіп айтатын.

Көңілім осылай көпіріп кетті. Келдібай ағай айтса, әрине, шын болғаны. Онда бұл не тұрыс? Шыдамсыздық билеп кетті.

– Айда кеттік!

– Барасың ғой? – деді Шаншатай маған сынап қарап.

– Бармағанда ше!

– Онда сен үй ішіңе айтып кел.

«Ой, тамаша баласың-ау, Шаншатай. Менің көңілімдегіні қалай таба қойдың? Қазір Бейсекүлге барып айта қойсам болды емес пе?! Ол қыз бір сағат болмай-ақ, бүкіл ауылға жаяды ғой. Ана Оңалбек, Ықсандардың іші күйсін түге!» Мұндай қуанбаспын!

– Мен зу етіп барып келе қоям, – дедім де, тұра жүгірдім.

– Өй, Ертай! – деп дауыстады Шаншатай. Тұра қалдым. – Сен суретті жақсы салады дейді ғой. Үйде бояу қарындашың болса, ала кел!

– Жарайды!

Менің сурет салатынымды қайдан біле қойды екен?

Бұл сұрақтың жауабын үйге барып, мектепке қайтып оралысымен білдім. Мен келсем, мектеп маңына бірнеше бала жиналып қалыпты. Мәссаған, мынау қысық көз Ықсан, өне бір ұзын бойлысы Атабек, қасында Оңалбек тұр. Ойнақтаған лақша секеңдеп, Бейсекүл де кеп қапты.

Қастарына жете бергенімде:

– Шаншатай, ө, Шаншатай, кімді күтіп тұрмыз енді?! Ертай да келді ғой, – деген Бейсекүлдің шіңкілдек дауысы мені еріксіз шегеледі. «Мына қыз Шаншатайды менен бұрын біліп қойған ба?» Мен осыған қайран қалып тұрмын.

– Үй, сен неғып тұрсың қақшиып, бері кел, – деді Бейсекүл ұзын кірпікті қара көзі қуақылана ойнап. – Қарындаштарың қайда?

«Мұны да біліп қойған?..»

Ойымды Шаншатай үзді:

– Сенің сурет салатыныңды кеше мына Бейсекүл айтты маған. Оның үстіне алдыңүні Келдібай ағам екеуіміз мектептің сыныптарын аралағанда, қабырғада ілулі тұрған Тайбурылды көріп, таңдандым. Сонда ағам: «Мұны Ертай деген бала салған. Болашақ үлкен суретшіміз», – деді.

«Ертай салған... Болашақ суретші!.. Келдібай ағай айтыпты. Ой, тамаша!» Жүрегім аттай тулап қоя берді. Менің сол кездегі қуанышымды айтып жеткізу қиын. Оңалбектің екі езуі құлағында. Бейсекүлдің көзі ойнақшып кеткен. Тек Ықсан ғана кішкентай танауының ішін саусағымен шұқылап, сәл тыржияды. Шамасы, Келдібай ағайдың мені мақтағаны оған жақпаса керек.

Қашанда Ықсанның осындайы бар. Әжептәуір болып жүреді де, болар-болмас нәрсеге қылт ете қалады. Тамаққа өкпелесе бірсәрі. Ондай әдет қай балада болсын бар. Ал мен ауызға ілінбедім деп тырсия қалғаны несі?

Бір қызығы, бүгін бәріміз де әлдебір салтанатты жиынға баратындай болып бар өсем киімімізді киіппіз. Үнемі сатала-сатала боп жүретін Оңалбектің үстінде де кірсіз жейде. Бейсекүл болса аяғына ақ кенеп туфли киіпті. Басында қызыл шаршы орамал. Үстінде гүлді көйлек. Ықсан бригадирдің баласы емес пе, кигені қара костюм. Екі қолын жан қалтасына салып шертіп тұруын! Басында зерленген тақия. Күн шұғыласымен жалтылдайды.

Біздің киімімізге көзі енді ғана түскендей Шаншатай бәрімізді бір шолып қарап шықты да, үндемеді, жымиып қана қойды.

Осы кезде бізге тағы да үш-төрт бала қосылды. Олар келе сала Шаншатайды көптен білетіндей шүйіркелесіп кетті. «Келмей жатып қайдан танып жүр?» деген сұрақ көңілімді қызғанышпен көлеңкелемеді, қайта жылы таңырқау сезіміне бөлеген еді.

Бала жүрген жер у-шусыз бола ма? Әлгі арада біріміз сөйлеп, біріміз күліп, оқу біткелі тым-тырыс тұрған мектеп маңын дуылдатып жібердік. Біздің дауысымызға оянды білем, бір кезде шашы дудырап, анадай жерде Күлдәрі көрінді. Оның білегін қыршығаннан бері көруім осы. «Мына шайтан пәле қылмаса еді». Жүрегім шымыр ете түсіп, денем суынып кетті. Көзіне түспейін деп теректі айнала бердім. Ол мені көріп қалды. Анадайдан жұдырығын көрсетті. Бірақ қасымызға келмеді.

Осы кезде мектептің қара бестісі жегілген арба салдыр-гүлдірлеп қасымызға жетіп келді. Делбеде шәнтиіп Өміре шал отыр. Арба үстінде – Келдібай ағай.

Өншейінде бізге тым қаталдау көрінетін ағайдың жүзі жарқын. Бәрімізбен дауыстап амандасты да:

– Кәне, тезірек келіп отырыңдар! – деді.

«Міне, тамаша! Біз арбамен баратын болдық. Әй, Шаншатай, жарайсың!»

Келдібай ағай бізді Қызылқұрға алып келгенімен, көп бөгелген жоқ, ізінше қайтып кетті. Көлігіміздің кетіп қалғанына біз қынжылғанымыз жоқ. Ойымыз – кештете жаяу қайту. Ал қазір комбайнды қызықтайық!..

Алайда біз бұл күні қайта алмадық. Оған себеп болған Тәмпіш қара – Шаншатай.

Бізге комбайнның әр бөлшегі әрі таңсық, әрі қызық. Тыр-тырлаған дауысы да, сартылдап-сатырлап жүруі де әуелде ерсі көрінгенмен, тез үйреніп кеттік. Комбайнның жанында шуылдап бізбен бірге жүрген Шаншатайдың:

– Осылай топырлап бостан-бос жүгіре береміз бе? – демесі бар ма?!

Мына сұрақ құлағымызға тым тосын естілді. Өдейі көруге келдік емес пе? Біз емес, сақалдары ербеңдеп шалдар да, жаулықтары желбіреген кемпірлер де топырлап жүр ғой. Жиналған жұрт құмырсқадай құжынайды. Көзі ғана жалтырап, үсті-басы май болған, шаңға көмілген мына бір қапсағай денелі комбайншы жігітті дәл қазір қолдарына берсе, допша төбелеріне көтеріп әкелердей. Сонда біздің бұл жүрісімізде не ерсілік бар? Өрқайсысымыздың көңілімізге осы сұрақ оралыпты.

– Көргелі келдік емес пе?

– Енді не істемекпіз?

– Жалғыз біз бе топырлаған?

– Айтам-ау...

Шаншатай мырс етіп жымыды да:

– Қарап тұрсам, шетімізден сайдың тасындай шып-шымыр жігіт екенбіз, – деді.

– Өрине.

– Бәсе десейші!

– Бейсекул ғана болмаса.

– Иә, саған...



Оның сөзін күлкі араластыра жамырай сөйлеп іліп әкеттік. Шаншатай жай ғана күліп қойды. Сонан соң:

– Олай болса, жігіт адамның лайықты орны бар, – деп өз байламын айтты.

Енді қиқаңдап көр. Жіпсіз байлағаны емес пе бұлтартпай.

Сөйтіп біз орақ басында ұзақ айналдық. Енді денеміз суға емес, терге малынды. Бірақ, неге екені белгісіз, бұрынғыдай шаршадық деп қиналу, басқарушының көзі қалт етсе тасаға ықтау дегенді ұмыттық тіптен. Тыржиып қабақ шытқан да ешкім жоқ. Өлдебір көңілділік серпін қанағаттандыратын секілді.

Енді ойлап тұрсам, сол серпін Шаншатайдан тарап әсер етіпті бізге.

Біз масақ та тердік, лобогрейка шауып кеткен бидайды бауладық та. Күліп жүріп, жапыра қимылдадық. Ал кешкісін денеміз дел-сал болып, сабан төселген балағанның ішіне сұлай-сұлай кететін едік. Шынын айтсақ, шаршау деген қаперімізге кірмеді. Керісінше, жұмысты тез аяқтап, кеш болуын шыдамсыздана күтеміз. Ондағы ойымыз демалу емес.

Шаншатай әнші екен. Сыбызғыдай сиқырлы дауысы құлағымда тұр әлі. Ол бізге көп ән үйретті. Енді біз ертеңгісін жұмысқа сап түзеп, ән шырқап баратын болдық. Кешкілікте әнмен ораламыз.

«Бір... екі... үш...», – деп шырқаған әніміз Қызылқұрдың мөлдір тұнық ауасында әлі күнге қалқып тұрғандай.



: 2-тапсырма. Мәтінді оқып, баяндап беріңдер.



: 3-тапсырма. Бүгінгі ауыл мен повесте бейнеленетін ауылды салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтары туралы, ауыл балаларының ойындары мен еңбектері туралы дәптерлеріңе салыстырып жазыңдар.



: 4-тапсырма. Повесть үзіндісін оқып, шығармадағы балалардың мінезіне назар аударып, баяндап беріңдер.



: 5-тапсырма. Берілген үзінді бойынша шығарманың композициялық құрылымын жазып шығыңдар. Оқиганың шарықтау шегі мен аяқталуына мән бере отырып, шығарма сюжетіне байланысты пікірлеріңді білдіріңдер.



6-тапсырма. Шаншатай деген баланы неге «Тәмпіш қара» деп атады? Шаншатай–Тәмпіш қараның портретін айтып беріңдер.



7-тапсырма. Шығармада қай кезеңнің оқиғасы суреттеледі? Тарих оқулығын пайдалана отырып, еліміздегі сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайға назар аударыңдар. Балалар мен үлкендер арасындағы қарым-қатынасты айтып беріңдер.



8-тапсырма. Берілген кестені шығарма кейіпкерлеріне мінездеме бере отырып толтырыңдар. Кестені толтыру үшін шығарманың хрестоматиядағы толық нұсқасын оқыңдар.

Кейіпкер	Шығармадан мысал	Менің ойымша...
Шаншатай		
Ертай		
Бейсекүл		
Ықсан		



9-тапсырма. Шығармадан Шаншатай мен Ертайдың мінезін салыстыратын үзінді айтыңдар.

Кейіпкер сөзі	Кімге айтты?	Не себепті айтты?
– Өзі тым сәнқой. Мақтаншақ! – деп қалдым.		
– Атасы-ау, ерке тайлағың қандай әп-өдемі. Киімі де мұнтаздай тап-таза, өзіне жарасып тұр, – демесе, менің сол күні Шаншатаймен кездесуім де неғайбыл еді.		

«Ертай салған... Болашақ суретші!..
Келдібай ағай айтыпты. Ой, тамаша!»
Жүрегім аттай тулап қоя берді.

Сонан соң: – Олай болса, жігіт
адамның лайықты орны бар, – деп өз
байламын айтты.



: 10-тапсырма. Авторлық баяндауды талдай отырып, автордың кейіпкерлеріне деген көзқарасын анықтаңдар. Автор бұл мақсатта қандай сөздерді қолданған?



: 11-тапсырма. 1-мәтінді тыңдап, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ертай неге Шаншатайдан қысылды?
2. Шаншатайдың әдепті, сыпайы екенін қандай сөздерінен байқадыңдар?



: 12-тапсырма. 2-мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндаңдар. Балалардың киген киімдерін сипаттап айтып беріңдер.



: 13-тапсырма. 3-мәтінді тыңдап, қажетті сөздерді дәптерлеріңе теріп жазыңдар.

Сөйтіп біз орақ басында айналдық. Енді денеміз суға емес, малынды. Бірақ, неге екені белгісіз, бұрынғыдай шаршадық деп қиналу, басқарушының тасаға ықтау дегенді ұмыттық тіптен. Тыржиып да ешкім жоқ. Әлдебір серпін қанағаттандыратын секілді.

Шаншатай әнші екен. дауысы құлағымда түр әлі. Ол бізге көп ән үйретті. Енді біз ертеңгісін жұмысқа сап түзеп, баратын болдық. Кешкілікте әнмен ораламыз.



: 14-тапсырма. Повестен алынған үзіндіні толықтырып, оқиғасын дамытып жазыңдар.



: 15-тапсырма. Шығарма сюжетін пайдалана отырып, еңбек ету туралы шығарма жазыңдар.



: 16-тапсырма. Хрестоматиядағы повесть мәтінін пайдалана отырып, әр бөлімде қандай оқиға болғанын, қандай кейіпкерлер қатысқанын айтып беріңдер.

Повесть бөлімдері	Негізгі оқиғасы	Кейіпкерлері
«Танысу»		
«Тілеп алған азап»		
«Өзілі ме, шыны ма?»		
«Өкініш»		
«Теке қарт»		
«Не болды бізге?»		
«Бұдан кейінгі күндерде...»		
«Ойламаған жерден»		
«Үш күн қалғанда»		



: 17-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Повесть не себепті «Тәмпіш қара» деп аталған? Егер оның тақырыбын өзгерту керек болса, қалай деп атауға болады?
2. Шаншатай балаларды еңбек етуге қалай үйретті?
3. Не себепті Ертай басында Шаншатайды ұнатпай қалды?
4. Қырман басында қандай оқиға болды?



ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ



: Әдебиет қай кезеңде де ең алдымен – тәрбие құралы. Әр заманда, әр дәуірде әдебиет арқылы халық өз ұрпағына білім мен тәрбие беріп отырған. Жаугершілік заманда жастарды ерлікке, халықты бірлікке шақыру мақсатында батырлық жырлар, батырлардың ерлік істері туралы аңыздар мен ертегілер дүниеге келген.



: Не себепті әдебиетті тәрбие құралы дейміз? Әдебиет арқылы қандай тәрбие аламыз? Әдебиет бізді неге үйретеді? Көркем сөз дегеніміз не? Әдеби кейіпкерлердің бойынан көрген қандай жақсы, не жаман қасиеттер есіңде қалды? Не себепті деп ойлайсың? Осы сұрақтарға жауап бере отырып, «Әдебиет – тәрбие, өнер, үлгі, тарих» деген тақырыпта шағын зерттеу жүргізіңдер.

Ғалым пікірі

БАЛЛАДА (франц. *ballada* – би әні) – поэзия жанры, оқиғаға құрылған, лирикалық сарындағы ұзақ өлең. Орта ғасырлардағы француз поэзиясының би үстінде айтылатын, махаббат тақырыбын жырлайтын оқиғалы жыры. Баллада кейінірек ағылшын, шотланд поэзиясына сіңіп, халық әдебиетінің лиро-эпикалық әмбебап, шағын жанры болады.

Қазақ поэзиясында баллада жазу дәстүрі С. Ерубаевтан басталады. Кейін баллада қазақ ақындары үшін де етене жанр болып кетті. Ж. Нәжімеденовтің, К. Мырзабековтің, М. Шахановтың осы жанрдағы шығармалары төл поэзиямызда балладаның біржола орнығып, ұлттық сипат алғанын айғақтады.

Ғалым Доскенов

МҰХТАР ШАХАНОВ



Мұхтар Шаханов 1942 жылы 2 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Шілік ауылында дүниеге келген. 1969 жылы Шымкент педагогикалық институтын бітірген М. Шахановтың «Өркениеттің адасуы», «Жазагер жады космоформуласы» («Шыңғыс ханның пенделік құпиясы») атты романдары

ЮНЕСКО шеңберінде қаралып, әлемдік деңгейде қызу пікірталас тудырды. Оның шығармалары дүниежүзінің 50-ден астам тіліне аударылды. Автордың Ш. Айтматовпен бірлесіп жазылған «Құз басындағы аңшының зары» атты кітабы мен «Сократты ескеру түні» атты драмасы да бірнеше елдің кітап дүкендерінен, сахналарынан орын тепті. Алғашқы өлеңі «Сырдария» 1959 жылы жарияланды. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Бақыт» 1966 жылы жарық көрді. «Балладалар» (1968), «Ай туып келеді» (1970), «Қырандар төбеге қонбайды» (1974), «Сенім патшалығы» (1976) атты кітаптары шықты.



Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналған шағын ғылыми зерттеу жүргізіңдер. Ол зерттеуде ақынның шығармаларының тақырыбы мен идеясын ашып, ақын шығармашылығы туралы ғалымдардың пікірлермен танысыңдар. Зерттеулерің бойынша 3–5 бет PowerPoint бағдарламасында таныстырылым жасаңдар.



«Нарынқұм зауалы» балладасын оқып, сюжеттік желісіне назар аударыңдар. Шығарманың ұнаған бөлімін жаттап алыңдар.



ДИАЛОГ, СӨЙЛЕСТІРУ (грек. – dialogos) – әдеби шығармада екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі, оларды сөйлестіру тәсілі. Диалог кейіпкерді жай бірінен кейін бірін сөйлете беру емес, ол сөйлесетін адамдардың қарым-қатынасының қалай шиеленісіп, қалай өзгеріп, өрістеп отыратынына сәйкес беріледі. Сондай-ақ бір кейіпкердің айтқан сөзі екінші кейіпкердің айтатын сөзіне түрткі болып, келесі сөйлеуші жауап қайыра сөйлейді.

ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР – поэзиялық шығармалардан көрінетін адамның тұлға бейнесі. Өлең-жырларда ақын көбіне өз атынан сөйлейді. Басқа адамның бейнесін жасап, соның атынан айтуы кейде ғана кездеседі. Мысалы, Абай «Болыс болдым, мінеки» деген өлеңінде бастан-аяқ болысты сөйлетіп қояды.

Нарыққұм зауалы



1. Махамбеттің соңғы сөзі

Мен түсімде зорлық көрдім, қорлық көрдім ғаламат,
 Біртаныс қол соғып өтті әлдекімді паналап,
 Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ақ.
 Иығымнан ұшқан басым көкірегімнен домалап,
 Бара жатты атамекен Ақжайықты жаралап,
 Жүрегімнен аққан қанға боялыпты бар алап.

Жә, бұл түсім тегін емес, мына сойқан заманда
 Тіршілікпен қоштасар сәт жетті-ау деймін маған да.
 Қоштасар сәт жетті-ау деймін, туған елім, еңселім,
 Бостандыққа шақырып ем,
 Сенің заңғар ақылың ем,
 Едім әрі өлшемің.
 Жанашырың, жақының ем
 Және қайсар ақының ем мен сенің.

Жұлдыздай боп жанар алдан
 Ақындықта елден ерек басқа заң.
 Батырлығы жоқ адамнан
 Үлкен ақын шыққан емес ешқашан.
 Туған елім – арман, мұңым,
 Енді сені жетелейді жол қалай?
 Менің бассыз қалғандығым
 Сенің бассыз қалғандығың болмағай!

Иә, шындықтың ащы даңқы,
 Шындық үшін жалғыз түстім егеске.
 Ақындықтың басты шарты –
 Басты алса да, шындықты айту емес пе?
 Өлімге сан жақын бардым,
 Қорғансыз боп көрінсем де жай көзге.
 Шындықты айтқан ақындардың
 Бірақ жолы болып еді қай кезде?

Керде де енді сен жайлы ойға батамын,
 Бұл іңкәрлік созылады қаншаға?
 Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын,
 Оның тартар азабы да соншама.
 Мен сенемін, күні ертең
 Нұрлы үмітпен оянар деп ұлы өлкем.
 Күліп жайсаң күн ғажайып
 Ел наласы тарқар деп.
 Ақымақтар күрт азайып,
 Сұмдар қорқақ тартар деп.

Мен сенемін, күні ертең
 Пенделіктен тазарар деп ұлы өлкем.
 Жә, қашанғы баққа зорлық мінгеспек?
 Сенем, ертең оттыға отсыз күлмес деп.
 Тек тұлпарлар ғана алатын бас бәйгі
 Есектердің мойынында жүрмес деп.
 Мен сенемін, күні ертең
 Ақыл-ойды пір тұтар деп ұлы өлкем,
 Мына дәурен бұрқан-тарқан
 Ертең қайта өзгерер.
 Ақындарын сұлтандардан
 Артық сыйлар кез келер.

Қадір тұтам қиялдауды
 Ертең талғам өзгерер.
 Шындап құлай сүйе алмауды
 Қылмыс санар кез келер.

Туған елім,
 Қүдіретімсің аңсаған.
 Алдан жарқын күн шыққанша,

Кескініңді көрмейінші шаршаған.
 Пасық ойлар тұншыққанша,
 Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша,
 Жер астынан қарап жатам мен саған.

2. Өке үкімі

Шомбал жігіт кіріп келді ентелеп,
 – Өке, – деді ол кірген бойда,
 – Өке, – деді еркелеп, –
 Жүруші едің маған ылғи өкпелі,
 Кеюші едің
 Мал болмайсың деп мені.
 Сол сөзінді, сірә, қайтып аласың-ау шамасы.
 Аты шулы Баймағанбет сұлтанның
 Маған берген сыйлығына қарашы!

Төрде отырған әкесінің алдына,
 Маң-маң басып барды да,
 Алтын жіппен әдіптелген жағасы
 Сұр ішікті тастай салды баласы.
 – Иә, сөйле, – деді әкесі, –
 Қандай ерлік көрсеттің,
 Екі ай бойы, қане, қайда жол шектің?

Баласы айтты:
 – Топ бастадық төрт адам.
 Махамбеттің жақыны
 Ықыласты үгіттеп,
 Мақтап, қағып арқаға
 Қосып алдық ортаға.
 Бұл – түгелдей мына ұлыңның ақылы.
 Еркін жетер өңгіме ол бір таңға.
 Қапысызда қармақ салып,
 Махамбетті алдап соғып,
 Басын кесіп, сыйға тарттық сұлтанға.
 – Ой, залым-ай,
 Жүзіқара залым-ай,
 Мұнша залым екеніңді қалай келгем танымай.
 Бұдан өткен зор қасірет болар ма,

Бұдан өткен зор қасірет болар ма, –
 Дег әкесі жас үйірді жанарға.
 – Қабағыңды жаба қалды неге мұң,
 Өке, сенің қай сөзіңе сенемін,
 Есіңде ме,
 Менің бала күнімде
 Махамбетті жек көремін дегенің?
 – Рас, ұлым, айтылған сөз оқпен тең,
 Бір кезде мен Махамбетті жек көргем.
 Өлде, кемшін шағым ба еді ол ақылға?!
 Пенделік қой салған мені тақымға.
 Оған себеп –
 Сенің анаң жасынан –
 Ғашық болған сол Махамбет ақынға.
 Азаппенен атса да асау таңдарым,
 Қайрағам жоқ қызғаныштың қанжарын.
 Іштен тынып жүре бердім төзген боп,
 Өзін шексіз құлай сүйген жан барын
 Қайран ақын сезген жоқ.
 Анаң марқұм ол дегенде от жалындап көзінен,
 Тамсанатын
 Нақ бір бақыт табардай әр сөзінен,
 Ұлы ақынға деген іңкәр сезімін
 Көрге бірге ала кетті ол өзімен.
 Өттең, біздің сор маңдайлы Жайықта
 Ерлер аз ғой бара алатын байыпқа.
 Тым кеш ұқтым,
 Махамбеттей батырға
 Бүкіл қазақ ғашық болса айып па?!
 Қүдіретті шындығынан танбаған,
 Парасатын ізгілікке жалғаған
 Ақын деген киелі аққу самғаған.
 Ал, ендеше, аққуды атқан пендені
 Қай атаңнан көріп едің, оңбаған?
 Бұл салада сен бірінші адамсың,
 Адам емес,
 Ең бірінші надансың,
 Ел дәстүрін,
 Ер дәстүрін қорлаған.

Нақ мынадай қасиетсіз оқиға
 Бұрын қазақ топырағында болмаған.
 Қандай қиын кезеңде де
 Туған ел
 Ақындарын жанын салып қорғаған.
 Түсінбедім,
 Армандап ең нені, ұлым?
 Ертең сені қойып желдің өтіне,
 Ызалы ұрпақ түкіреді бетіңе.
 Сол қорлықтан құтқарайын сені, ұлым!
 Және ол зар оңайлықпен тыйылмас,
 Қанымыз бір,
 Жолымыз да шиырлас.
 Енді сенің кесіріңнен
 Маған да
 Туған жердің топырағы бұйырмас.
 Жә, не қайыр, налы мейлі, налыма,
 Сорлы балам,
 Туыпсың-ау сорыма.
 Өзің түстің өзің қазған орыңа.
 Кеттік, көне,
 Ішіңді ал қолыңа!
 Ұясына күн тұр еді батқалы.
 Түксиеді меңіреу құм шатқалы.
 Олар үлкен қара жолға түсіп ап,
 Бір төбенің қасына кеп тоқтады.

– Мынау төбе саған соңғы шығар шың
 Болатынын ұғарсың.
 Сен, әрине, құралайды көзге атқан,
 Атқан оғын маздатқан
 Менің мерген екенімді ұмытпаған шығарсың? –
 Деді әкесі құлазып нар көңілі.
 Дір-дір етіп:
 – Ұмытқам жоқ, – деді ұлы.

– Балам, үміт – қызығымның өлшемі
 Өзің едің,
 Қайғым болдың еңселі.

Басына шық, көне, мына төбенің,
 Осы арада қалдырамын мен сені.
 Қараладың қасиетті мекенді,
 Жараладың тұрмастай ғып өкеңді,
 Мына жолмен өткен жұрттың аузынан
 Махамбеттің жырын тыңдап жат енді.
 Мүмкін, сонда ұғынарсың қатенді.
 Кім аяққа басса заңын даланың –
 Ұмытқаны қатал тарих сабағын.
 Кешір мені,
 Таусылды бар амалым.
 Дала заңы – баба заңы, қарағым, –
 Деп өкесі қолына алды садағын...



: Өлеңнің композициялық құрылымын талдап, оқиғалардың байланысу тәсіліне назар аударыңдар. Ақын монолог пен диалог арқылы екі оқиғаның бірін-бірі дамытуына ерекше назар аударған. Бірінші бөлімде Махамбеттің түсі туралы айтуын екінші бөлімдегі өке мен бала арасындағы диалог дамытады. Оқиғаның шарықтау шегі мен шиеленісуі де осы екінші бөлімде.



: Иә, Нұрасыл, дұрыс айтасың. Осы шығарманың құрылымдық ерекшелігіне тоқталсақ, бұнақ саны әр тармақта өзгеріп отырады. Ақын логикалық екпін арқылы кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін жақсы ашады.



: Балладаны оқып, мазмұнын баяндап беріңдер. Шығармадағы оқиғалардың байланысу ерекшеліктеріне назар аударыңдар.



1-тапсырма. Өлеңнің бірінші бөліміндегі Махамбет монологінің ерекшелігі неде? Махамбеттің туған елі мен жерін жақсы көретіні оның қандай сөздерінен көрінеді?



2-тапсырма. Өлеңнің көріктеу-айшықтау құралдарын тауып талдаңдар.

№	Өлеңнен мысал	Аллитерация	Ассонанс	Метафора	Эпитет	Риторикалық сұрақ	Эпифора	Анафора	Символ



3-тапсырма. Өкесі мен баласының диалогін дәптерлеріңе жазыңдар. Балладаның осы бөлімін рөлге бөліп оқыңдар.



4-тапсырма. Баллада кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Кейіпкер	Мінезі	Шығармадан үзінді келтіріп дәлелдеу
Махамбет		
Өкесі		
Баласы		



5-тапсырма. «Батыр Баян» поэмасындағы Баян мен «Нарынқұм зауалы» балладасындағы өкенің іс-әрекеттерін салыстырыңдар. Не себепті олар өз бауыры мен баласына қатал үкім шығарды? Халық, ел намысы дегенді қалай түсінесіңдер?



6-тапсырма. 1-мәтінді тыңдап, шумақтарды аяқтап, дәптерлеріңе теріп жазыңдар.

1. Зұлымдықтың жасырынып келетіні жаман-ақ.
Иығымнан ұшқан басым көкірегімнен домалап,
.....
.....
2. Туған елім – арман, мұңым,
Енді сені жетелейді жол қалай?
.....
.....
3. Өлімге сан жақын бардым,
.....
Шындықты айтқан ақындардың
.....
4. Жә, бұл түсім тегін емес, мына сойқан
..... қоштасар сөт жетті-ау деймін маған да.
Қоштасар сөт жетті-ау деймін, туған елім, еңселім,
..... шақырып ем,
Сенің заңғар ақылың ем,
Едім әрі өлшемің.
Жан ашырың,ем
Және қайсар ем мен сенің.



7-тапсырма. 2-мәтіннен естігендеріңді қарасөзбен баяндап жазыңдар.



8-тапсырма. Шығарманың оқиға желісін өз көзқарастарың тұрғысынан баяндап беріңдер. Ол үшін шағын жоспар құрыңдар.



9-тапсырма. Берілген үлгіні пайдалана отырып, шығармадағы кез-келген бір шумаққа әдеби-теориялық талдау жасаңдар.

Үлгі:

Маң-маң басып дегендегі **маң-маң** – жүріс ерекшелігі, кейіпкердің ішкі мақтанышын жүргені арқылы беру. **Алтын** жіп, **сұр** ішік дегендегі *алтын* және *сұр* сөздері – эпитет. Ішік – архаизм сөз, қазақтың ұлттық қыстық киімі. Өкенің сөзімен негізгі диалог басталады.

5	7	12	}	7 тармақты, 2 бунақты, аралас буынды, егіз үйқасты шумақ
Тәрде отырған // әкесінің алдына,		а		
4	3	7		
Маң-маң басып //барды да,		а		
4	7	11		
Алтын жіппен //әдіптелген жағасы		б		
4	7	11		
Сұр ішікті //тастай салды баласы.		б		
3	5	8		
– Иә, сөйле, //– деді әкесі, –		в		
4	3	7		
Қандай ерлік //көрсеттің,		в		
5	7	13		
Екі ай бойы, //қане, қайда жол шектің?				



10-тапсырма. Махамбетке оқ атқан жігітті ақтауға бола ма? Оның қателесуі неден басталды деп ойлайсың? Өке үкімі дұрыс па? Сұрақтарға жауап берерде бұл оқиғаның қай кезеңде болып жатқанын есте ұстаңдар.



11-тапсырма. «Ер намысы – ел намысы» деген тақырыпта эссе жазыңдар. Эсседе шығарманың қазақ әдебиетіндегі орны мен ақын идеясын ашыңдар. Балладаның эстетикалық құндылығы туралы өз ойларыңды білдіріңдер.



: Қазақстанның тәуелсіздік алуы қазақ әдебиеті тарихының жаңа бір белесінің туып, дамуына себеп болды. Ел егемендігін қазақ ақын-жазушылары жарыса жырлап жатты. Кең құлашты прозаға қарағанда сезім мен ішкі көңіл күйге құрылатын поэзия ел тәуелсіздігін асқақтата жырлады. Тәуелсіздік туралы өлең де, жыр да, өн де туды.



: Қазіргі қазақ әдебиетінің ірі өкілі – ақын Темірхан Медетбек. Ол ел тәуелсіздігіне байланысты көптеген жыр топтамасын жазды. Ақын шығармашылығындағы жаңа өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы, лирикалық қаһарманының рухы қазақ елінің жаңа тарихымен үндес.

ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕК

Темірхан Медетбек 1945 жылы 6 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданының Амангелді ауылында дүниеге келген. Ақын орта мектепті бітірген соң, Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетте оқыған. Ақын қазақ поэзиясын өршіл рухты жаңашыл туындыларымен байытты. «Көк түріктер сарыны» атты жинағында (2002) замана зары мен бүгінгі күн мәселелері ежелгі түркі жырлары үлгісінде айтылған. Оның «Махамбет рухының монологі», «Күлтегін», «Тоныкөк» дастандары – ұлттық бояуы қанық, күрескер, қайсар әрі мұңшыл романтикалық болмысты толықтай танытқан поэтикалық қуатты шығармалар. Ол украин, өзбек тілдерінен В. Гужва, Е. Вахидов өлеңдерін аударды. Т. Медетбекке «Тағдырлы жылдар жырлары» жинағы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді (2000).



: **1-тапсырма.** Ақын Темірхан Медетбек шығармашылығына байланысты жазылған зерттеулер мен басқа да деректерді пайдалана отырып, өлеңдеріндегі ерекшеліктерді анықтаңдар.



: **2-тапсырма.** Темірхан Медетбектің хрестоматияда берілген «Қазақ қандай еді?» деген өлеңін оқып, талдаңдар.

Қаламгер пікірі

«Темірхан – тәуелсіздікті жан-тәнімен қабылдап, жан-тәнімен жырлап келе жатқан қарының ашқанына емес, қауымынан қасиет қашқанына қайғыратын, елдіктің мәселесінде күні кешегі таңдайындағы азды-кем төттіні аңсайтын еркенің емес, бөз-баяғыдан маңдайы ашылмай келген халқының жолының мұнша неге қатты болғанына шымырқанған еркектің сөзін сөйлеп, дәйім ірі турап келе жатқан арқалы ақын. Жұртымен бірге жүріп егіліп, бірге жүріп сөгілді. Өлеңдерімен де, өмірімен де қазақ азаматы үшін қазақ даласының қай түкпірі де өз ауылы, қазақ баласының қай тумасы да өз бауыры екендігін мейлінше дәлелдеп келеді».

Әбіш Кекілбайұлы

Тәуелсізбін

Тәуелсізбін!
Тәуелсізбін мен бүгін.
Келді, міне, азаттығым, теңдігім.
Востандықта бойлығым мен ендігім.
Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім!

Қарсы қарап қатал мынау заманға,
айналдық біз қайтпас, қайсар қамалға.
Алды бүгін тәуелсіздік тау, тасым,
орман,
көлім,
далам менен балам да!

Жаным менің,
қаным менің тәуелсіз.
Арым менің,
жарым менің тәуелсіз.

Заңым менің,
бағым менің тәуелсіз.
Өнім менің,
дөнім менің тәуелсіз.



Тәуелсізбін! –
танып тұрмын өзімді.
Ұшырамын қанат байлап сөзімді.
Ешкім енді көкірегімнен итеріп,
ешкім енді шұқымайды көзімді.

Тәуелсіз ғой ойым менен ұғым да,
бақыт құсым қонды келіп тұғырға.
Тәуелсіздік алды бүгін, қараңдар,
тойым түгіл
қайғым менен мұңым да.
Заман өтті –
қансыратып қанаған,
заман өтті –
қалтыратып тонаған.
Тәуелсіздік келді, міне, ақыры!
Зорға жеттім,
зорға жеттім мен оған.

Құтылмаған кінәраттан,
күнөдан,
бар шындықты іштей үнсіз құраған, –

ағыл-тегіл көздің жасын көл етіп,
күні кеше былай деп мен жылағам:
«Жаным кетті қарайып,
қопарылды тірегім,
айтыңдаршы,
халайық,
қалай өмір сүремін?!

Қалай жүрем,
Темірден
соғып шыдам,
төзімді...
Көріп едім бәрін мен
ойып алды көзімді.

Қалай жүрмін –
құламай! –
Қазды менің түбімді.
Сөз айтып ем –
шыдамай! –
Қырқып алды тілімді.

Қай жерде мен тайқып ем?! –
Сынап тағы бағымды –
ойымды мен айтып ем,
отқа салды жанымды.
Төктім үнсіз жасымды,
кеуіп қалды таңдайым,
көтеріп ем басымды
қақ айырылды маңдайым!» –
Күні кеше дәл осылай жылағам!
Жылағанмын –
көздің жасын бұлағам.
Уһілеген менің өксік демімнен
теңіз толқып,
тау күңіреніп құлаған.

Соны ойласам –
у мен зәрді ішем мен.

Соны ойласам –
қайғы, мұңға түсем мен.
Тудық біздер көрінбейтін бұғаумен.
Жүрдік біздер көрінбейтін кісенмен.

Өз жерімде ала алмастан рұқсат,
өзімізге жүрдік біздер құрық сап...
Үндетпестен тас тықты да көмейге,
қойды сонсоң аузымызға құлып сап.

Қапаландық,
жәбірлендік,
зарладық,
өзгелерге жанды қидық,
арнадық, –
қырылдық қой қорғап біздер Мәскеуді,
ал Мәскеуден қорғана біз алмадық.

Таптап, қырқып,
жоқ етті де нуымды,
жазирамды отқа салып қуырды.
Жуынды етті кәусар менен суымды,
шұлғау етті қасиетті туымды.

Мұның бәрін,
мұның бәрін ұғынам...
Жүрек жара –
зар заманның мұңынан.
Сол кезде мен азаттық деп, теңдік деп,
бөрі болып айға қарап ұлығам!

Тәуелсізбін, енді, міне, мен бүгін.
Келді кіріп азаттығым, теңдігім.
Бостандықта бойлығым мен ендігім!
Шешіл енді, шемен болған шерлі үнім.

Кеуделерді тарылтпасын кек қысып,
кетеді одан өр далама өрт түсіп...
Құсқа айналып кеудемдегі жүрегім
сүйіншілеп келер күнге кетті ұшып.



3-тапсырма. Өлең не туралы? Ақын тәуелсіздікті жырлауда қандай метафоралар қолданған?



4-тапсырма. Өлеңнің көріктеу-айшықтау құралдарын тауып талдаңдар.

№	Өлеңнен мысал	Аллитерация	Ассонанс	Метафора	Эпитет	Риторикалық сұрақ	Эпифора	Анафора	Символ



5-тапсырма. Өлеңнің негізгі идеясы мен тақырыбына сипаттама беріп, өз талдауларыңды дәптерлеріңе жазыңдар.



6-тапсырма. Парталасыңмен бірге ақынның ішкі ойын сұрақ-жауаппен диалог түрінде баяндап беріңдер.



7-тапсырма. «Тәуелсіздік» және «егемен» сөздеріне мағыналық талдау жасап, аталған ұғымдарға анықтама беріңдер.

Тәуелсіздік	
Егемен	



8-тапсырма. «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбына тарихи шолу жасап, репортаж жасаңдар.

Репортаж сұрақтары	Өлеңнен үзінді	Репортаж сюжеті



9-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 20 минут.

1. Мәтінді тыңдай отырып, эпитеттерді, ассонанс, аллитерацияларды жазыңдар.

2. Мәтінді тыңдай отырып, «қырылдық қой қорғап біздер Мәскеуді, ал Мәскеуден қорғана біз алмадық» деген өлең жолдарынан өздеріңнің ойға түйгендеріңді қағазға түсіріңдер.



10-тапсырма. Мәтінді тыңдай отырып, «...бөрі болып Айға қарап ұлығам!..» деген өлең жолдарындағы көне түркілік («Күлтегін» жыры) мағынаны талдап беріңдер.



11-тапсырма. Жырдағы көріктеу құралдарына сүйене отырып, эссе жазыңдар. Эсседе тәуелсізбін деген лирикалық қаһарман бейнесін ашуға тырысыңдар.



12-тапсырма. Өлеңнің мазмұнын қарасөзбен көркемдеп айтып беріңдер. «Тәуелсізбін» өлеңінің идеясын дамыта отырып, өздерің екі шумақ өлең шығарыңдар.



: Қазіргі қазақ әдебиетіндегі шығармалардың дені қала мен ауыл, әке мен бала тақырыбында болып келеді. Себебі, бүгінгі күні өзекті болып отырған мәселелердің көбі осы әлеуметтік жағдайларға байланысты. Ауыл мен қала, әке мен бала арасындағы күрделі де нәзік астарлы сезімдер кейіпкер мен жазушының ішкі тартысымен астасып, өмір шындығын көрсетеді.



: Жаңашыл бағытта проза жазып жүрген жазушы Төлен Әбдіктің көптеген шығармаларында әлеуметтік, тұрмыстық, психологиялық мәселелер терең бейнеленеді. Реалистік әдіспен жазылған Төлен Әбдік прозасының ерекшелігі адам жанының ішкі қалтарыстарын көркем дәлдікпен беруінде.

ТӨЛЕН ӘБДІК



Төлен Әбдік 1942 жылдың 4 қыркүйегінде Қостанай облысы Жангелдин ауданының Еңбек ауылында туған. Жазушының шығармалары 1964 жылдан жариялана бастады. Алғашқы «Көкжиек» жинағы 1969 жылы, одан кейін «Күзгі жапырақ» 1971 жылы жарық көрді. 1974 жылы «Ақиқат» атты повестер мен әңгімелер жинағы дүниеге келді. 1979 жылы «Айтылмаған ақиқат» әңгіме-повестер жинағы жарық көрген. 1985 жылы «Өліара», «Біз үшеу едік» пьесасы республикалық театр сахналарында қойылды. Грек аңыздары «Эллада ерлерін» қазақ тіліне аударған. Бірнеше шығармалары шетел тілдеріне аударылған. 1987 жылы «Ақшоқыда қыс қатты» және 2002 жылы «Парасат майданы» повесін жазған. Халықаралық Ф. Кафка атындағы ПЕН клуб сыйлығының лауреаты (2003), Еуропалық алтын медальдің (2003), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері (2004).



: Жазушы Төлен Әбдіктің өмірі мен шығармашылығына байланысты шағын баяндама дайындаңдар. Баяндамада жазушының әңгімелері туралы зерттеушілердің ғылыми ой-тұжырымдарын пайдаланыңдар.



: Төлен Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесінің толық нұсқасын хрестоматиядан оқыңдар.

Қонақтар

Курорттан қайтып бара жатқан сапарларында жолай соқпақ болған балаларын күтіп, Ерғабыл шал түн ортасы ауғанда жатса да, ертеңіне күн шықпай оялды. Алагеуімде¹ үндемей жүріп киініп алды...

Ерекең сыртқа шықты. Күншығыс аппақ. Ауа сөл-пөл дымқыл екен. Қолын көлегейлеп, маңайына қарады. Көкжиек шыңылтыр ашық болатын. Бірақ шалға тұманытып көрінді...

Бір қолымен белін ұстап, шық басқан көк шөптерді таяғымен андасанда қағып қойып, шабылған бидайықтың² жиегімен келе жатты. Лезде белі ұйып, шаршап қалды. Таяғына сүйеніп аз тұрды да, буындары сытырлап, сүрлеу жиегіндегі төмпешікке келіп отырды...

Ерекең есік алдындағы бөгетке шықты. Өлдебір мұңды әнді ыңылдай айтып, таяғына сүйеніп, біраз тұрды. Өзен жиегіндегі қыстауын көріп, бағанағы кемпірінің сөзін есіне алды...

Ертеректе, осыдан алпыс жылдай бұрын сонау қыстау маңы тізілген үйлер болатын. Бектемір әулеті тегіс осы араны қыстайтын. Өмір-бақи жан-жаққа пышырап көрген емес, ағайыншыл еді ғой бәрі де. Көктемде ел қыстаудан көп ұзамай, өзен жиегіне қаз-қатар киіз үй тігеді. Жиен Қазыбайлар да малы жоқтығын сылтауратып, осында келетін. Ерекеңнің бала кезі. Ауыл жігіттеріне қосылып жылқы бағады...

Таяғына қаттырақ сүйенген Ерекеңнің жақ еттері жыбырлап, көздері қызарып, жасаурап кетті. Тым әріде, көз нұры, көңіл құрығы жетпейтін тым әріде қалған бейшара бір сағыныш жүрегінің түбін әлсіз түртіп, онсыз да қаусағалы тұрған әдіре қалғыр ит жанын күйзелткендей болды...

Ол күндердің куәсі боларлық бір пендені тірі күйінде кездестірем бе деген үмітінің шындыққа үйлеспейтінін сезген шал өзін-өзі сөгіп, қайқайдағы ойдың қайдан келетініне кейіп, шошынып, «алжыпшын» деп мойындап, бөгеттен түсті...

Ерекең шай үстінде көп сөйлемейтін. Сол әдетімен үнсіз тұқып, қолдарының білеуленген тамырларын ұстап, ақ селеу сақалын сипап, ойланып отыр. Бас жағында сүйеулі тұрған ескі домбыраға шұқшиып қарады, қолына алған жоқ.

– Бір құй, – деді тершіген ақшыл білегімен кесесін нұсқап, – шөл қанатын емес. Ішім кеуіп кетті.

– Сапашжандар неге кешікті екен? Кеше емес пе келем дегені.

– Келетін шығар бүгін.

¹ алагеуімде – таңғы мезгіл

² бидайық – бидай тұқымдас шөптесін өсімдік



– Сен, шал, осы жөніңді айтшы дұрыстап. Осы келгенде Жеңістайды алып қаламын деп тұрсың ба? Жоқ, әлде бірге еріп өзіміз кетеміз бе?..

– Қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар, – деп мақалдап, көзін жұмды. Ерекең ұйықтамаса да, көзін жұмып отыруды ұнататын. «Уақыт шіркін зымырап өтті де шықты. Тәңірінің құдіреті күшті-ау. Енді, міне, тірліктегі ырыздық несібенің таусылуы да тақады. Өйтеуір артымызда бір жаман бар. Тұяқсыз пенде емеспіз... Жылда қолдарына шақырады. – Ерекеңнің ойына кемпірінің сөзі түсті.

– Уай, ақымақ кемпір. Өлер шақта тұрмыс қуып, тентіреп жүре алмаспын. Ағайын жұрт, өз еліңдей елді табамын деп отырсың ба басқа жақтан... Айдаладағы бір қаладан».

...Мәшиненің гүрілінен оянды. Шаңқай түс. Іргеге созылған сол қолына күн сәулесі түсіп, қыздырып тұр.

– Ойбай, бала келіп қалды, – деп кемпір үйге жүгіріп кірді. – Өй, біліп ем ғой бүгін келерін.

Заматта гүріл үй сыртына келді. Бір-екі рет үстемелете арылдап, өшіп қалды. Мәшинеден улап-шулап түсіп жатыр. Бала дауысы, әйел дауысы... Ерекең қапелімде тұра алмай қалды...

Ерекең жаңа қаз тұрған балаша төлтіректей көтеріліп, ат жақты, қапсағай сары жігітті құшағына қысты. Одан соң омырау, жеңдері ашық, шұбар көйлек киген, шашын қидырған топ-толық, ақсары, ажарлы келіншекті шіміркеніңкіреп, маңдайынан сүйген болды.

- Өлгі жаман қайда? Өкеліп пе едіңдер?
- Өкелдік қой. Өй, Жеңіс қайда? Жеңіс!
- Жеңіс!

Жаюлы сөреден құрт алып үлгерген аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы ұл бала табалдырықты кесіп тұра қалды.

– Бар, бар, атаңа бар.

Шал өзіне зорға келген немересін бауырына басып, бетінен сүйді. «Ой, тентек, атаны сағынбайсың-ау» деп жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сүртті.

– Кел, келе ғой, әй, – деді есік жақтан көрші кемпірлердің бірі қолын созып. – Шалдың баласысың ғой, кел.

Қитар ұл енді ешкімге бармады. Тіпті шақырған Ерекеңнің өзіне де жолаған жоқ.

– Келсеңші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан? – деп әлгі кемпір қапсағай сары жігітке қарады.

Сапабек алдына келген баланың қысқа кекіліне қолын тигізіп:

– Ептеп түсінеді, – деді.

– Қой, қазақша үйретіңдер.

– Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ, – деп Сапабек қазақша білмейтініне риза болғандай күлімсіреп, ақ сары келіншегіне қарады. – Тома, мынаның бет-аузы кір, жуындыршы, – деді орысшалап.

Көп ұзамай ауыл қонақтары да жиналып қалды... Сөйлеп отырған Сапабек...

Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына қаратып, өзінің Лондонға, Будапештке, Мароккоға, Италияға барған сапарларын әңгімеледі. Бөтен, жат халықтардың дәстүрін, мәдениетін, адамдарын мақтады. Италиядағы кедейлердің ауыр тұрмысына аяныш білдірді. Шалдарға бұл әңгімені түсіну тым қиын еді. Сондықтан олар жастарға араласпай, өздеріне түсінікті басқа әңгімеге ауысты. Босағада отырған Тома мүлде жалғыз қалды. Қала қыздарына тән епсіздікпен кішкентай қиықша көрпенің үстінде қалай отырарын білмей, біресе қолымен жер тіреп, бір жамбастап, жұрттың сөздеріне толық түсіне қоймай, әркімге бір қарап, үнсіз отырды. Кенет енесінің самауыр көтеріп келе жатқанын көріп, жүгіріп барып:

– Аже, бер, дайте мне, дайте, – деді елпектеп.

Бұрқырап самауыр келді. Қызыл жолақ дастарқан жайылып, майы шылқыған күрең бауырсақтар төгілді. Шайды Тома құйды. Кемпір онша сенікпіремей, қарсы отырып, қосарланып сүт құйып: «былай, былай, иә солай, сүт құй, ақ су, шай» деп бір-біріне байланыспайтын бір сөздерді айтып отыр. Сөйтсе жақсырақ түсінеді деп ойлайтын секілді.

Даладан жүгіріп келген қитар ұл Томаның жанына тізерлеп отыра қалды:

– Мама, мама, ребята идут к озеру...

– Ты что сума сошел! – деді Тома әрі сөйлетпей. Дауысы шаңқ ете қалғандай болды, өйткені осы кезде шалдар оқыс жалт қараған еді. Тома ұялғандай болып, баласының құлағына зәрін төгіп сыбырлады.

– Біздің мынау да геолог боламын деп жүр, – деді Сапабек иегімен ұлын көрсетіп.

– Өке жолын қуайын деген ғой.

– Бос сөз сөйлемендер! – Ерекең жастар жағына зекіп қалды. – Өке жолын қуса, мына менің жолымды қусын! Ие болсын мына қу шаңыраққа!

Жұрттың бәрі тым-тырыс.

– Жастардың бәрі сол, Ереке, – деді Абыл күрсініп. – Менің әлгі кішкентайым, Құдай-ау, немене дейді... бірдеңе боламын дейді. Мені бақпайсың ба десем, хе-хе-хе... бақпаймын дейді. Хе-хе-хе.

– Eh-eh-eh... сол-сол.

Ерекең күлген жоқ.

– Сонда бұлар кім үшін туған? – деді кейіп. – Кімге керек сонда бұлар?

Сапабек осы сөздердің тура өзіне айтылып отырғанын мойындағандай, маңайындағыларға көзін қысып, жымып қойды...

Ерекең еттен соң ұзын, сүйір аршасымен тісін шұқып отырғанда, Сапабек қайдағы бір қар адамы жайында, Америкадағы ұлттардың теңсіздігі жайында, қазіргі жетілген техника жайында қызық бір әңгімелерді соғып отыр еді.

– Әй, доғаршы енді, – деді Ерекең шыдай алмай. – Анау өзіміздің Аспандиярға домбыра берші, ән салсын.

– Ал ән тыңдайық, – деп, қисайып жатқан жұрт бастарын көтеріп алды.

Иегі шығыңқы, ірі, қапсағай жігіт кішкене ескі домбыраның ішектерін арбиған саусақтарымен еріне шертіп, құлағын бұрады. Біраз дыңылдатып отырып, сен үшін айтып отырмын дегендей Сапабекке қарап, жуан қоңыр дауыспен жеңіл бір әнді былқылдатып бастап кетті. Өнді толық айтпай, ортасынан үзіп тастап, домбырасын қайта бұрады.

Ерекең ашық түндіктен жұлдыздарға қарап жатқан. Өлдеқалай көңілі онша көтерілмей, немересінің шақырғанға келмегеніне, келінінің аяқ-қолының жалаңаш отырғанына, Сапабектің таусылып бітпейтін мылжың әңгімесіне қырыстанып отырған.

– Әй, айтатын болсаң, айтсаңшы, – деді ақырып. – Кешегі өкең Дүйсенбі домбыра саусағына тиер-тиместе айғайлайтын. Неден мұнша жаман болып тудыңдар.

Аспандияр бағанадан осы сөзді күтіп отырғандай, домбыраны тырнақырап қағып-қағып жіберіп, тамағын кенеп алды. Кенет

соншалықты зор, биік дауыспен шырқай көтеріп, тынып қалып, домбыраны қайта сөйлетті. Одан соң алғашқы ащы айқайға түк қатысы жоқ жоғарғы ішектен күмпілдеген бір өнге ілесіп кетті...

Аспандияр термені аяқтап, домбырасын қайта тыңқылдатып, аз-кем отырды. Сырттан өн тыңдауға келген қыз-келіншектерге есік жақтан орын болмай, қайсыбіреулері үйге кірмей, даладан сығалап тұр...

Біраздан соң қонақтардың бәрі тарқап, үй іші өздері мен өздері қалды. Өз төсегінде малдасын құрып отырған Ерекең:

– Тағы бір қонып, кетесіңдер ме? Жоқ, боласыңдар ма біраз? – деді баласына тура қарап.

– Ертең жүруіміз керек. Отпускамыз бітті, көке-ау. Онсыз да кешігетін болдық. Курорттан қайтарда сіздерге соға алмай кетеміз бе деп әбден састым өзім. Жол бойында ұшаққа отырудың өзі Құдайдың бір азабы, халық көп...

– Баланы ше? Жеңісті тастап кетпейсіңдер ме? Екеуден-екеу қашанғы отырамыз сойдиып.

– Оны өздерің білесіңдер, мазаларыңды алады демесеңдер...

Ерекең үндеген жоқ. Төсегін салдырып, жатып қалды. Бірақ ұйықтамады.

Ертеңіне тұрысымен Сапабек қайтуға жиналды. Өке-шешесіне алған базарлықтарын, біраз жинаған ақшаларын қалдырды...

Ерекең төмен қарап, үн-түнсіз ұзақ отырды.

– Алып кет өзіңмен бірге, – деді бір кезде дауысы қарлығып. – Оқыт, өзіңдей қаңғыбас етіп шығар.

Сапабек тағы да қынжыла күлді.

– Ой, көке-ай, мені бір баласырап барады деп ойлайсың ба? Орыс мектебінің жоқ екенін айтып отырмын ғой. Әйтпесе...

– Бар, бар, алып кет, – деді Ерекең. – Жолдарың болсын!

Түстен кейін жалдап алған мәшинелерінің кабинасына Жеңіс пен Томаны отырғызып, сыртқа Сапабектің өзі отырып, өке-шешелерімен тура өткен жылғыдай сүйісіп қоштасып, «ренжімеңдер» деп ақыл айтып, ауылдан шығып кетті. Мәшине қарасы үзілген кезде ғана кемпір үн-түнсіз жаулығының шетімен көзінің жасын сұртті...

* * *

Келесі күні Ерекең кетпені¹ алып, «қысқа отын жоқ, бар кезінде қи ойып алайын» деп қыстау жанындағы қораға кетті. Уайымын басу үшін тағы да жігіттік дәуренін, бұрынғының адамдарын еске түсірмек болды... Бірақ құлазыған көңіліне ештеңе алданыш болмады. Тек төбесі шұрқ-

¹ кетпен – егіншілікке қолданылатын құрал

шұрқ, ескі қораның ішіне еніп, қоңырсық иісі мүңкіген қара қошқыл, дымқыл қира өткір жалпақ кетпенін құлаштай сермеп, жұмысқа кірісіп кеткенде ғана көрі сіңірлері жазылып, құрыстары тарқап, көңіліндегі ащы уайымы да бірте-бірте жоғала бастағандай болды.



: 1-тапсырма. Әңгіменің мазмұнын баяндап беріңдер.



: 2-тапсырма. Әңгіменің композициялық құрылымын талдаңдар. Шығармадағы негізгі тартысты анықтап, оның қандай оқиғадан басталғанын айтып беріңдер.



: 3-тапсырма. Оқиғаларды ретімен орналастырыңдар.

№	Мәтіннен үзінді	Дұрыс ретін санмен белгілеңдер
1	Курорттан қайтып бара жатқан сапарларында жолай соқпақ болған балаларын күтіп, Ерғабыл шал түн ортасы ауғанда жатса да, ертеңіне күн шықпай оянды. Алагеуімде үндемей жүріп киініп алды.	
2	Ерекең шай үстінде көп сөйлемейтін. Сол әдетімен үнсіз тұқып, қолдарының білеуленген тамырларын ұстап, ақ селеу сақалын сипап, ойланып отыр. Басжағында сүйеулі тұрған ескі домбыраға шұқшиып қарады, қолына алған жоқ.	
3	Түстен кейін жалдап алған мәшинелерінің кабинасына Жеңіс пен Томаны отырғызып, сыртқа Сапабектің өзі отырып, әкешелерімен тура өткен жылғыдай сүйісіп қоштасып, «ренжімендер» деп ақыл айтып, ауылдан шығып кетті.	
4	Заматта гүріл үй сыртына келді. Бір-екі рет үстемелете арылдап, өшіп қалды. Мәшинеден улап-шулап түсіп жатыр. Бала дауысы, әйел дауысы... Ерекең қапелімде тұра алмай қалды.	

5

Бұдан соң Сапабек дүйім жұртты аузына қаратып, өзінің Лондонға, Будапештке, Мароккоға, Италияға барған сапарларын әңгімеледі.



4-тапсырма. Әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Ерғабыл

Сапабек

Келіні Тома

Аспандияр



5-тапсырма. Сапабек, Тома және оның баласы өзара неге орысша сөйлеседі? Автор оларды орыс тілінде сөйлету арқылы нені көрсеткен? Ой-пікірлеріңмен бөлісіңдер. Өздерің үйде қай тілде сөйлесесіңдер?



6-тапсырма. Әңгімедегі эпизодтарды салыстырып, пікірлеріңді білдіріңдер.

№ 1 эпизод

Ерекең жаңа қаз тұрған балаша төлтіректтей көтеріліп, ат жақты, қапсағай сары жігітті құшағына қысты. Одан соң омырау, жеңдері ашық, шұбар көйлек киген, шашын қидырған топ-толық, ақсары, ажарлы келіншекті шіміркеніңкіреп, маңдайынан сүйген болды.

№2 эпизод

Келесі күні Ерекең кетпенін алып, «қысқа отын жоқ, бар кезінде қи ойып алайын» деп қыстау жанындағы қораға кетті. Уайымын басу үшін тағы да жігіттік дәуренін, бұрынғының адамдарын еске түсірмек болды. Бірақ құлазыған көңіліне ештеңе алданыш болмады.

Менің пікірімше...



: 7-тапсырма. Өке мен бала арасындағы диалогті толықтырып, өз көзқарастарың бойынша дамытып жазыңдар.

Біраздан соң қонақтардың бәрі тарқап, үй іші өздері мен өздері қалды. Өз төсегінде малдасын құрып отырған Ерекең:

– Тағы бір қонып кетесіңдер ме? Жоқ, боласыңдар ма біраз? – деді баласына тура қарап.

– Ертең жүруіміз керек. Отпускамыз бітті, көке-ау. Онсыз да кешігетін болдық. Курорттан қайтарда сіздерге соға алмай кетеміз бе деп әбден састым өзім. Жол бойында ұшаққа отырудың өзі Құдайдың бір азабы, халық көп...

– Баланы ше? Жеңісті тастап кетпейсіңдер ме? Екеуден-екеу қашанғы отырамыз сойдиып.

– Оны өздерің білесіңдер, мазаларыңды алады демесеңдер...

Ерекең үндеген жоқ. Төсегін салдырып, жатып қалды. Бірақ ұйықтамады.



: 8-тапсырма. 1-мәтінді тыңдап, Ерғабылдың ойын баяндап беріңдер.



: 9-тапсырма. 2-мәтінді тыңдап, мәтін мазмұнын ауызша айтып беріңдер.



: 10-тапсырма. 3-мәтінді тыңдаңдар. Сапабек ұлын ауылда қалдыра алмауы туралы қандай сылтау айтты? Қысқаша жазып алыңдар.



: 11-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әңгімеде қандай ұлттық құндылықтар туралы айтылады?
2. Ерғабыл не үшін баласының ауылда болуын қалайды? Ол неге бұрынғы ауыл көрінісін елестетті?
3. Сапабек ауыл адамдарына қандай елдер туралы әңгіме айтып берді? Оның әңгімесіне Ерғабыл неге онша риза болмады?
4. Аспандиярдың домбырамен ән салғанына қонақтардың риза болғанын автор қандай сөздермен берген?
5. Сапабек өзінің ұлын неге ауылға қалдырмады?



: **12-тапсырма.** Өңгіме оқиғасын өз ойларыңмен қорытындылай отырып, «Ауылым – алтын бесігім» деген тақырыпқа шығарма жазыңдар.



: **13-тапсырма.** Берілген үзіндідегі негізгі ойды түсіндіріңдер. Асты сызылған сөздердің мағынасын ашып айтыңдар. Өңгіменің негізгі түйінін анықтаңдар.

– Біздің мынау да геолог боламын деп жүр, – деді Сапабек иегімен ұлын көрсетіп.

– Өке жолын қуайын деген ғой.

– Бос сөз сөйлемендер! – Ерекең жастар жағына зекіп қалды. – Өке жолын қуса, мына менің жолымды қусын! Ие болсын мына қу шаңыраққа! Жұрттың бәрі тым-тырыс.

– Жастардың бәрі сол, Ереке, – деді Абыл күрсініп. – Менің әлгі кішкентайым, Құдай-ау, немене дейді... бірдеңе боламын дейді. Мені бақпайсың ба десем, хе-хе-хе... бақпаймын дейді. Хе-хе-хе.

– Eh-eh-eh... сол-сол.

Ерекең күлген жоқ.

– Сонда бұлар кім үшін туған? – деді кейіп. – Кімге керек сонда бұлар?



: **14-тапсырма.** Өңгімені ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, «Өке мен бала» тақырыбында эссе жазыңдар.

АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ПУШКИН

(1799–1837)

Александр Сергеевич Пушкин 1799 жылы 6 маусымда Мәскеуде дүниеге келген. Орыс ақыны дворян отбасында туып, балалық шағын Мәскеуде өткізген. Ақынның «Свобода», «Чаадаеву», «Деревня» т.б. өлеңдері, «Руслан мен Людмила» поэмасы, өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романы, «Борис Годунов», «Полтава», «Мыс салт атты» және тағы басқа да туындысы арқылы ол әрі ақын, әрі тарихшы ретінде танылды.



А.С. Пушкин Орынбор, Орал қалаларында болған кезінде (1833) қазақтың лиро-эпостық жыры «Қозы-Көрпеш–Баян сұлуды» жаздырып алып, осы тақырыпта шығарма жазуды жоспарлады. Құран сүрелерін өлеңмен жырлады.

Пушкин сан алуан жанрлық түрлерді еркін меңгерді. Өр қилы лирикалық өлең, поэма, өңгіме, повесть, тарихи роман, өлеңмен жазылған роман, ұсақ та, кесек те драмалық шығарма – міне, осылардың қайсысын қолға алса да, ол үлкен көркемдік шеберлік таныты.



1-тапсырма. А.С. Пушкиннің өмірі мен шығармашылығына арналған шағын зерттеу жұмысын жүргізіңдер.



2-тапсырма. «Ескерткіш» өлеңін жатқа оқыңдар. Өлеңді орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырып, көркем аударма ерекшелігі туралы айтып беріңдер.

Ескерткіш

Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес,
Ел ізі оған салған суый білмес,
Асқақтап Александр мұнарасынан
Жоғары оқшау шығып, тұрар дербес.

Жоқ, өлмен, жаным жасар өлеңімде,
Шірімей, жасаңғырар денем мүлде.
Бар болса жалғыз ақын ай астында,
Ардақтап қасиеттер мені әр күнде.

Дабысым ұлы Россияға кетер жалпақ,
Тіл біткен жүрер менің атымды атап,
Славян елдерінің әр ұрпағы,
Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ.

Халқыма сүйікті ұзақ болар жерім –
Туғыздым өлеңіммен мейірлерін,
Жыр етіп тар заманда ер кіндікті,
Мархабат пақырларға тілегемін.

Уа, муза, құлағың сал, сөзіме бақ,
Жабықпа жәбірлеуден, тілеме атақ,
Мақтауды, жаламенен тыңда салқын,
Тіреспе тіл үйіріп, не десе ақымақ.

(Аударған Ғали Орманов)



3-тапсырма. Берілген шығарманың құрылысы мен идеясына әдеби талдау жасап, дәптерлеріңе жазыңдар.



4-тапсырма. Өлеңді аударған Ғали Орманов туралы не білесіңдер? Интернет материалдарын пайдалана отырып, журналистік зерттеу үлгісі негізінде өздеріңнің зерттеулеріңді дайындап, дәптерлеріңе жазыңдар.



5-тапсырма. Өлеңдегі «муза» сөзіне анықтама беріп, осы сөз кездесетін өзге қазақ ақындары жырларынан мысал келтіріп, оны мәнерлеп жатқа оқыңдар.



6-тапсырма. Өлең жолдарын негізге ала отырып, лирикалық кейіпкер ойын өз сөздеріңмен қара өлеңге айналдырып жазыңдар.



7-тапсырма. Өлеңнің эпилогтік сипатын анықтайтын шумағын тауып, сол шумақты құрылысына қарай талдап, дәптерлеріңе жазыңдар.



8-тапсырма. Өлеңдегі көріктеу құралдарын табыңдар.



9-тапсырма. А.С. Пушкин шығармашылығын зерттеген қазақстандық ғалымдар туралы шағын библиографиялық тізім дайындаңдар.



: 10-тапсырма. Шығарма түйінін пайдалана отырып, өздеріңнің туған елдеріңнің дамуына қосатын үлестерің туралы шығарма жазыңдар.



: 11-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген уақыт ішінде тапсырмаларды орындаңдар.

1-мәтін. Уақыт мөлшері: 16 минут.

1. «Қысқы кеш» өлеңінің негізгі идеясын анықтап, дәптерлеріңе жазыңдар.
2. Лирикалық кейіпкерге мінездеме беріңдер.
3. Өлеңдегі теңеу сөздерді теріп жазыңдар.



: 12-тапсырма. 2-мәтін. Уақыт мөлшері: 18 минут.

1. Осы оқиғаның соңын жазыңдар. Не жайында айтылады?
«... Өшпеді, бірақ тілегіміз, Көрсек те заман қаталдығын...»
2. Мәтінді тыңдай отырып, көріктеу құралдарын дәптерлеріңе теріп жазыңдар.
3. Естіген шығарма үзіндісін қарасөзбен жазып шығыңдар.



: 13-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өлеңде орыс халқынан басқа қандай халықтар аталады?
2. А.С. Пушкин өзінің шығармасын көптеген халықтар оқитынын қандай сөздер арқылы береді?



СӨЗ СОҒЫ



: – Оқу жылының соңы да келіп жетті. Өткен жылдың қыркүйек айынан бастап әдебиет әлемінде жаңа шығармалармен таныстық.



: – Дұрыс айтасың, Нұрасыл! Лиро-эпостық жанрда «Қыз Жібек» жырымен және көне ескерткішіміз «Күлтегін» жырымен таныстық.



: – Жыраулар поэзиясына қанып, айтыстың асыл бұлағымен сусындадық.



: – Жамбыл атамыздың шығармасын оқу барысында жиырма-сыншы ғасыр бас кезіндегі сұрапыл тарихи кезең оқиғалары туралы білдік.



: – Алашымыздың арысы Мағжан атамыздың тарихи шығармасымен танысып, елдік пен ұлттық намыстың бәрінен биік тұратынын білдік.



: – Мұхтар атамыздың «Көксерек» шығармасында табиғат пен адам арасындағы тылсым байланыстың берілу ерекшелігінде жазушының шеберлігіне қайран қалмасыңа болмас.



: – Табиғат пен адамзат әлемінің болмысы не деген керемет еді...



: – Қасым атамыздың шығармасы арқылы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жанкешті оқиғалармен таныстық. Нұрасыл, біздің ата-бабаларымыз қаншама қиындықты бастан кешкен.



: – Дұрыс айтасың, Ләйлә! Тарих толқынындағы талай қиыншылықтарға толы жылдар жетегіндегі оқиғалар бізді көркем әдебиеттің әлеміне шақырып қана қоймай, тарихымызды да жете тануға жетеледі.



: – «Тәмпіш қарадағы» Шаншатайдың үлгілі іс-әрекеттері ойландырды. «Нарынқұм зауалы» Махамбет бейнесін жадымызда жаңғыртты. Темірхан атамыздың «Тәуелсізбін» шығармасы туған еліміздің бойындағы қасиеттерін танытты. А.С. Пушкиннің шығармасын оқу барысында *«Жабықпа жәбірлеуден, тілеме атақ, Мақтауды, жаламенен тыңда салқын...»* деген жолдарын өзімнің ойыма сақтап алдым.



: – Мені «Қонақтар» әңгімесі терең ойға қалдырды. Қандай уақыт болса да, біз өзіміздің туған тіліміз – қазақ тілі мен төл мәдениетіміз, салт-дәстүрімізді, әдебиетімізді қадірлеп, өзімізден кейінгі бауыр-қарындастарымызға түсіндіре білуіміз керек.



: – Дұрыс айтасың, Нұрасыл! Ұлттық қазына біздің өміріміздің ажырамас бөлшегі болуы тиіс.



: – Иә, биыл да әдебиет әлемі біздің санамызды сәулелендірді.



: – Жаңа оқу жылында кездескенше, Нұрасыл!



: – Рақмет, Ләйлә! Жазғы демалыс уақытында көркем әдебиеттер көп оқуыңа тілектеспін!



: – Рақмет, Нұрасыл! Жаңа оқу жылында кездескенше, достар!

МАЗМҰНЫ

Сөз басы	4
----------------	---

КӨНЕ КҮНДЕРДЕН ЖЕТКЕН ЖӘДІГЕРЛЕР

«Қыз Жібек» жыры.....	12
Орхон–Енисей ескерткіштері. «Күлтегін» жыры	37
Жиенбет жырау	45
Еңсегей бойлы Ер Есім.....	46
Қазтуған жырау	51
Қазтуғанның қонысымен қоштасуы.....	52

ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ

Шортанбай Қанайұлы.....	59
Зар заман	60
Сүйінбай Аронұлы.....	65
Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы	66
Жамбыл Жабаев.....	74
Зілді бұйрық.....	75

БАЛАЛАР МЕН ҮЛКЕНДЕР

Мағжан Жұмабаев	82
Батыр Баян.....	84
Мұхтар Әуезов	98
Көксерек	100
Қасым Қайсенов	110
Жау тылындағы бала.....	111
Сансызбай Сарғасқаев	128
Темпіш қара	128

ҮРПАҚ ТӨРБИЕСІ

Мұхтар Шаханов.....	140
Нарынқұм зауалы.....	142
Темірхан Медетбек	151
Тәуелсізбін.....	152
Төлен Әбдік	158
Қонақтар	159
Александр Сергеевич Пушкин	167
Ескерткіш.....	168
Сөз соңы.....	171

Оқу басылымы

Ақтанова Айман Советқызы
Жундибаева Арай Қанапияқызы

ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
7-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Р. Райбаева*
Суретшісі *В. Ералиева*
Көркемдеуші редакторы *Д. Сабитаева*
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*
Корректоры *Е. Амангелді*
Компьютерде беттеген *Э. Омарова*

ИБ № 060

Теруге 10.01.2017 берілді. Басуға 07.06.2017 қол қойылды. Пішімі 70×90 ¹/₁₆. Офсеттік қағаз.
Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 12,87. Есептік баспа табағы 11,44.
Таралымы 75 000 дана. Тапсырыс № 2506.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің
Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41-үй.